Халықаралық тәжірибеде «дәстүрлі ислам» түсінігіне академиялық талдау жасау, оның негізгі бағытын айқындауға бағытталған зерттеулер көп. Бұл ретте, Қазақстан контекстінде «дәстүрлі ислам» түсінігінің мәнін ашуға, өзге елдердегі түсініктермен компаративистикалық талдау жасау арқылы негізгі мәнін ашу мақаланың мақсаты болды. Сонымен қатар, мемлекет пен конфессия арасындағы сенім білдіру позициясы шеңберінде елдегі ислам дінінің жалғыз өкілдігі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының дін саласындағы мемлекеттік саясатты

халық мүддесі үшін жүзеге асыруы, халық сұранысын өтеу, халыққа қажетті рухани қолдау білдіру, қазақ ұлтының бірегейлігін нығайтудағы негізгі функционалдық қызметтерін талдау, зерделеу мақаланың негізгі міндеттері ретінде белгіленді.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу барысында халықаралық тәжірибеге, статистикалық көрсеткіштерге талдау жасау, «бірегейлік», «дәстүрлі ислам» категорияларына қатысты зерттеулерді саралау әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысын негіздеу үшін түрлі дереккөздер пайдаланылды, соның ішінде дін істері комитетінің және діни басқармалардың ресми сайттары мен отандық және шетелдік мақалалар. Сонымен қатар, 2020 жылы Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Татарстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Қырғызстан Республикасының Діни басқармаларының әлемде орын алған Covid-19 пандемиясы жағдайда жүргізген ақпараттық-түсіндірме жұмыстары, діни қызметтерін ұйымдастыруға мониторинг, контент талдау тәрізді зерттеулерінің нәтижелері сараланды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) 2024 жылғы есептеріне, діни саладағы 5 бағыты бойынша («дін мен дәстүр, ізгі қоғам, ихсан және насихат, діни оқу-ағарту және жат діни ағымдардан сақтандыру») жүргізген жұмыстарына салыстырмалы талдау жасалып, сандық, сапалық әдістер қолданылды.

Қазақстандағы дәстүрлі ислам және ұлттық бірегейлік

ҚР Ұлттық статистика бюросының 2021 жылы жүргізген халық санағының халық арасында әлеуметтік, діни, мәдени бірегейлік пен факторларды анықтауда маңызы орасан зор болды. Себебі, халықтың өзін белгілі бір дінмен немесе мәдениетпен сәйкестендіруімен қатар, өзін ешқандай дінмен немесе діни сеніммен байланыстырмайтындығын көрсететін арнайы нұсқа қосылған болатын. Осылайша, халықтың 69,3% пайызы ислам, 17,2%, – христиан дінін, буддизм мен иудаизмді – 0,1% ұстанады, ал 11% қай дінге тиесілі екенін көрсетуден бас тартқан. Сонымен қатар, санақ раундының сауалнамаларына ұлтты «көрсетпеу» жауап нұсқасы қосылған. Мұнда, 24,8 мың адам өз ұлтын көрсетуден бас тартқан, ал «басқа ұлт» жауабын тандағандар 47,5 мың адамды құраған, 2009 жылы мұндай адамдардың

8-і болған (ҚР Ұлттық бюросы, 2021). Яғни, бұл көрсеткіштерден байқайтынымыз, жалпы пайыздық мөлшерлемен саны аз болса да өздерін ешқандай дінмен, ұлтпен сәйкестендірмейтін азаматтар бар және бұл көрсеткіштер алдағы уақытта біршама өсу ықтимал.

Бұл ретте, азаматтардың бірегейлік сезімінің төмендеу себебі немесе мүлдем бас тарту мәселесін қарастырған жөн. Әйгілі неміс психоаналитигі Э.Эриксон, азаматтарда бірегейлік сезімінің жоғалуына бірнеше фактор әсер ететіндігін зерттеп шыққан. Ең алдымен, бірегейлік түсінігін қарастыратын болсақ, Э. Эриксонның пікірінше, – бұл адамның өзіне және қоршаған әлемге қатынасындағы өзін-өзі анықтауы, өзінің кім екендігін белгілеуі, яғни, тұлғаның тұтастығы, оған өзіндік сәйкестілік және топқа жату (топқа қатыстылық) кіреді. Сонымен қатар, зерттеуші азаматтарда бірегейлікті қалыптастыру процесін адамның бірнеше психоәлеуметтік дағдарыстарды (сәйкестендіру дағдарыстарын) бастан кешіруі арқылы қарастырады, бұл жерде адам белгілі бір жағдайларды шешу қажеттілігіне тап болады, олар өмірінің сәтті немесе сәтсіз болуына әсер етеді (Эриксон, 2006, р. 25). Сондай-ақ, бірегейліктің қалыптасуына адам дамуының әр кезеңінде әртүрлі факторлар әсер етеді, соның ішінде отбасындағы қатынастар мен «балалық шақтағы әлеуметтік үрдістер», аймақтың мәдениеті және әлеуметтік-мәдени нормаларының ерекшеліктері, тарихи өзгерістер мен заманауи қоғамның динамикасы да кездеседі (Эриксон, 2006, р. 70). Бұл зерттеулерден байқайтынымыз, адамдарда бірегейлік сезімі тек қана ішкі психологиялық күйге байланысты туындап немесе жоғалмайды. Сондықтан, бұл жағдайды тарихи-мәдени, әлеуметтік және саяси факторлардың әсерінде болатын үрдіс ретінде қарастыруға толық негіз бар.

Зерттеуші В.С. Ерохиннің пікірінше, «ұлттық бірегейлік» адам мен ұлттық қауымдастық арасындағы тұрақты қарым-қатынасқа қол жеткізудің нәтижесі, тұлғаның өмір сүру идеалдарына, нормалары мен принциптеріне жататынын түсінуге мүмкіндік беретін белгілердің жиынтығы (Ерохин, 2024, р. 275). Мемлекет институтының қолдауымен «біз» ұжымының бейнесі қалыптасады. Ұлттық бірегейліктің саяси жағы ұлттың ұжымдық «біз» ретіндегі қасиеттерін объективті етеді. Ұлттық бірегейліктің екі жақты сипаты мемлекеттік институттардың қызметі мен адамның азамат ретіндегі еркін, белсенді болмысының жиынтығын қамтиды (Ерохин, 2024, р. 276).

Осылайша, адам өзін үлкен қауымдастықтың бөлшегі ретінде санауы, сол әлеуметтік ортаға тән қасиеттерді өзінің бойына қабылдайды. Бұл жерде, ұлттық бірегейлікті мемлекеттік саясаттың өнімі ретінде қарастыруға болады, сондықтан, оны стратегиялық тұрғыдан қарастырған жөн.

Қазақстан Республикасы көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет бола тұра, тағы бір ерекшелігі 124 этносты құрайтын халық ішінде 70,4% қазақ ұлты, 15,5% орыс ұлты бар. Қазақтар мұсылман ретінде ханафи бағытындағы ислам дінін ұстанса, орыс халқы үшін христиан дінінің православие бағыты дәстүрлі болып табылады. Әлбетте, қазақ ұлтының барлығы дерлік ислам дінін ұстанады деуге болмайды. Осылайша, Қазақстандағы көпконфессиялық жағдай елде белгілі бір дін үстемдік ететін мелмекетке жатқызуға келмейді. Тарихтан белгілі болғандай, Қазақстан аумағында әр түрлі тарихи кезеңдерде әр түрлі діни сенімдер болған, оның ішінде ежелгі түрік-моңғол культтері, зороастризм, манихейлік дін, буддизм, христиан діні мен ислам. Сондықтан, елде қалыптасқан діни-мәдени әралуандылық тамыры Еуразияның терең тарихына бойлайды (Сұлтанғалиева, 1998, р. 61). Осындай тарихи кезеңдерден өткен қазақ елінің дәстүрлі дін ретінде ислам дінін таңдауына қатысты тарихи деректер жетерлік және біздің мақсатымыз қазіргі кезеңде, әсіресе жаһандану жағдайында қазақ халқының бірегейлігін айқындаудағы ислам дінінің маңызын және нақты функционалдык ерекшеліктеріне тоқталу.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жағдай қазақ ұлтының өзінің тарихи мекенінде негізгі рухани тірегін, мемлекеттілігін айқындайтын діни сенімін таңдауға үлкен серпін берді. Осылайша, қазақ ұлты «мемлекеттүзуші ұлт» принципінде тұрақталды. Халықаралық тәжірибеде қалыптасқандай, көпұлтты, көпконфессиялы ерекшелік мемлекет ішінде алауыздық пен түсінбеушілік туғызбады, керісінше өз бірегейлігін сақтай отырып, этностардың ортақ мүдде аясында бірігуіне оң ықпал етті. Бұл жағдайға мемлекет билігі тарапынан белгіленген дін саласындағы саясат та өз әсерін тигізгені анық.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін посткеңестік кеңістіктегі елдердің барлығы ұлттық бірегейлігін нығайту және аймақтағы қалыптасқан діни дәстүрге «жат» ағымдармен күресуге тетік болатын «дәстүрлі», «легитимді» дінді бекітуге тырысты. Бұл бетбұрыс ұлттық бірегейлік пен

мәдени жадтағы елеулі өзгерістердің катализаторы болды. Бұл процесс осы аймақтардағы ұлтшылдық нарративтерді қабылдаудың кең тенденциясын көрсетеді. Постсоциалистік өзгерістің мәдени аспектілері маңызды географиялық өлшемге ие, мұнда кеңістіктік өкілдіктер биліктің жаңа динамикасын бекітудің негізгі факторына айналады. Бұл ұлттың мінезін қалыптастырып қана қоймай, ірі саяси өзгерістер жағдайында бұл нарративтер құру ерекше маңызды болады (Жиенбаев, 2024, р. 95).

Елдің тәуелсіз алғаннан кейінгі діни ахуалы барлық посткеңестік елдер үшін едәуір қиын болды. Себебі, ұлттық бірегейлікті нығайту, мәдени және діни дәстүрлерді қайта жандандыру барысында рухани кеңістікті жат идеологиямен, елдің мәдениетіне сәйкес келмейтін діни сеніммен толтыру үрдісі жүре бастады. Ислам мысалында қарастыратын болсақ, бұл бірінші кезекте, ислам дінінің негізгі догматтарын игеру мақсатында дәстүрлі исламға қайшы келетін ағымдардың жетегінде кету қаупі өсті. Бұл жағдай бірінші кезекте, шетелдік діни өкілдерден білім алу және сол жат ағымдар өкілдерінің ел аумағына келіп миссионерлікпен айналысу жағдайды біршама ушықтырды. Мәселен, посткеңестік Әзірбайжан елінде де дәл осындай мәселе туындады. Әзірбайжан бұл ретте берік зайырлы принцип негізінде құрылды, мұнда ислам ұлттық бірегейліктің мәдени құрамдас бөлігі ғана болды. Кеңестік дінге және ұлтқа қарсы саясат бұл стереотипті нығайтқан болатын, дінді (әсіресе исламды) артта қалған деп бекітті, заманауи жолға тосқауыл болды және исламның адамдардың өмірінде ең алдымен ұлттық мәдениет пен дәстүрдің бір түрі ретінде болуын қамтамасыз етті. Кейбір сарапшылардың пікірінше, дәстүрлі емес қозғалыстар тек мемлекеттік қауіпсіздікке ғана емес, сонымен бірге зайырлы әзірбайжандық ұлттық бірегейлікке де қауіп төндіреді (Bedford, 2021, р. 691).

Осылайша, зерттеуші Омеличева М.И. кеңестік кезеңде көптеген Орталық Азия мұсылмандары мен мұсылман еместер исламды бір жағынан «дәстүрлі» және «ресми», екінші жағынан «параллель» және «жасырын» деген қарапайым дихотомиялар тұрғысынан қарастыра бастағандығын көрсетті. «Дәстүрлі» және «радикалды» исламның қазіргі дискурстары осы терең тамырлы дуализм мен «халықтық» және «параллель» исламдағы объективті нанымдармен қоректенеді, енді ғана «мәдени»/«халық» және «парал-

лель»/«құпия» арасындағы қарама-қайшылық» деген сөздің орнын жергілікті тарихтан бастау алатын «дәстүрлі» «ислам» мен Орталық Азия халықтарына жат «радикал» ислам арасындағы қарсылық орын ала бастады.

Сипатталған исламның дискурсивті бейнелері қазіргі заманғы мемлекеттер мен дін арасындағы қарым-қатынастың табиғаты туралы бар түсініктерден де хабардар болды. Зайырлылық ежелден қазіргі саясаттың және халықаралық қатынастар туралы заманауи ойлаудың маңызды ұйымдастырушы принциптерінің бірі болды. «Лаицизм» деп аталатын траектория зайырлылықты модернизацияның императиві ретінде қарастырады, ал дін демократияның қарсыласы және заманауи мемлекеттердің құрылуына кедергі ретінде қабылданады (Omeličeva, 2016, р. 16). Бұл концепциядағы ислам демократия мен модернизация жолындағы қорқынышты, бірақ жеңуге болатын кедергі ретінде қарастырылады (Hurd, 2012, р. 47). Осылай тұжырымдалған Ислам зайырлылыққа қарсы және оны қабылдауды қажет етті. Исламның кейбір көріністерінің демократиямен үйлесімділігін дәлелдеу үшін лаицизмдік ойлау исламның «қалыпты» және «заманауи» сорттарын құруды ынталандырды, ал кейбір Батыс мемлекеттерінде діни бірегейлікті мәдени атрибут мәртебесіне ауыстырудың кең таралған тәжірибесі күшейтілді (Omeličeva, 2016, р. 16).

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы дін саласындағы саясатын айқындаған сәттен бастап халықтың, ұлттың өзінің бірегейлігін айқындауда басым діндерге басты назар аударып, елде белең алған жат ағымдар мен өзге идеологияға қарсы нарративтерді белгілей бастады. 2011 ж. 11 қазанда қабылданған ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының преамбуласында ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитынын негізге алатындығы көрсетілген. Бұл, ғасырлар бойы қалыптасқан ислам дінінің халық арасындағы рөлін, маңызын айқындау болып табылады. Сонымен қатар, дін саласындағы саясаттың негізгі бағыттарының бірі – ұлтаралық және конфессияаралық татулықты сақтау және осы күнге дейін Қазақстанның беделді халықаралық ұйымдарда (БҰҰ, ИЫҰ, ОҚЫҰ және т.б.) мүшелік жасап, төрағалық ету арқылы жаһандық сын-тегеуріндерге төтеп беру.

Қазақстан контекстіндегі дәстүрлі ислам дискурсы

Посткеңестік елдердегі радикалды топтармен күрес шеңберінде басым елдер контрнарратив ретінде «дүстүрлі ислам», «жергілікті ислам», «орта жолды ислам» концепциясын ұсынғандығы белгілі. Бұл ретте, «дәстүрлі ислам» түсінігінің де ауқымы кеңістікке, сол аймақтың мәдени-діни ерекшеліктеріне сай әр түрлі деңгейде қабылданып, жүзеге асырылды. Батыс ғалымдарының көпшілігі «дәстүрлі исламды» фундаментализм мен модернизм арасындағы дихотомия арқылы тұжырымдайды. Исламтану әдебиетінде дәстүрлі ислам XII ғасырда ислам ғұламалары жасаған құрылым ретінде анықталады (Fauzi, 2012, p. 131).

Зерттеуші Mathiesen «дәстүрлі ислам» феноменін тұтастай алғанда оның дискурстары арқылы түсіну керек деп санайды, олар тәжірибелер мен институттардың басқа нұсқаларына карама-қайшы белгілі бір тәжірибелер мен институттардың ортодоксалдылығын орнатуға тырысады (Mathiesen, 2013, p. 214). Nasr «дәстүрлі исламды» жақсы түсіну үшін оның исламның әртүрлі аспектілерімен байланысын талдау маңызды деп санайды. Оның айтуынша, дәстүрлі ислам Құранды Алланың Сөзі деп қабылдайды, сүнниттік исламның алты сахих көздеріндегі және шиизмнің төрт кітабындағы ортодоксалды хадистер жинағын мойындап, шарифатты илаһи заң ретінде қорғайды. Сонымен қатар сопылық пен тарикат та «дәстүрлі ислам» бөлігі болып саналады (Nasr, 1994, p. 14). Кей зерттеушілер дәстүрлі ислам әдетте ислам құндылықтарын жергілікті дәстүрлермен біріктірмейді деп есептейді. Дегенмен, дәстүрлі исламды соңғы кездері кейбір мемлекеттерде, бірінші кезекте Орталық Азияда ислам мен жергілікті дәстүрлердің, мінез-құлық нормаларының және тіпті исламға дейінгі кезеңдердің жиынтығы ретінде қарастыру қалыптасқан.

Қазақстан шеңберінде айтар болсақ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Ғұламалар кеңесінің мүшесі, PhD Құрманбаев Қ. өзінің сұхбатында «ислам ғасырлардан бері жергілікті халықтың салт-санасымен, өмір салтымен, ойлау жүйесімен біте қайнасып келген исламның моделін дәстүрлі ислам деп қабылдап жүрміз, яғни, бұл біздің құқықтық жақтан ханафлік, сенімділік тұрғысынан матуридилік және моральдық-этикалық тұрғысынан кейбір дәстүрлі сопылық бағыттармен біте қайнасқан исламның практикалық көрінісі, неге дәстүрлі десек, ол

ғасырлардан бері дәстүрлі түрде жалғасып, өзіндік осы қоғамға, заманға, ортаға, тіпті климатқа сай қалыптасқан ислам», – деп түсіндіреді (Құрманбаев, 2024). Яғни, сарапшының пікірінше, дәстүрлі ислам деп ең алғашқы кезеңде пайда болған исламды қалай да бұрмалап, өзгертіп қолдану емес, сол заманнан бері келе жатқан классикалық исламды сол күйінде ұстану. Әлбетте, ханафи мазһабының да қазақ қоғамында берік орнауының бірден себебі қазіргі таңда исламның тек ғылыми концептілері, аппараттық категориялары жүйеленіп, ислам ғалымдарының еңбектерінде ғылыми негізделді. Сондықтан, «дәстүрлі ислам» түсінігі алғашқы кезеңдегі исламнан бөлек немесе белгілі бір трансформацияға ұшыраған деп қарастыру келмейді. Бұл жерде жоғарыда бірқатар зерттеушілер атап өткендей, ислам тек сол тараған елді мекеннің дәстүрлерімен өзара байланысып, синтезделгендігін қарастыруымызға болады. Қазақ елінің мысалында да көптеген тарихшылар, зерттеушілер, этнографтар, дін ғалымдары жергілікті мәдени дәстүрлердің исламның шеңберінде болып, қазіргі таңда синтезделіп кеткендігін көрсетеді.

1990 ж. бастап радикалды, жат идеология салдарымен біздің ел де күресіп, мемлекеттік деңгейде осы мәселелерді шешуге арналған құқықтық, әдістемелік және ұйымдастыру негізінде кешенді іс-шаралар жүзеге асырылды, ең маңыздыларын атап өтер болсақ, олар:

- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы халықаралық құқық пен ел Конституциясында көзделген әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын іске асыруға бағытталған, ол дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың және ұлттық мүддені қорғаудың құқықтық негізі болып табылады. Қолданыстағы заңнама аясында діни бірлестіктердің қызметі реттелген, миссионерлік қызметті жүзеге асыру, діни іс-шараларды, дінтану сараптамаларын жүргізу, ғибадат үйлерін салу, діни әдебиетті тарату тәртібі айқындалған;

- ведомствоаралық өзара іс-қимыл, дін саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың күш-жігері мен ресурстарын қолдану;

- Қазақстан Республикасының ұлттық мүддесіне төнген қатер көріністерінің сипаты мен деңгейін ескеру;

- Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде Қазақстанда мемлекеттік шешімдер қандай да бір діннің немесе оның жекелеген ұстанушыларының мүддесіне

орай емес, тұтас қоғамның мүддесі негізінде қабылдануы қажет (ҚР 2020, № 953 қаулы).

Осы ретте, посткеңестік елдерде радикалды топтарға қарсы контрнарратив ретінде ұсынылған «дәстүрлі ислам» түсінігін Қазақстан контекстінде қарастыра аламыз ба деген сауал туындайды.

Елімізде 2832 діни бірлестікті құрайтын Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының тек қана радикалды топтармен күресу, халықтың діни сауатын арттыру және діни рәсімдерді қамтамасыз етумен қатар, муфтияттың ел аумағында жалғыз ресми тіркелген Республикалық діни бірлестік ретінде қазақ ұлтының бірегейлігін сақтаудағы функциялық қызметтеріне тоқталған жөн деп есептейміз. Ел аумағында ислам конфессиясының жалғыз өкілдігі ретінде тек Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының болуы дәстүрлі ислам түсінігінің қалыпты жағдай ретінде қабылдануы заңдылық.

ҚМДБ рухани және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі

Елдегі діни ахуалға сәйкес, 90 жылдардың басында көптеп таралып, кейін ел аумағындағы жастардың санасын улап, Сирияға діни жиһадқа кеткен радикалды топтарға қосылған қазақстандықтармен жұмыс жүргізу үшін мемлекет тарапынан ауқымды іс-шаралар кешені ұйымдастырылды. Бірінші кезекте, бұл ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың бастауымен 2018 жылы «Жусан» операциясының іске асырылуы. Бірнеше кезеңдерден тұрған бұл операцияның нәтижесінде елге 749 ересек, 522 балалар қайтарылды (РҚБ ресми сайты). Бұл елімізде гуманитарлық тұрғыдан сәтті негізде жүзеге асырылған іс-шаралардың бірегейі деуге негіз бар. Әлбетте, қайтып келген азаматтардың діни көзқарастары, оларды қоғамға қайта бейімдеу бойынша жұмыстар оларды алып келгеннен қарағанда бірнеше есе күш жұмсауды қажет етті. Бұл жерде не үшін қазақстандықтар оңай радикалды топтардың әсеріне түсті, ең маңызды фактор ретінде қандай жағдайды анықтауға болады деген сауалдар мемлекет өкілдерін де, ресми ислам дінінің өкілдерін де мазалағаны анық. Әлбетте, бұл азаматтардың діни сауаттылығының төмен болуы, радикалды идеологияға берілгендердің басым бөлігі орыс тілді азаматтар болғандығы көптеген әлеуметтік зерттеулерден белгілі. Сонымен қатар, олардың мұндай жағдайға тап болуының тағы бір себебі – олардың ұлттық, әлеуметтік, діни бірегейлігін жоғалтып алуында немесе жат-

сынуында. Бұл туралы, зерттеуші фил.ғ.докторы Ю.Шаповал өзінің мақаласында зерттеуші О.Руаның тұжырымдарын келтіреді. Оған сәйкес, О.Руа джихадизмге сипаттама бере отырып, бұл идеологияны жасаушылардың жиһад, куфр және басқа да ұғымдарды жаңаша түсіндіру түріндегі ислам іліміне енгізген жаңалықтары, түптеп келгенде, идеологтардың мақсаты емес екенін атап өтті. Олар адамдарды кәпірлермен соғысуға тарту үшін ғана емес, олардың отбасылық, рулық, ұлттық, этникалық байланыстары үзілетін жаңа типтегі мұсылмандарды қалыптастыру болған (Шаповал, 2024, р. 11).

«Жусан» операциясына қатысты Е.Карин өзінің зерттеуінде елге қайтып оралған репатрианттардың қандай да бір бірегейлік сезімінен ажырағанын көрсетеді. Себебі, ДАИШ негізгі мақсаттарының бірі – түпкі ұлттық, қалыптасқан қоғамдық бірегейлігінен айырып, ДАИШ-қа таңылған жаңа бірегейлікті қалыптастыру болған (Шаповал, 2024, р. 11).

Көріп отырғанымыздай, адамның қоғамдық өмірде белгілі бір бірегейлік, өзін белгілі бір ортамен, ұлтымен, дінімен сәйкестендіруі аса маңызды. Қазақстанда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы діни салада ғана емес, қоғамдық, әлеуметтік негізде бірқатар маңызды әрі ауқымды бастамаларды көтеріп, жүзеге асырып келе жатыр.

ҚМДБ қызмет ету аясы кең, діни салада 5 бағыт «дін мен дәстүр, ізгі қоғам, ихсан және насихат, діни оқу-ағарту және жат діни ағымдардан сақтандыру» аясында қызмет етуде. Қазақстандық сенушілер ислам діні туралы барынша жедел түрде қажетті ақпараттарын алуда, діни білім алу үшін міндетті түрде шет елдерге барудың қажеттілігі төмендеді. Елімізде де діни мамандарды даярлап, дінге қызығушылығы бар азаматтарға да діни сауаттылығын арттыру бойынша қолдау көрсетілуде. Мәселен, 2024 жылдық есеп бойынша ҚМДБ Шариғат және пәтуа бөлімінің мамандары елімізде жалпы 201 073 сұраққа жауап берген. Ғұламалар кеңесінде қабылданған пәтуаларды түсіндіру мақсатында, имамдарға арналған 322 семинар, сондай-ақ мешіт жамағатына бағытталған 3387 пәтуа сағаты ұйымдастырылған. Ғұламалар кеңесіне ұсынылған пәтуалар саны 18-ді құрайды. Бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде телеарналарда 67 сұхбат берген. Сонымен қатар, бекітілген медиа жоспар аясында сұрақ-жауап форматында 980 бейнеролик түсірілген (ҚМДБ ресми сайты).

Радикалды, жат идеологияның алдын алуда ҚМДБ тарапынан атқарылатын тағы бір қызмет түрі – діни сараптама жүргізу. Елде мемлекеттік деңгейде дінтану сараптамасы жүргізілетіні белгілі. Сондықтан, зайырлы және діни тұрғыдан дінтану және діни сараптама жүргізу жат идеология легіне екі тараптан да төтеп беруге мүмкіндік береді. Себебі, елде радикалды, жат ағымдардың таралуына діни мазмұндағы әдебиеттер мен баспа материалдар, ал жастар арасында электронды ғаламтор желілер, әлеуметтік желілер арқылы таралатын жат идеология үлкен әсер еткен болатын. Сондықтан, дінтану сараптамасына елде мемлекеттік деңгейде аса үлкен мән беріледі.

Осылайша, 2024 жылы ҚМДБ тарапынан 243 кітап діни сараптамадан өткен. Атап айтқанда, 211 кітап оң қорытынды алса, 12 кітапқа теріс қорытынды берілді, 73 кітап түзетілуге қайтарылып, 20 туынды діни емес кітап болып танылды. Мысыр, Түркия, Иран, Моңғолия, Өзбекстан, Ресей, Сауд Арабиясы сынды мемлекеттерден әкелінген 1037 кітап бойынша 19 өтініш қабылданып, комиссия сараптауынан өтті. Қазақстан аумағында мүфтиятқа қарасты мешіт жанындағы 109 діни дүкендерге сараптама жасалып, 2000-ға жуық діни әдебиет тексерілді (ҚМДБ ресми сайты).

ҚМДБ-ның халықтың рухани қажеттіліктерін қанағаттандырудағы түсіндірме жұмыстарын жүргізу әлеуеті

2020 ж. бүкіл әлемді Covid-19 індеті жайлағаны белгілі. Әлем халқы мұндай жаппай пандемияның салдарын барынша сезінді, рухани тірек іздеді. Бұл жағдай біздің елде де орын алды, осы ретте Діни басқарма тарапынан рухани ынталандыру, үміт берумен қатар елге дәрі дәрмектермен, азық түлікпен қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыстар атқарылған болатын.

Осы кезең бойынша сол жылдардағы ҚМДБ тарапынан жүргізілген ақпараттық түсіндірме жұмыстарына мониторинг жүргізілген болатын. Діни басқармалардың ресми әлеуметтік парақшаларына, сайттарына мониторинг, жарияланған материалдарға контент талдау жүргізілді. Халықтың рухани сұранысын, қолдау алуға қажеттілігін өтеуде Діни басқармалардың қаншалықты өтегендігін анықтау мониторинг және контент талдау жұмысының негізгі мақсаты болды. Мониторинг жұмыстары Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Татарстан елдерінің Діни басқармаларына жүргізілді.

Әлемде індеттің таралуына байланысты барлық діни бірлестіктер де оқшаулану жағдайында өз қызметтерін ұйымдастыруға мәжбүр болды. Қатаң карантиндік режимді сақтау мерзімі ислам әлемінде маңызды діни мейрамдары Рамазан айы, Ораза айтқа түспа түс келуі ислам бірлестіктері тарапынан жаңа қадамдарға барып, қызметін тиімді ұйымдастыруды қажет етті.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы карантиндік режимде мешіттердегі барлық жамағатпен оқылатын намаздарды тоқтатуға мәжбүр болды. Дегенмен, Рамазан айында қайырымдылық қорлары, діни қызметшілердің қайырымдылық акцияларын жүргізу істері белсенді негізде қолға алынды.

Бірінші кезекте, барлық аймақтарда онлайн режимде имам-ұстаздардың дәрістерін өткізу, Құран хатым жасау дұғасынан тікелей көрсетілім, Ораза айт мейрамынан тікелей эфир ұйымдастырылды. Діни басқарманың ресми сайтында және әлеуметтік парақшаларында (ҚМДБ “instagram” аккаунты) «Ислам тарихы», «Фикһ дәрістер», «Хадистер», «Ислам әдебі», «Отбасы ғылымхалы» тақырыптары бойынша дәріс және сұрақ-жауап форматтарында онлайн көрсетілімдер шығарылды.

Онлайн дәрістер күн сайын өткізілсе, аптасына үш рет тікелей эфирде ҚМДБ имамдары, ұстаздары және белгілі ғалымдарының сұхбаттары ұйымдастырылды.

Пандемия зардабынан құтылу, ауырғандарға саулық тілеу мақсатында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ислам әлемінің ғұламаларын, дін қайраткерлерін, дін саласындағы оқытушы-ұстаздар мен Құран қариларын, сондай-ақ барлық мұсылман қауымын 2025 жылдың 3 сәуір күні жұма намазында, бір мезетте ортақ тілекпен алақан жайып, адамзаттың амандығы мен бейбітшілігі үшін дұға жасауға шақырды. Бұл бастама «Біз – біргеміз, тілегіміз – ортақ» деген ұранмен жүзеге асырылады. Дұға ету арқылы бүкіл әлемдегі адамзаттың денсаулығы мен тыныштығын тілеп, әлемдік ынтымақтастықты нығайту мақсатында мұсылмандардың ортақ қолдауын күшейту.

Рамазан айынан бастап қазақ және орыс тілді сенушілерге арнайы тікелей эфирде жалпы көлемде 140-тан астам онлайн-дәрістер мен түрлі медиялық бағдарламалар өткізілген. Әлеуметтік желілерде 370 тікелей эфир көрсетілімдері, дәрістер, сұрақ-жауаптар және ақпараттық материалдар жарияланды (ҚМДБ ресми сайты).

Пандемия алдын алу бойынша енгізілген төтенше жағдайда Өзбекстан мұсылмандары діни басқармасы (ӨМДБ) да үкімет тарапынан қабылданған шешімдерге қолдау білдіріп, індеттің алдын алу бойынша барлық сақтық шаралары жүзеге асырылды.

Өзбекстан мешіттерінің барлығында Рамазан айында Құран оқылу және тарауық намазын онлайн көрсетілім арқылы беру тәжірибесі енгізілді. Әлеуметтік желілерде тиісті бейнематериалдар мен ақпараттар жарияланды. Пітірсадақа беру үшін сенушілерге мобильді қосымшалар шығарылды. Сонымен қатар, Рамазан айының бірінші күнін белгілеу бойынша Қазақстан, Қырғызстан діни басқармаларымен ғылыми мәліметтерге сәйкес бірлескен ортақ шешім шығарылды.

Онлайн режимде Өзбекстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан 100-ден астам бейне-дәрістер мен онлайн сұхбаттар өткізілген (ӨМДБ “facebook” akkaунты).

Дәрістер мен сұхбаттардың басым бөлігі Рамазан айында жасалатын дұғалар мен қосымша діни рәсімдерге арналған, ал сұхбаттар белгілі имам, ғалымдардың қатысуымен өзекті ислами мәселелер мен пәтуалар бойынша сұрақ-жауап форматында өткізілген.

Бұл мәліметтер Басқарманың фейсбук желісінде кеңінен жарияланған, ал ресми сайты Басқарманың қызметі мен діни мәселелерге қатысты ақпараттар емес, әлемдік жаңалықтар легіне толы.

Қырғызстан Республикасының мұсылмандары діни басқармасында Бас Муфтий Максатбек кажы Токтамушев барлық сенушілерді үкіметтің қабылдаған шараларын қатаң сақтауға шақырып, арнайы бейнежазба үндеуін жолдаған. Муфтияттың барлық қызметі қашықтықтан жұмыс жасау режиміне өтіп, әлеуметтік желілер арқылы онлайн-дәрістер мен құтбалар жүргізілді.

Қырғызстан діни басқарма өкілдері тарапынан көп жағдайда қайырымдылық акцияларын өткізу, Ораза кезінде мұқтаж отбасыларға қайырымдылық көмек көрсету тәрізді қызметке аса мән берілген. Мұны әлеуметтік желілерде жарияланған ақпараттар мазмұнынан толығымен байқауға болады. Керісінше Ораза айт кезеңінде ақпараттар күтілгендей толыққанды еместігі анықталды. Дегенмен, Діни басқарманың әлеуметтік желілерде де, YouTube каналда да оқырмандар саны мен белсенділігі жоғарғы көрсеткіште (Қырғызстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты).

Ресей Федерациясының мұсылмандар діни басқармасы Мәскеу орталық мешітінен жұма уағызы мен намаз өткізуден сенушілерге 6 маусымға дейін, яғни мешіттер ашылғанға дейін тікелей эфир көрсетілімі, тоқтаусыз онлайн Құран оқу шарасы ұйымдастырылды. Жалпы пандемия кезеңі бойында Діни басқарма тарапынан төмендегідей іс-шаралар кешені ұйымдастырылып, атқарылып келеді:

- Ғаламтор және телефон желісі арқылы түскен сауалдарға жауап беру мақсатында call-орталықтар қызметін жандандыру және онлайн-уағыздар жүргізу;

- Аймақтардағы өкілдіктермен үздіксіз байланыста болу;

- Онлайн режимінде өзекті тақырыптарда халықаралық конференция өткізу;

- Қайырымдылық акциялары;

- Еріктілер қызметін ұйымдастыру;

- Ислами оқу орындарда онлайн-режимде оқытуды жалғастыру;

- Халықаралық ынтымақтастықты сақтау және дамыту;

- Сенушілерге ақпараттық қолдау көрсету.

Рамазан айы да оқшаулану режиміне сәйкес келгендіктен Ресей мұсылмандары діни басқармасы бірқатар ауқымды іс-шараларды кеңінен ұйымдастырды: Рамазан айында қайырымдылық акциялары, еріктілер қызметі көмекке мұқтаж отбасыларына 1 миллион рубль мөлшерінде, сонымен қатар, 1000-нан астам сириялық босқындар отбасы мен 1500-ден астам палестиналық мұқтаж отбасыларына гуманитарлық көмек көрсетілген. Жүргізілген іс-шаралардың басым бөлігі Ислам мәдениеті, ғылымы мен білімін қолдау қорымен бірлесе отырып атқарылған.

Жалпылама алғанда, Ресей мұсылмандары діни басқармасы әлеуметтік желілер мен ресми сайттарында (Ресей Федерациясы мұсылмандары діни басқармасының “facebook” akkaунты) карантиндік режим енгізілген сәттен бастап 372 ақпарат жариялаған, оның ішінде 19 – онлайн дәрістер, 17 – жұма уағыздары мен намаз, Құран хатым түсіруден тікелей көрсетілімі, 9 – бейнеконференциялар мен отырыстардан тікелей эфир көрсетілім жарияланған. Салыстырмалы түрде Ресей мұсылмандары діни басқармасы пандемия жағдайында онлайн-режимде, сонымен қатар қайырымдылық шаралары бойынша белсенділіктің жоғары көрсеткішіне ие.

Татарстан Республикасы мұсылмандар діни басқармасында COVID-19 пандемиясының жағдайы тұрақтандырылғанға дейін төмендегі

алдын алу шараларын қабылдады: мешіттерде жамағатпен оқылатын және жұма намаздары тоқтатылды, азан шақыру белгілі уақыттарда жалғасатын болады; мешіттерде дезинфекция жасау жүйелі түрде жүргізу ұйымдастырылды; мұсылмандарға ас беру шараларын, қайтыс болған адамның жақындарымен ғана үйлерде өткізуге кеңес берілді; Денсаулық сақтау Министрлігінің жеке санитарлық гигиенаны сақтау бойынша нұсқаулықтарын қатаң ұстану қажеттігі ескертілді; Азан айтылғанға дейін жұма уағызын тоқтату, құтба оқуды қысқарту, намазда қысқа сүрелерді оқу, намаздан кейін оқылатын хатымдар мен зікір айтуды қысқарту жөнінде арнайы пәтуа қабылданды. Діни басқармада Рамазан айына байланысты белсенді негізде қайырымдылық іс-шараларды жүзеге асырды, мұқтаж отбасыларына тиісті көмек көрсетілді. Әлеуметтік желілерде Діни басқарма тарапынан 76 діни-танымдық материалдар, тікелей эфир көрсетілімдері жарияланған (Татарстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты).

Нәтижелері және талқылама

Қазақ қоғамы үшін ислам діні рулық қатыстылық, тіл, аймақтық қатыстылық тәрізді ұлттық бірегейліктің құрамдас бөлігі. Әлбетте, бұл жалпы көрсеткіште алғанда, жекелей келгенде бұл бірегейлік категорияларының иерархиясы өзгеруі мүмкін. Алдағы уақытта, зайырлылық принципі негізінде «қазақстандық», діни тұрғыдан «рухани», «ұлттық» бірегейлік қағидаттары жандануы жалғасуы мүмкін. Біздің пайымдауымызша, рухани бірегейлік мемлекеттік бірегейлікке қайшы келмейді, себебі республикадағы көпэтностық жағдай басым бөлігінің жалпы қауымдастыққа немесе діни қауымдастыққа қатыстылығын айқындайды.

Пандемия кезеңіне жүргізілген мониторинг нәтижесінде, Діни басқармалардың халық сұранысын толық өтей алғандығы белгілі болды. Сол жылдарда осындай рухани танымдық, түсіндірме жұмыстарының жүргізілуі халыққа серпін беріп, тығырыққа әкеліп соққан жағдайдан шығуға үміт сыйлады. Бұл іс-шаралардың барлығы еңсесі түскен халыққа діни, ұлттық бірегейлігін одан әрі нығайтуға септігін тигізгені анық. Себебі, осындай дағдарыстық жағдайда адам психоэмоционалдық тұрғыда қорғаныс іздеп, бірегейлікті айқындау сезімі жоғарылай түседі. Сондықтан, Діни басқармалар тарапынан, оның ішінде ҚМДБ тарапынан жүргізілген барлық іс-

шаралар халыққа өздерінің ислам дініне, ұлтына қатыстылығын, бірегейлігін одан әрі бекіте түсуіне әсер етті деп есептейміз.

Зерделенген ақпараттар аясында мемлекет тарапынан белгіленген дін саласындағы саясатты жүзеге асыруда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан тиісті қолдау жүзеге асырылуда. Бұл жағдайдың барлығы халыққа өздерін қауіпсіз сезіну, рухани тұрғыдан қорғанысты сезінуге әсер ететіні айқын. Сондықтан, дінге қадам басқан азаматтар тиісті ақпараттарын алып, рухани жолын дұрыс айқындауға септігін тигізуде. Мемлекеттік деңгейде, дін саласындағы кадрлық қамтамасыз ету ислам дінінің дұрыс бағытта, дәстүрлі жолмен өрбуіне септігін тигізуде. Діни басқарма тарапынан да ұлттық болмысқа, дәстүрді жандандыруға бағытталған кешенді шаралар тұрақты түрде жүзеге асырылуы халық арасында рухани жандану, ұлттық болмысты сезінуге үлкен әсер етеді. Мұның көрсеткіші ретінде қоғамда «ұлттық брендингтің» қарқынды дамуы, күнделікті тұрмыста қазақи ұлттық элементтердің, тіпті ұмыт болған дәстүрлердің (ежелден келе жатқан тағам түрлерінің зерттелуі және халыққа кеңінен ұсынылуы, діни атрибутикадағы элементтердің жиі қолданылуы) жандануы. Бұл ұлттық бірегейлікпен қатар, Қазақстанның мемлекеттік бірегейлігін нығайтуға үлкен септігін тигізеді.

Қорытынды және тұжырымдама

Бүгінгі таңда Қазақстанның мемлекеттік-конфессиялық қатынасы үлкен трансформациядан өтіп, зайырлылық пен діни қағидаттарды үйлесімділікте ұстауға септігін тигізетін шаралар мен мемлекеттік бағдарламалардың арқасында біршама жүйеге келді. Халық санасы да өзінің қажеттілігін түсіне алатын, діни мәселелерде өзіне таңдау жасай алатын деңгейге ұмтылуда. Мемлекет тарапынан бұл бағытта кедергі келтірмей, халыққа дұрыс таңдау жасайтындай жағдайлар жасалды. «Естуші мемлекет» позициясы халық мүддесімен санасу, сұраныстарын қадағалау, мемлекеттік даму курсы айқындауда тұрғындардың ойын ескеруге мүмкіндік беруде.

Қазақстан көпконфессиялық және көпұлттық дәрежесін ел мүддесі үшін дұрыс пайдалана білді. Қазақстан халықаралық аренада әлемдік ислам ұйымдарымен қатар, демократиялық, құқықтық дамуды алға тартатын батыстық ұйымдармен де ынтымақтастықты берік орната алды.

Ислами халықаралық ұйымдармен байланыс

орнату Қазақстан мұсылмандары діни басқарамасына да серпін беріп, өз қызметтерін тиісті деңгейде жүзеге асыруына мүмкіндік берді. Қазіргі таңда, ҚМДБ тарапынан да барлық халықаралық ислами ұйымдармен байланыс орнатылған, әлемдік деңгейде өтетін конференциялар, бас қосуларда ҚМДБ өкілдері тұрақты қатысушы болып саналады. Бұл әлемдік деңгейде орын алып жатқан діни жағдайды саралауға, қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты пәтуа шығару мәселелерінде біліктілігін арттыруға, әлемдік діни трендтер негізінде жергілікті діни ахуалға, сенушілердің психологиялық келбеттеріне болжам жасап айқындап отыруға септігін тигізуде.

Зерттеудегі мақсат – Қазақстандағы дәстүрлі исламның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін анықтау, бұл тұрғыда тарихи, мәдени, және әлеуметтік аспектілерді талдау. Зерттеу барысында әлеуметтік сауалнама нәтижелері, тарихи-мәдени деректер, дін саласындағы мемлекеттік саясат және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) қызметі егжей-тегжейлі қарастырылды. Нәтижеде Қазақстан халқының ұлттық және діни бірегейлігіне қатысты маңызды деректер анықталды. Э. Эриксонның және В.С. Ерохиннің тұжырымдарына сәйкес, ұлттық бірегейлік тарихи-мәдени, әлеуметтік және саяси факторлардың ықпалымен қалыптасатын кешенді құбылыс ретінде қарастырылды.

ҚМДБ ұлттық бірегейлікті нығайтуда: Радиалды ағымдардың алдын алу, халықтың діни сауатын арттыру, ислам дініне қатысты дәстүрлі

бағытты насихаттау арқылы маңызды рөл атқаратыны көрсетілді. Covid-19 пандемиясы кезіндегі ҚМДБ-ның онлайн-ағарту, қайырымдылық іс-шаралар және діни қолдау жұмыстары қоғамдағы рухани тұрақтылықты сақтауға ықпал етті.

Тұжырым ретінде дәстүрлі ислам – Қазақстандағы ұлттық және рухани бірегейліктің маңызды элементі. Оның ханафи мазһабына негізделген модельдері елдегі зайырлы принциптермен үйлесімді дамып келеді. ҚМДБ діни және ұлттық құндылықтарды біріктіре отырып, радикализмге қарсы тиімді шараларды жүзеге асыруда. Мемлекеттік деңгейде дін саласындағы саясат діни төзімділік пен конфессияаралық татулықты нығайтуға бағытталған. Пандемия кезеңінде рухани және әлеуметтік қолдау көрсету – халықтың ұлттық және діни бірегейлігін одан әрі бекітті. Зерттеу нәтижелерін ұлттық және діни бірегейлікті зерттеуге арналған жаңа ғылыми жұмыстарда, ҚМДБ қызметін дамытуда қолдануға болады. Қорытындылай келе, Қазақстандағы дәстүрлі ислам елдің тарихи және мәдени ерекшеліктерімен тығыз байланысты, ал ҚМДБ-ның рөлі – бұл бірегейлікті сақтауда және нығайтуда маңызды фактор болып табылады.

АЛҒЫС

Бұл мақала ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын (Грант № BR24993035) ғылыми жоба аясында дайындалды.

Әдебиеттер

- «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 953 қаулысы. [Электронды ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000953> (жүгіну күні: 10.12.2024ж.)
- «Терроризмге қарсы комитет» РҚБ ресми сайты [Электронды ресурс] URL: <https://ctc-rk.kz/%d0%be%d0%bf%d0%b5%d1%80%d0%b0%d1%86%d0%b8%d1%8f-%d0%b6%d1%83%d1%81%d0%b0%d0%bd-%d0%bf%d1%83%d1%82%d1%8c-%d0%b4%d0%be%d0%bc%d0%be%d0%b9-%d0%b8-%d0%bd%d0%be%d0%b2%d1%8b%d0%b5-%d0%b2%d1%8b.html>
- Bedford, S., Mahmudlu, C., & Abilov, S. (2021). Protecting Nation, State and Government: 'Traditional Islam' in Azerbaijan. *Europe-Asia Studies*, 73(4), 691–712. <https://doi.org/10.1080/09668136.2021.1899136>
- Fauzi, M.L. (2012). Traditional Islam in Javanese Society: The Roles of Kyai and Pesantren in Preserving Islamic Tradition and Negotiating Modernity. *Journal of Indonesian Islam*, 6(1), 125–144.
- Hurd, E.Sh. (2012). The Politics of Secularism', in Timothy Samuel Shah, Alfred Stepan, and Monica Duffy Toft (eds), *Rethinking Religion and World Affairs* (New York, 2012; online edn, Oxford Academic p. 36-52), <https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780199827978.003.0004>
- Mathiesen, K. (2013). Anglo-American "Traditional Islam" and its Discourse of Orthodoxy. *Journal of Arabic and Islamic Studies*, 13, 191–219.
- Nasr, S.H. (1994). *Traditional Islam in the Modern World*. Kegan Paul International.
- Omelicheva, M.Y. (2016). Islam and Power Legitimation: Instrumentalisation of Religion in Central Asian States. *Contemporary Politics*, 22(2), 144-163. <https://doi.org/10.1080/13569775.2016.1153287>

- Ерохин В.С. (2024). К вопросу о понятии национальной идентичности. *Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия: Философия. Психология* 24(3), 274–278. DOI: 10.18500/1819-7671-2024-24-3-274-278
- Жиенбаев М. (2024). Қазақстандағы ұлттық құрылыс саясаты: азаматтық немесе этноәлеуметтік сәйкестік пе? *Қоғам және дәуір*, 3(83), 93–103. <https://doi.org/10.52536/2788-5860.2024-3.07>
- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының “instagram” akkaunty, <https://www.instagram.com/muftiyatkz/?hl=ru>
- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты (2024). [Электронды ресурсы] URL: <https://www.muftiyat.kz/> (жүгіну күні: 31.12.2024ж.)
- Құрманбаев Қ. (2024). «Дәстүрлі ислам» деп айтуға бола ма? [Электронды ресурсы] URL: <https://www.youtube.com/watch?v=98kfjcI9eX8> (жүгіну күні: 25.12.2024ж.).
- Қырғызстан мұсылмандары діни басқарамсының ресми сайты, [Электронный ресурс] URL: <https://ru.muftiyat.kg/> (жүгіну күні: 15.12.2024ж.)
- Өзбекстан мұсылмандары діни басқармасының “facebook” akkaunty, <https://www.facebook.com/muslimuzportal/> (жүгіну күні: 12.12.2024ж.)
- Ресей Федерациясы мұсылмандары діни басқармасының “facebook” akkaunty, <https://www.facebook.com/dumerd> (жүгіну күні: 13.12.2024ж.)
- Султанғалиева А.К. (1998). *Ислам в Казахстане: история, этничность и общество*. Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК.
- Татарстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты, [Электронды ресурс] URL: <https://dumrt.ru/ru/> (жүгіну күні: 01.12.2024ж.)
- Ұлттық статистика бюросы «2021 жылғы халық санағының» тақырыптық жинақтары (30.10.2023) stat.gov. [Электронды ресурс] URL: <https://stat.gov.kz/news/ltty-statistika-byurozy-2021-zhyl-y-khaly-sana-yny-ta-urypty-zhina-taryn-zhariyalay-bastady/> (жүгіну күні: 25.12.2024ж.)
- Шаповал, Ю. (2024). Вовлечение казахстанских женщин в террористическую организацию ИГИЛ: фактор идентичности. *Вестник КазНУ, Серия Религиоведение*, 38(2), 3–15. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2024.v38.i2.r1>
- Эриксон Э. (2006). *Идентичность. Юность и кризис*. Флинта: МПСИ: Прогресс.

References

- «Qazaqstan Respublikasynyn din salasyndagy memlekettik sayasatyn iske asyru zhonindegi 2021-2023 zhyldarga arналған keshendi zhospardy bekity turaly» Qazaqstan Respublikasy Ukimetinyn 2020 zhylygy 31 zheltoqsandagy № 953 qaulysy. [Elektronnyy resurs] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000953> (zhuginu kuni: 10.12.2024zh.). (in Kazakh)
- «Terrorizmge qarsy komitet» RKB resmi saity [Elektronnyy resurs] URL: <https://ctc-rk.kz/%d0%be%d0%bf%d0%b5%d1%80%d0%b0%d1%86%d0%b8%d1%8f-%d0%b6%d1%83%d1%81%d0%b0%d0%bd-%d0%bf%d1%83%d1%82%d1%8c-%d0%b4%d0%be%d0%bc%d0%be%d0%b9-%d0%b8-%d0%bd%d0%be%d0%b2%d1%8b%d0%b5-%d0%b2%d1%8b.html> (in Kazakh)
- Bedford, S., Mahmudlu, C., & Abilov, S. (2021). Protecting Nation, State and Government: ‘Traditional Islam’ in Azerbaijan. *Europe-Asia Studies*, 73(4), 691–712. <https://doi.org/10.1080/09668136.2021.1899136>
- Erikson E. (2006). *Identichnost'. Yunost' i krizis*. Flinta: MPSI: Progress.
- Erohin V. S. (2024). К вопросу о понятии национальной идентичности. *Izvestiya Saratovskogo universiteta. Novaya seriya. Seriya: Filosofiya. Psihologiya*, 24(3), 274–278. DOI: 10.18500/1819-7671-2024-24-3-274-278 (in Russian)
- Fauzi, M.L. (2012). Traditional Islam in Javanese Society: The Roles of Kyai and Pesantren in Preserving Islamic Tradition and Negotiating Modernity. *Journal of Indonesian Islam*, 6(1), 125–144.
- Hurd, E.Sh. (2012). The Politics of Secularism’, in Timothy Samuel Shah, Alfred Stepan, and Monica Duffy Toft (eds), *Rethinking Religion and World Affairs* (New York, 2012; online edn, Oxford Academic p. 36–52), <https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780199827978.003.0004>
- Mathiesen, K. (2013). Anglo-American “Traditional Islam” and its Discourse of Orthodoxy’, *Journal of Arabic and Islamic Studies*, 13, 191–219.
- Nasr, S.H. (1994). *Traditional Islam in the Modern World*. Kegan Paul International.
- Omelicheva, M.Y. (2016). Authoritarian legitimation: assessing discourses of legitimacy in Kazakhstan and Uzbekistan. *Central Asian Survey*, 35(4), 481–500. <https://doi.org/10.1080/02634937.2016.1245181>
- Ozbekstan musulmandary dini basqarmasynyn “facebook” akkaunty, <https://www.facebook.com/muslimuzportal/> (zhuginu kuni: 12.12.2024zh.)
- Qazaqstan musulmandary dini basqarmasynyn “instagram” akkaunty, <https://www.instagram.com/muftiyatkz/?hl=ru>
- Qazaqstan musulmandary dini basqarmasynyn resmi saity (2024). [Elektronnyy resurs] URL: <https://www.muftiyat.kz/> (zhuginu kuni: 31.12.2024zh.). (in Kazakh)
- Qurmanbaev Q. (2024). «Dasturli islam» dep aituga bola ma? [Elektronnyy resurs] URL: <https://www.youtube.com/watch?v=98kfjcI9eX8> (zhuginu kuni: 25.12.2024zh.). (in Kazakh)
- Qyrgyzstan musulmandary dini basqarmasynyn resmi saity, [Elektronnyy resurs] URL: <https://ru.muftiyat.kg/> (zhuginu kuni: 15.12.2024zh.)
- Resej Federaciya musulmandary dini basqarmasynyn “facebook” akkaunty, <https://www.facebook.com/dumerd> (zhuginu kuni: 13.12.2024zh.)

Shapoval, Yu. (2024). Vovlechenie kazhastanskikh zhenshchin v terroristicheskuyu organizatsiyu IGIL: faktor identichnosti. *Vestnik KazNU, Seriya Religiovedenie*, 38(2), 3–15. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2024.v38.i2.r1>

Sultangalieva A.K. (1998). *Islam v Kazhastane: istoriya, etnichnost' i obshchestvo*. Kazhastanskij institut strategicheskikh issledovanij pri Prezidente RK. (in Russian)

Tatarstan musulmandary dini basqarmasynyn resmi saity, [Elektronnyi resurs] URL: <https://dumrt.ru/ru/> (zhuginu kuni: 01.12.2024zh.)

Ulttyq statistika biurosy «2021 zhylgu halyq sanaqynyn» taqyryptyq zhinaqtary 30.10.2023 [Elektronnyi resurs] URL: <https://stat.gov.kz/news/ltty-statistika-byurosy-2021-zhyl-y-khaly-sana-yny-ta-yrypty-zhina-taryn-zhariyalay-bastady/> (zhuginu kuni: 25.12.2024zh.)

Zhienbaev M. (2024). Qazaqstandagy ulttyq qurylys sayasaty: azamattyq nemese etnoaleumettik saiestik pe? *Qogam zhane dauir*, 3(83), 93-103. <https://doi.org/10.52536/2788-5860.2024-3.07> (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Қалмахан Ержан Сейітұлы (корреспондент-автор) – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com)

Қалыбекова Ләззат Ғабитқызы – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті дінтану кафедрасының оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: l.kalybekova@inbox.ru)

Information about the authors:

Yerzhan S. Kalmakhan (corresponding author) – PhD, Associate Professor at Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com)

Lazzat G. Kalybekova – Lecturer at the Department of Religious Studies, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture (Almaty, Kazakhstan, e-mail: l.kalybekova@inbox.ru)

Сведения об авторах:

Калмахан Ержан Сейітұлы (автор-корреспондент) – PhD, ассоциированный профессор, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: kalmakhanyerzhan@gmail.com).

Калыбекова Ляззат Ғабитқызы – преподаватель кафедры религиоведения, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: l.kalybekova@inbox.ru).

2025 жылы 2 қаңтарда тіркелді
2025 жылы 20 желтоқсанда қабылданды

К. Тышхан , С. Нұртаза* 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университет, Астана, Қазақстан

*e-mail: samatnurtaza@gmail.com

УИЛЬЯМ ДЖЕЙМСТІҢ ДІНТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ: ЖЕКЕ ДІНИ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ НЕГІЗДЕУ

Мақалада дін психологиясының негізін қалаушы Уильям Джеймстің (1842-1910) көзқарастары мен ғылыми мұрасы талқыланады. Сол замандағы ғылыми-философиялық, дінтанулық үрдістер контекстінде Джеймстің дін атаулыға прагматизм, эмпирикалық тұрғыдан жаңаша көзқарас қалыптастырғаны, оның зерттеулерінің басты идеяларының ғылыми маңызы зерттеледі. Американдық ойшыл әрі психолог діни сенімнің мүмкіндігін және құндылығын зерделеді. Оның дінтану ғылымына қосқан үлесі ең алдымен жеке діни тәжірибелердегі адамның риясыз сеніміне байланысты түрлі психологиялық, мистикалық халдерді басынан кешіруі, сол жолда өзіне рухани тірек тауып, санасының жетілуін басты құндылық және зерттеуге лайық құбылыс ретінде жан-жақты дәлелдеуінде. У. Джеймс сол дәуірде үстемдік құрған рационализм мен догматизмге, сонымен бірге «медициналық материализмге» де бірдей оппозицияда құрылған өзінің әдістемесінде дінді прагматизм, яғни пайдалылық тұрғысынан адам санасындағы күйзелістерді жеңетін, өмірін құнарландырып, күш-қуатын арттыратын бірегей құбылыс ретінде негіздеді. Діннің мәні жалпылама онто-теологиялық негіздерден гөрі адамның субъективті-психологиялық болмысына тән феномендерде жатыр деген Джеймстің басты жаңашыл пікірі дінтану, психология, философия, антропология, теологияға үлкен әсерін тигізіп, авторды түбегейлі әдістемелік бетбұрыс жасаған ойшыл, ғалым ретінде танытты. Мақала авторлары американдық философ әрі психологтың идеялары әлі күнге дейін өзінің ғылыми маңызын жоғалтпағанын дәлелдейді. У. Джеймстің «Діни тәжірибелердің әралуандылығы» атты кітабының жеке діни тәжірибелер мен мистицизм феномендерін зерттеуде ғылыми-әдістемелік маңызы зор.

Түйін сөздер: Уильям Джеймс, дін психологиясы, прагматизм, жеке тұлға, діни тәжірибелер

K. Tyshkhan, S. Nurtaza*

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

*e-mail: samatnurtaza@gmail.com

William James's contribution to religious studies: justification of personal religious experience

The article examines the views and scientific contributions of William James (1842-1910), founder of the psychology of religion. Within the context of his era's scientific, philosophical, and religious trends, it analyzes James's role in shaping a new perspective on religion based on pragmatism and empiricism. James demonstrated the potential and importance of religious faith. His primary contribution to religious studies lies in comprehensively proving that personal religious experiences linked to sincere faith and various psychological and mystical states provide spiritual support, transform consciousness, and merit serious study. Opposing rationalism, dogmatism, and "medical materialism," his methodology justified religion from pragmatic and vital perspectives as a unique phenomenon capable of resolving consciousness crises and unlocking vital energy reserves. James's innovative idea that religion's essence lies not in onto-theological foundations but in subjective-psychological human experiences profoundly influenced religious studies, psychology, philosophy, anthropology, and theology, establishing him as a scholar who fundamentally transformed methodological approaches. The article's authors prove that the ideas of the American philosopher and psychologist are still valuable today. William James's book "The Varieties of Religious Experience" is important as a scientific and methodological foundation for research of personal religious experience and mystical phenomena.

Keywords: William James, psychology of religion, pragmatism, personality, religious experience

К. Тышхан, С. Нуртаза*

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

*e-mail: samatnurtaza@gmail.com

Вклад Уильяма Джеймса в религиоведение: обоснование личного религиозного опыта

В статье рассматриваются взгляды и научное наследие основателя психологии религии Уильяма Джеймса (1842–1910). В контексте научно-философских и религиоведческих тенденций того времени изучаются заслуги Джеймса в формировании нового взгляда на религию на основе прагматизма и эмпиризма. Американский мыслитель и психолог обосновал возможность и ценность религиозной веры. Его вклад в религиоведение заключается во всестороннем доказательстве того, что связанные с искренней верой и различными психологическими и мистическими состояниями личные религиозные переживания, благодаря которым человек обретает духовную опору и трансформацию сознания, заслуживают серьезного исследования. В противоположность рационализму, догматизму, а также «медицинскому материализму», Джеймс обосновывает религию с позиций прагматизма как уникальное явление, способное преодолевать кризисы сознания и открывать резервы жизненной энергии. Инновационная идея Джеймса о том, что сущность религии заключается не в онто-теологическом основании, а в субъективно-психологическом бытии человека, оказала огромное влияние на религиоведение, психологию, философию, антропологию и теологию, признав ее автора как ученого, совершившего коренной поворот в методологии. В статье авторы доказывают, что идеи американского философа и психолога до сих пор не потеряли своей научной значимости. Книга У. Джеймса «Многообразие религиозного опыта» важна в качестве научно-методологической основы исследования личного религиозного опыта и феноменов мистицизма.

Ключевые слова: Уильям Джеймс, психология религии, прагматизм, личность, религиозный опыт

Кіріспе

Дін психологиясының негізін қалаушы, күні бүгінге шейін «дін ғылымының канондық ойшылы» (Carrette, Lamberth, 2017) санала-тын американдық психолог әрі философ Уильям Джеймстің дінтану ғылымына қосқан үлесі теңдессіз. Әлеуметтанушы-философ Ханс Йоас У. Джеймстің тұжырымдамасын XX ғасырдың басындағы дінге қатысты ұсынылған шын мәнінде «ғасырлық мағынасы бар жаңа тәсіл» (epoch-making new approach) деген баға берген еді (Baader, 2005, p. 28). Дегенмен посткеңестік дінтану ғылымында, соның ішінде қазақ дінтанушылары ортасында атақты У. Джеймстің тұжырымдамасы, уақыт өтсе де маңызы еш төмендемеген құнды ой-пікірлері арнайы зерттеулерді қажет етеді. Әсіресе ол Тәуелсіз Қазақстанда соңғы жылдары дами бастаған дін психологиясы бағытының теориялық-әдістемелік негіздерін нақтылауға көмектеседі деп санаймыз.

Сол заманның өзінде, Батыста ислам мен суфизм туралы зерттеулердің жетіспеушілігіне байланысты Уильям Джеймс басым көпшілігі христиан дінін ұстаушылардың тәжірибелеріне негізделген өзінің «Діни тәжірибелердің әралуандылығы» кітабында (James, 2009) бірнеше жерде суфизмді, Имам Ғазалидің сопылық

практикалық тәжірибелері туралы айтқан сөздерін келтіргені, сол сияқты ислам дінінің негізін қалаушысы жайлы жағымсыз пікірлер басым кезеңде атақты пайғамбарлар, менталдық медуимдар арасында Мұхаммед пайғамбардың есімін де атап өтіп, оның белгілі рухани тәжірибелері ежелгі Израиль пайғамбарларының секілді трансценденталдық «сублиминалды сана» арқылы жұмбақ «автоматтық жазу» құбылысымен байланысты деген пікірі Уильям Джеймстің объективтігін, гуманистік әрі ғылыми позициясын айғақтайды (сөз немесе жазба мәтін бейсаналы түрде, тылсым күштердің ықпалымен түзіледі деген пікірге байланысты). Fatih Taştan Джеймстің гуманизмін дін білімдерімен тығыз байланыста ашып көрсетеді (Taştan, 2023). Жалпы, американдық ғалымның өмірбаянын зерттеушілер оның жеке басына тән Құдайға деген ішкі сенімі протестантық модельде, демократиялық мазмұнда, және ізгілікке толы болғанын айтады.

1842 жылы Нью-Йорктың дәулетті, мәдениетті отбасында дүниеге келген Уильям Джеймс жастайынан дін, ғылым, теология мәселелерін естіп, біліп өсті (әкесі теолог еді). Олардың отбасы әсіресе ертеде Еуропада өмір сүрген ғалым әрі христиан мистигі (теософ) Эммануил Сведенборгтың тұлғасын дәріптейтін. У. Джеймстің болашақта прагматизм философиясының негізін

қалауына және діндегі жеке тәжірибелерді ақтап еңбектер жазуына оның алдымен дәрігер және ғылыми, эксперименталды психолог (scientific psychology) ретінде, яғни адам психологиясын жаратылыстану, физиологиямен тығыз байланыста зерттеуі дүниетанымдық негіз болды. Болашақ ғалым жақсы білім алды, бес тілді меңгерді. Гарвардтың медициналық мектебін бітірген (медицина докторы) Джеймс психология және философиядан дәріс берді, үнемі сана проблемаларымен айналысты. XIX ғ. 80-90-шы жылдары Гарвард университетінің философия кафедрасының доценті, психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды (психология профессоры атағын алды).

У. Джеймстің тұлғасы сол кездегі Батыс Еуропа мен АҚШ-тағы философия мен ғылымның парадигмаларының, басты ағымдарының ықпалында қалыптасуы заңды еді, ол позитивизм, сциентизм, т.б. модельдердің қажетті элементтерін қабылдады. Ол Чарльз Сандерс Пирспен (1914 ж. қ.б.) бірге Батыс философиясында прагматизм теориясының негізін қалады (Джеймс, 2011). Алайда, Джеймс өзінің айрықша дарыны мен интуициясының арқасында ғылым мен дінге, сол сияқты дін психологиясына қатысты батыл ойларды ұсына алды, тіпті оңтайлы әдістемелік бетбұрыс жасауға түрткі болды. Керек болса ол В. Вундт, Г. Спенсер, Г. Мюллер сынды әлемдік психологияның негізін қалаушылардың іргелі идеяларын ашық сынға алды. Психолог-ойшылдың өзі де басынан белгілі рухани ізденістерді, ауру-сырқаттарды кешіргені оның діндегі «тірі сезімді» түсінуіне көмектесті. Басты ұстанымы жағынан эмпирик (эмпирист) болып қала берсе де, У. Джеймс сол заманғы материалист-ғалымдардың мистикалық тәжірибелердің физиологиялық ауытқумен, ағзаның улануымен, т.с.с. түсіндіруге тырысуын «медициналық материализм» деп айыптап оған түбегелі қарсылық білдірді (Джеймс, 1993, pp. 27-28). Ғылымның алдына дін деген құбылысты ақтап, әсіре рационализм, идеализм мен догматизмге қосылмай, сонымен бірге ғылым мен діннің түсіністікке келуіне басқаша мүмкіндіктер ашты.

«Діни тәжірибелердің әралуандылығы» («The Varieties of Religious Experience: A Study in Human Nature») – У. Джеймстің жариялана сала лезде бестселлерге айналған осы еңбегіне дін психологиясы бойынша профессор Уолтер Хьюстон Кларк «XX ғасырда дін мен дін психологиясы жайлы жазылған ең ықпалды кітап» деген жоғары баға беріп кеткен. «Ғылыми пси-

холог» философқа айналып, бұл еңбекте діннің негізін, іргетасын ұйымдасқан діндердің принциптері емес, жеке діни тәжірибелер құрайды деген терең пікір тұжырымдалды. У. Джеймстің дінтануға қосқан ең үлкен теориялық-әдістемелік жаңалығы, тіпті идеялық төңкерісі – ол діни сенімнің (religious beliefs) мүмкіндігін, оның негізсіз емес екенін жан-жақты әрі әсерлі негіздеп, ақтауы. Өзінің «The Will to Believe» («Сенімге ықтиярлық», 1896) еңбегінде ол «біз белгілі мөлшердегі сенімсіз мүлдем өмір сүре алмаймыз немесе ойлана алмаймыз» және «сенім (иман) Сізге зор пайда береді» деп жазды (James, 2017, p. 95). Джеймс рухани құндылықтардың материалдық дүниеден әлдеқайда жоғары екенін үнемі айтып отырды.

Ғалым-психолог тарихтағы қасиетті адамдардың діни тәжірибелерін құрмет және ықыласпен қарап, ыждаһатпен зерттеп қорыту негізінде дінге шынайы бет бұруды, тәубаға келу, ең биік діни тәжірибелердегі эмоциялар мен психологиялық халдерді – үміт, үрей, күнәдан арылуға ұмтылыс, сағыныш, сүйіспеншілік, жаңару, т.б. – адам ғұмырына рухани мән, тіршілігіне рең беретін құнды, эмоционалды жағынан орасан «пайдалы сезімдер» деп дәлелдеп (дінге эмпирикалық критерийді анықтап), осы жеке индивидтің тәжірибелерін, жалпы ішкі діндарлық мәселесін дінтанушылар үшін ортаға қою керектігі туралы өзінің негіздемесін жасады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Уильям Джеймстің дінтану ғылымына қосқан үлесін, соның ішінде бастысы – жеке тұлғаның діни тәжірибелерін, оның сезімдері мен психологиялық ахуалын ғылыми назарға алуды ұсыну әрі негіздеуі мәселесін арнайы тақырып ретінде таңдауымыз дінтанудағы перспективалық үрдістерге сәйкес келеді. Дінтану ресми діни бағыт ретінде XIX ғасырдан дами бастағаны жақсы белгілі, оның негізін қалаушылардың қатарында атақты идеалист-философтар, әлеуметтанушылар, діннің психологиясы мен феноменологиясын, сол сияқты тарихын зерттеушілер болды: Б.Спиноза, Г.Ф. Гегель, Кьеркегор, Л.Морган, В. Вундт, Дж.Леуба, Л.Леви-Брюль, Э. Тайлор, М.Элиаде, т.б. Дінтану ғылымының бөлінуінде Уильям Джеймс үлкен рөл атқарды. Діннің психологиялық теориясына әсіресе діни-психологиялық тәжірибелерді толыққанды ен-

гізу Джеймстің жарияланымдарынан кейін басталған болатын.

У. Джеймстің тұжырымдамасы сонау XX ғасырдың басының өзінде қызу талқыланып, жалпы алғанда қолдау тапқаны және оның өмірбаяны мен мұрасына арналған қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер де белгілі (Rydenfelt, Pihlström, 2013). Сонымен бірге тақырыптың өзектілігі жоғары, бәлкім, XXI ғасырда Уильям Джеймс сияқты классиктерді қайта оқу, жаңаша пайымдау (реинтерпретация) қажеттігі туындады. Ол, біздіңше, дүниежүзі тарихында бұрын-соңды болмаған жаһандық өркениеттік дағдарыстың (постиндустриалдық, неолибералды қоғам түрінің қайшылықтары, виртуалды реалдық, климаттың өзгеруі, соғыстар, сананың радикалдануы, т.б.) адами өлшемінде, атап айтқанда «адам мәнінің дағдарысы», экзистенциалды дағдарыс орын алып отырған кезеңде, екінші жағынан дін атаулы белгілі мағынада тығырыққа тіреліп, діни институттар мен конфессияларға көптеген жағдайда сенімсіздік күшейген жағдайда, бірақ сонымен қатар діннің әсіресе практикалық, психологиялық әлеуетіне сенім артып, адамзаттың бір бөлігі шығыс мистицизмі, рухани практикаларға ұмтылысын байқатып жатқан кезде, жеке тұлғаның дінге қатысты ішкі тәжірибелері, рефлексиясы, дінді интериоризациялауы үлкен мәнге ие болды. Айталық, қазіргі қазақстандық қоғамдағы суицид проблемасының асқынуын немесе діни радикализм дертін алдын алуы үшін діннің жағымды потенциалын іске қосудың, Джеймстің сөзімен айтқанда, діннің «пайдалы сезімдер» көзі, рухани жаңғыртушы мүмкіндіктерін, жеке адамның психологиясын сауықтырудағы әлеуетін ашу қажеттігі туындайды.

Жалпы У. Джеймстің дінді ең әуелі «жеке дін» (индивидтік деңгей) деп қарастыруы, өз мұраларында осындай гуманистік акцент жасауы, дін арқылы шынайы жетіліп, адамның бақыт пен кемелділікке жетуін негіздеуі мәселелерін теориялық-әдістемелік жағынан шығыс діндері, мұсылмандық құндылықтар, ислам руханияты мысалында (немесе: салыстыру арнасында) қолдану мақсатында алдымен классик-дінтанушының мұраларын жан-жақты әрі терең зерттеуіміз қажет.

Мақаланың мақсаты – Уильям Джеймстің дінтану ғылымына қосқан үлесін, жеке тұлғаның діни тәжірибелері ұғымын ашып көрсету. Ол үшін келесі міндеттер қойылады: дінтанулық мұралар және ғалымның өз еңбектері

негізінде Джеймстің философиялық және дінтану бағытындағы көзқарастары мен тұжырымдарының негіздерін, ерекшеліктерін зерттеу; Джеймстің идеялары мен әдістемелеріне қатысты пікірлерді талдау; атақты дін психологының қолданған әдіс-тәсілдері жиынтығын көрсету; «Діни тәжірибелердің әралуандылығы» еңбегінің басты тезистерін, тұжырымдарын ашып көрсету; У. Джеймстің дінді ғылым алдында жақтауын (апология) және діндердегі мистицизм, жеке сезімдер мен халдерді мұқият бақылап, оларды талқылауына бүгінгі заманғы дінтану, дін психологиясы тұрғысынан түсініктеме беру.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Дін психологиясының, жалпы дінтану ғылымына және өткен ғасырда өмір сүрген ізашарлардың мұраларына арналған осы зерттеудің жалпы теориялық-әдістемелік негіздемесіне кең мағынада объективтік (шынайылық, әділдік), тарихилық, тарихи-генетикалық тәсіл (мысалы, У. Джеймстің белгілі мөлшерде XX ғасырдың басындағы үстемдік құрған ғылыми-философиялық парадигмалардың «жемісі» болғанын есте ұстау, сол кездегі батыстық дінтану мен психологияда қасаң материализм немесе біржақты идеализмнің өктемдігін есепке алу), сол сияқты герменевтикалық тәсіл қолданылады. Соңғысы өткен шақтың өкілінің қаламынан шыққан шығарманың мәтінін әлеуметтік-мәдени контекспен тығыз байланыста пайымдауды қажет етеді. У. Джеймстің тұжырымдарын зерттеуде кейінгі гуманитарлық ғылымдардағы, философия, психологиядағы жаңа әдістемелер, ең соңғы жетістіктері қолданылды. Ол Юнгтың «бейсаналылық психологиясы» туралы негіздемелері, А. Маслоу, С. Гроф, т.б. заманауи психологтардың діни тәжірибелерге, сананың өзгеру қалпын зерттеуге қатысты қорытындылары есепке алынады (Юнг, 1997). Мақалада У. Джеймс өзі қолданбағанымен, классик-ғалым зерттеген адамның ішкі діни тәжірибелеріне қатысты қазіргі заманғы терминдер де қолданады (мысалы, дінді интериоризациялау; сана трансформациясы, т.б.). Сонымен қатар, біз әлемдік діндерге ортақ кейбір мистикалық, психологиялық тәжірибелер үшін қазақ тіліндегі дәлірек, ыңғайлы эквиваленттер ұсынуға тырыстық, соның ішінде Джеймс сөз еткен «experience», яғни ішкі сезімдер мистикалық тәжірибелерін хал (арабша – халь), халдер деп атауға болады.

Негізгі бөлім

Сонымен, Батыс Еуропа мен Америкада ғылыми ортада, жалпы алдыңғы қатарлы қоғам мүшелері арасында дінге деген скептицизм мызғымай тұрған сонау 1902 жылы «Дін адам жанының төзгісіз қасіреттерін өте терең әрі баянды бақытқа айналдыра алатын тылсым құдыретке ие» деген (Джеймс, 1993, р. 147) батыл тұжырым жасаған Уильям Джеймстің мақсаты діндегі сезім элементін, жеке тұлғаның ішкі дүниесінің сырларын, дін жолындағы адамның жан дүниесінің құбылмалы халдерін, басынан кешкен көңіл-күйлерін яғни жеке индивидтің тәжірибелерін (мейлі, ол ұлы тұлға, мейлі қарапайым болсын – тек діни сенімі шынайы, іңкәр жан болуы шарт) дінтану ғылымында мейлінше есепке алу, тіпті басты құндылық деп қарауды негіздеу болды.

Ғалымның басты тұжырымдары дін психологиясын бөлек пән ретінде дамуына жол ашатынын сол кездің өзінде көреген ойшылдар болжады. Әсіресе американдық психологтың дінді бұдан былай психологиялық феномен, «сезім тәжірибесі» деп қарастырудың үлгісін көрсеткені үлкен резонанс туғызды. «Experience», жеке тәжірибе (хал) мәселесі бұдан былай алдыға шықты. У. Джеймстің новаторлық идеяларының пікірталастық контекстін дұрыс түсіну үшін XIX ғ. соңы-XX ғ. бас кезіндегі Батыстағы философиялық және дінтанулық ахуалды, басты үрдістерді, қалыптасқан ой-менталдық таптаурындарды және жаңаша ойлаудың алғашқы белгілерін анықтауымыз қажет.

Еуропалық ойлау жүйесінде, зайырлы ғылымы мен философиясында осы нақты тарихи кезеңде, бір жағынан, рационализм мен интеллектуализм үстемдік құрып тұрды. Ол әсіресе Кант, Гегельдердің объективтік идеализміндегі логика мен онтологияның барабарлығынан қалыптасқан дінге тек мәдени универсумдағы құбылыс, дін философиясы ретінде қарау әдеті еді. Екінші тұрғыдан, дінді шіркеулік, теологиялық проблемалар жиынтығы деп қабылдады. Жалпы, сол заманда дінді пайымдаудың концептуалданған, интеллектуалданған түрі ғана болды. Тағы бір өзгеше іргелі үрдіс ол – Батыс әлемінде позитивизм, сциентизм, бихевиоризм сынды материалистік, эмпирикалық, жаратылыстану ғылымдардың амалдары мен дәлелдемелерін ғана мойындайтын ағымдар жедел қарқынмен дамыды.

Осы жерде У. Джеймс үшін белгілі балансты шебер жүзеге асырып («шындық ортасында» де-

гендей), дін феноменін тоңмойын материализмнің сынынан да, сонымен бірге жеміссіз құрғақ рационализмнен де ажыратып алып «тірілту» мақсаты туындады. Философиялық идеализм мен теологиядан қашық болу үшін Джеймсті тағдырдың өзі химия, биология сынды жаратылыстану ғылымдарын зерттеуге, сосын медицина мен эмпирикалық, эксперименталды психологияны таңдауға итермеледі (1890 жылы оның 1400 беттік «Психология принциптері» атты еңбегі жарық көрді, онда менталдық аурулар немесе сау адамдарға стресс, гипноз және дәре-дәрмектің әсер етуі, т.б. зерттеледі). Беделді кәсіби психолог ретінде 1892 жылы ол өзінің шәкірті екеуі АҚШ-тағы бірінші Қолданбалы психология зертханасын ашты. У. Джеймс Американдық Психологиялық Ассоциациясының президенті болып сайланды.

Джеймс «прагматизм» ұстанымын негіздегені белгілі, ол философияға осы жаңа тәсілдемені енгізуді белсенді жақтады. 1907 жылы шыққан «Прагматизм: кейбір байырғы ойлау әдістері үшін жаңаша атау» («Pragmatism: A New Name for Old Ways of Thinking») еңбегінде ол осы «пайдалылық» әдісті негіздеді. Оның идеялары мен ойлау жүйесінің өзі «ақылы философияның» орнын «сенім мен сезім философиясының» алмастырғанын көрсетеді (Антонов, 2015, р. 35). Сол сияқты ол сана құбылыстарын зерттеуде функционализм тәсілдемесін қолданды.

Алайда Уильям Джеймс қарабайыр «медициналық материализмге» бармағаны, бәлкім, жастайынан христиан-протестанттық руханияты атмосферасында өскені, жүрегінде Құдайға деген интуитивті сенімнің сақталуы себепті болған сыңайлы. У. Джеймс өзінің зерттеу әдістемесін «радикалды эмпиризм» деп атады. Джеймстің арқасында батыстық эмпиризм енді дінді сынау әдістемесінен, керісінше, діннің тәжірибесін мойындау әдістемесіне айнала бастады. Себебі, У. Джеймс эксперимент, психологиялық тәжірибелер мен сезімдерді нақты бақылаумен зерделеуді дінтану үрдістеріне енгізуге бетбұрыс жасады, және кейін «мистикалық тәжірибелердің энциклопедиясы» деп бағаланған «Діни тәжірибелердің әралуандылығы» кітабында жаңаша зерделеудің тамаша үлгісін көрсетті. Ғалым-дәрігер, психолог ретінде ол мистицизмнің діни мазмұндағы оңтайлы көріністерімен қатар күмәнді түрлері болатынын да жасырмай, психикалық сырқаттарды талдады.

У. Джеймстің жарияланымдары сол кездегі Еуропа және Ресей философтары мен дінтану-

шылары арасында талқыға түскенін, пікірталастар, сонымен бірге жалпы алғанда зор қызығушылыққа ие болған еді. Сол кездің өзінде Джеймстің еңбектері орыс тіліне аударылды (Советтік атеизм заманында, әрине, оларға қайта тыйым салынды). Орыс зиялылары «Вопросы философии и психологии», «Логос», «Русская мысль», «Богословский вестник», «Вера и разум» сынды дінтану, философиялық бағыттағы басылымдарда У. Джеймстің «Діни тәжірибелердің саналуандығы» еңбегін қызу талқыланды (Антонов, 2015). Бұл жерде XX ғ. бас кезінде Ресейде бой көтерген діни-философиялық ренессансті ескеру керек. 1896-1916 жж. Ресейде және кейін эмиграцияда орыс авторлары Джеймстің еңбегін жиі талқылады.

Тарихшы әрі құқықтанушы С. Котляревский Джеймстің прагматизм философиясы дін мен ғылым арасындағы қайшылықты әлсіретуге, сол сияқты діни фанатизм немесе, керісінше, дінге немқұрайлықтан өзгеше, орташа әділ ұстанымды қалыптастыруға негіз жасады деп жоғары бағалады. Ол Джеймс зерттеулері енді діннің өзін қатып семіп қалған «соңғы» абсолюттік формада емес, адам рухының мәңгілікке ұмтылысы тұрғысынан динамикада қарауды үйретеді деп түйіндеді. Атақты философ, теолог (теологиядан PhD атағын, эмиграцияда, Кэмбридже алған) Николай Бердяев әрқашан У. Джеймске ілтипат көрсетіп келді. Американдық ойшылдың еңбегін «даңқты кітап» деп бағалап, ағылшын эмпиризмiнен бастау алған У. Джеймс оны ары қарай дамытып, іс жүзінде діни және мистикалық тәжірибе құбылысын ақтады, ол «танымның өмірлік сырына» қарай беттеді, нәтижесінде діни тәжірибелер жайлы XIX ғасырдан қалыптасып келе жатқан рационалданған теріс түсініктің күлін көкке ұшырды деді.

Сонымен бірге басқа орыс ойшылдары сияқты, Н. Бердяев У. Джеймстің тек англо-саксондық діни ағымдарды назарға алып, шығыс-христиан тәжірибелеріне көңіл бөлмегендігін еңбегінің бір кемшін тұсы деп көрсетті (бірақ У. Джеймс Лев Толстойдың діни ізденістері мен халдеріне арнайы тоқталғаны белгілі). Бердяевтің пікірінше, У. Джеймс ұсынған діни тәжірибелер суреттемесі жұпынырақ, ол діни тәжірибенің тек элементарлық, бастауыш психологиясын ғана берді-мыс, ал «ең жоғарғы психология» әлі жазылмаған күйде қалып отыр. Әдетте «батыс индивидуализміне» қарама-қайшы ұжымдық «Мен», Шіркеуді, соборлықты (көпшілдікті) жақтайтын сол кездегі

орыс діни философтары американдық ғалымның эмпиризм туралы тұжырымын «кеңейтуді» ұсынды, себебі соңғысы біржақтылық деп саналды. Мәселен, П. Страхов У. Джеймстің дін психологиясына қосқан үлесін жоғары бағаласа да, жалпы философиялық «прагматизм» тұжырымдамасынан оның бұлыңғырлығын, шектеулігін, батыс адамына тән утилитаризм, тіпті сектанттық нышандарын көреді. Шынайы христиан руханияты бұл дүниенің «пайдасымен» ғана өлшенбеуі тиіс деп сынайды.

У. Джеймстің зерттеулеріне толыққанды талдау жасаған атақты философ С. Франк болды. Орыс діни философтарының ішіндегі ең батысшыл, заманауи ойшыл саналған Франк өзі де діннің толыққанды философиясын негіздеген еді. С. Франктің анықтамасы бойынша, Уильям Джеймс «тұңғыш заманауи психолог», «Джон Милльдан кейінгі ірі англо-саксондық эмпирист», оған «психологиялық бақылауға келгенде данышпандыққа таяу табиғи дарыны» тән (Антонов, 2015, р. 34). Джеймс пен оның жарияланымдарын С. Франк XIX—XX ғғ. тоғысындағы қоғамдық трансформациялар контекстінде діннің мәдениеттегі рөлінің өзгеруі тұрғысынан қарастырады. Сол сияқты П. Флоренский У. Джеймстің әдістемесін «бетбұрысты» деп, енді бұдан былай діннің мәні туралы догматикалық ұстанымнан өзгеше «сыни сұрақтарды» қоюға жол ашылады деп бағалады. Джеймстің психологияға қосқан үлесін жан-жақты талдап, 1910 жылы сын-пікір жазған ресейлік Г. Челпанов болды (Воробьев, 2017, р. 83).

Мәдени-өркениеттік өзгешелігімен белгілі православ Ресейдің сол кездегі діни философтарының шоғыры У. Джеймстің идеяларына үлкен мән бергені маңызды (Grossman, Rischin, 2003). Біздіңше, У. Джеймстің діннің ішкі адами тәжірибелері мен сыртқы әлеуметтік құрылымдарын (ұйымдасқан институт, дәстүрлер), интериоризация мен экстериоризацияны қарама-қарсы қоюы сол заманғы ғылымдағы конъюнктураға байланысты белгілі әсірелеу ғана. Қазіргі заманғы дін социологы Дональд Миллер У. Джеймстің «экспрессивті индивидуализмін» кейін сынға алған авторларды, соның ішінде католик дәстүрін жақтаушы Чарльз Тайлордың «Varieties of Religion Today: William James Revisited» атты кітабында «протестант Джеймстің» жеке тәжірибелерді ұйымдасқан дінге қарсы қоюына байланысты уәждерді атап өтті (Miller, 2023). Сол сияқты өз заманында Джеймстің мистикалық құбылыстарға, телепатияға, т.б. оң көзқарасын

Дж.Кеттелл, Э. Титченер сынды авторитеттер сынға алған екен (Воробьев, 2017, р. 85).

Шын мәнінде қазіргі заманғы жаһандық діни трендтерді, тіпті XX ғасырдың әйгілі психологы К. Юнгтың «ұжымдық түпсана» концептін есепке алсақ, жекешелік пен жалпылылықтың (мұсылман дәстүрінде: «шахси» – «ғұмүми») арақатынасы әрқашан өзара диалектикалық байланыста, күрделірек, ол XX ғ. басында өмір сүрген У. Джеймстің көрсеткенінен гөрі тереңірек, парадоксалды деп айта аламыз. У. Джеймстан кейін XX-XXI ғғ. ғылымда, психологияда сана феномендері туралы анағұрлым бай, кең көлемді негіздемелер, тұжырымдар ұсынылды. Ғалымның өзі де психологияның болашағы алдыда деп, тіпті өзінің психологиялық еңбектеріне сын көзбен қарап, сол заманның жантану ілімінің академиялық ғылым ретіндегі жетістігіне көңілі толмаған.

Жалпы алғанда, Уильям Джеймстің дінтанулық мұрасы, қазіргі зерттеушілердің пікірінше, өз құндылығын жоғалтпаған көпқырлы классикалық мұра. Ғалымның догматизмге қарсы, дінге прагматизм тұрғысынан қарауын көптеген ғалымдар, зиялылар әлі де қызу қолдап, пайдалы зерттеу тәсілдемесі ретінде қабылдауда. Еуропалық елдер, АҚШ, Ресей, Түркия, т.б. авторлары, мысалы, Jeremy Carrette, David Lamberth, Henrik Rydenfelt, Sami Pihlström, Stephen S. Bush, R. Goodman, M.G. Bradford, J.A. Bishop, S. L. Hawkins, Fatih Taştan, ресейлік В. Воробьев, Л. Бойко, Ю. Стрижова, К. Антонов, тағы басқалары ретроспективті талдауларында бірауыздан атакты психологтың іргелі еңбектері мен тұжырымдарына жоғары баға беріп, У. Джеймстің идеялары мен әдістерінің өміршендігін растайды. «Бүгін дүниежүзі университеттерінде дінтану мамандығындағы көптеген құрылымдар бар, оларда Джеймстің идеялары маңызды орынға ие. Оның жеке тәжірибелер туралы пайымдары көптеген ғалымдарды діни және мистикалық тәжірибелерді тек дінтануда ғана емес, басқа салаларда да, айталық психология, теология, философия және антропологияда, зерттеуге ынталандырды» (Bishop, 2021).

Нәтижелері және талқылама

У. Джеймстің жалпы дін туралы, діндердің типологиясы, дінге анықтама беру немесе діндегі адамдардың типтері сияқты мәселелерге де өзіндік тәсілдемесі айғақталады. Психолог діннің мәнін анықтауға жалпы алғанда қарсылық білдіреді,

ді, себебі оның ойынша дін күрделі, көпқұрамдас нәрсе (Джеймс, 1993, р. 37). Сол себепті ол тек нақты адамның діни сенімі, ішкі сезімдері мәселесін өзінің зерттеу нысанына алады. Джеймс діннің институционалданған формалары – мекемелер, институттар, сыртқы культ, құрбаншылық, шіркеу, теологиялық жүйелер, рәсімдер, т.б. екенін жақсы біле тұрса да егер дінге шартты анықтама қажет болса дін – мазмұны жағынан Құдайға қатысты құрылған жеке адамның сезімдері, амалдары мен тәжірибелерінің (халдерінің) жиынтығы деп санайды (Джеймс, 1993, р. 40). Ол өзінің «дін – ең әуелі жеке тәжірибе» деген басты тезисін еңбектерінде алға тартып жиі қайталайды (Джеймс, 1993, р. 39). Жекешіл дінде оның «орталығын» ішкі сезімдер, адам жанының өзінен тыс рухани әлемге сенімі, үміті, ар-ұяты, абдырауы, жалғыздығы, дәрменсіздігі, т.б. адами әлсіздіктері мен сана-сезім күресі құрайды. Сөйтіп, У. Джеймс діндегі сана-сезімді, психологияны алдыға шығарып, философиялық абстракциялардың маңызын күрт төмендетті.

У. Джеймстің еңбектерінде жалпы дінтануға қатысты табиғат діндері (натуралистік, политеистік) мен «құтқару діндерін» (әлемдік, этикалық діндер – буддизм, христиан, ислам) екі үлкен сатыға (түрге) бөліп қарағаны да маңызды. Архаикалық діндерді «жансаулығы діндері» деп атап, олардың ізбасарларының жеке бастарында «құтқару діндеріндегі» сияқты жан азабы, рухани ізденістер, т.б. қайшылықтар болмауы себепті табиғатпен етене қарапайым, оптимистік «сәбилерше сену» тән болды. Ал әлемдік діндерді ұстанушылар адами сана-сезімнің саналуан құбылыстарын басынан кешіреді: олар дүниенің қараңғылық, зұлымдық екенін түсініп, жеке басының және басқа адамдардың күнәларын біліп (ұғынып), пессимизм, күйзеліс, ішкі тартыс арқылы Құдайға деген сенімін табады. Сонымен бірге, Джеймс бойынша, «жан саулығының діні» мысалына дәстүрлі католицизм де жатқызылады, ал, мәселен, кальвинизм «жоқ-сыңған жанның діні» болып табылады.

У. Джеймс британ теологы Фрэнсис Ньюманның адамдардың діндегі екі діни типі (түрі), екі діни темперамент иелері үлгісі туралы идеясын қабылдап оны дамытты (Джеймс, 1993, р. 140). Олар «бір мәрте туғандар» (once-born) және «екі мәрте туғандар» (twice-born). Біріншісі – табиғатынан өзін-өзі бақытты сезінуге дайын, сана-сезімі бүтін, оптимистік мазмұнда түзілген, Құдайды, әлемді, өмірді қуанышпен қабылдайтын және қалыпты эволюциялық

жолмен дамитын адам жаратылысы. Ал twice-born – ол тағдырынан, жаратылысынан «сырқат жандар», дүниенің кемшілігін жанына жақын қабылдайтын, менталдық жағынан күрделі, қайшылықты болып келетін олар діни тәжірибе, атап айтқанда дінге берілу (conversion) арқылы екінші рет өмірге келуге (қайта жаралуға), яғни жаңғыруға ұмтылып, сол жолдың бұраң белестерінен өтіп түбейгейлі қайта құрылуға бұйырылғандар. Жалпы, «екі мәрте туылу» метафорасы үнділік діни философияда (брахмандарға қатысты), сол сияқты Инжілде де кездеседі. У. Джеймс американдық пуритан Джозеф Аллайанның қанатты сөзін келтіреді: «Нағыз христиан адамы деген – іргетасынан бастап шатырына дейін қайта құрылған ғимарат іспеттес. Ол – жаңа адам, жаңа жаратылыс» (Джеймс, 1993, р. 186).

Сол сияқты У. Джеймс діни сенім, діни тәжірибелер, жалпы діндарлық дегенде риясыз, терең сезімдер мен эмоцияларды, нағыз менталдық эксперименттерді жанымен сезіп білуді айтады. Қандай да болсын Құдайға сенушінің басынан кешірген халдері, рухани ізденістері шынайы, жарқын, бірегей үлгілерде болса ғана назарға алуға тұрарлық. Джеймс дәл сондай өмірбаяндық тәжірибелердің, мистикалық оқиғалардың негізінде тамаша дәрістерін оқып, кейін оларды «Діни тәжірибелердің әралуандылығы» кітабына енгізді. Джеймс өзі былай деп жазды: «Толық дінге берілу салты шын мәнінде адамды ерекше және эксцентристік адамға айналдыратынына еш күмән жоқ. Мен қазір сіздерге қарапайым Құдайға сенушіні айтпаймын, ол өзінің елінің салт-дәстүріне, мейлі ол буддизм, христиандық немесе мұсылмандық болсын, жәй бойұсынған адам. Оның дінін ол үшін басқалар жасап берген, дәстүрмен берілген, белгіленген формалардағы еліктеумен бекітіліп, әдетпен сақталып отыр. Ондай қайталама діни өмірді (second-hand religious life) зерттеу бізге көп пайда әкелмесі анық» (James, 2009, р. 9). Сондықтан Джеймске ондай екінші реттік, үстірт, жаттанды діндарлықтан гөрі сол қалың бұқара үшін иландыратын сезімдер мен мінез-құлық үлгісін ұсына алған діни дарынды «екі мәрте туған» тұлғалардың («geniuses of the religious line») тәжірибелерін зерттеу маңызды. Яғни Джеймше діннің тереңдігіндегі құпияға жету үшін оны ұстанушы «шектен шыққан діни сипаттағы» типке айналу керек (Джеймс, 1993, р. 54). Бұл жерде «шектен шығу» психологиялық сезімдерге қатысты, ішкі мазмұны жағынан асып-тасу мағынасында қолданылады.

Ондай діндар тұлғаның (мейлі, ол ежелгі діни тұлға немесе халық арасынан әлі де шығып жатқан әртүрлі харизматикалық сипаттағы еркектер мен әйелдер болсын) «дінге берілуі» де шынайы терең акция, толық бойұсыну, дүниетанымдық төңкеріс мазмұнында (қазақ, мұсылмандық дәстүрдегі «Құдай жолына түсу» сөз тіркесі дәлме-дәл бейнелейді). Олардың сол жолда өткен рухани тәжірибелерінің шынайылығы және Ақиқатқа жақындауының басты белгісі, критерийі – ол «жемістері», діндарлығының шығармашылық өнімдері, жаңғырған сана-сезімі, құлшынысы, мейірім-шапағатының артуы. Ал осындай шынайы қайта түлеу құбылысының адамзат тарихында дәлелденген жалғыз жолы, «технологиясы» аскетизм екенін Джеймс әлем діндері тәжірибесімен негіздейді (басқа оқиғалар: рухани сілкініс туғызатын саяси, қоғамдық өзгерістер, соғыстар, немесе өмір салтын түбейгейлі өзгерту, т.б.). Аскетизм, дүниеден безу және кедейлік культы – «әулиелік өмірдің сәні, нақышы», – деп жазады У. Джеймс (Джеймс, 1993, р. 255). Ол Индияның йога жүйесі мінезді шыңдаудың, тұлғалық күш-қайрат пен рухтың беріктігін қалыптастырудағы ең жемісті практика деп бағалайды (Джеймс, 1993, р. 333). Сол сияқты мұсылман дініне көбірек тән кедейлік культін, әлеуметтік теңдікті ұстану идеалына байланысты қоғам мүшелеріне шектен тыс материалдық дәулетті жинамауға үндейтін діни әдетіне оң баға береді (Джеймс, 1993, р. 262-263).

Джеймстің негіздемесі бойынша «сезім – діннің ең терең қайнаркөзі, ал философиялық және теологиялық құрылымдар, түсініктемелер тек екінші реттік «қондырма», түпнұсқа мәтінді бөтен тілге аударған сияқты (Джеймс, 1993, р. 40). Джеймс «діни тәжірибелер» ұғымының мән-мазмұнын ашады, ол рухани тәжірибенің сануалуандылығын дәлелдеп, оның мазмұнына әртүрлі мистикалық көріністер, қорқыныш, сенім, махаббат, күнәға өкіну (ар азабы), күйзеліс, депрессия, сол сияқты шаттыққа бөлену (экстаз) халдер, шабыттану, елігу (экзальтация), т.б. субъективтік діни феномендерді жатқызды. Ал діни тәжірибелерді зерттеудің материалдары бақылау әдісімен зерттелетін Құдайға сенуші адамдардың, мистиктердің, көріпкелдердің, медиум-спириттердің күнделіктері, ғұмырнамалық жазбалары, т.б. алынды.

Джеймстің ұзақ жылдарғы психологиялық бақылау негізіндегі эмпирикалық зерттеулері, «Діни тәжірибелердің әралуандылығы» кітабына арқау болған бай мазмұнды психологиялық

материал, ең бастысы ғалымның тек феноменалды тәжірибені ыждаһатпен бақылау әдісіне негізделуі оны «діни тәжірибені», соның ішінде жеке тұлғаның әсіресе терең, мистикалық көңіл-күйлері мен халдерін ашып, сипаттауға мүмкіндік берді. У. Джеймстің діни эксперименттердің жинағы іспеттес «Діни тәжірибелердің әралуандылығы», т.б. зерттеулерінің құжаттық, деректік базасы мәселесіне келсек, автор көптеген атақты діндарлардың өмірбаяндарын, басынан кешкен діни-мистикалық ахуалдарды «адами құжаттар» (Джеймс, 1993, р. 20) ретінде зерттеуіне арқау еткенін айту керек. Мысалы, Қасиетті Августин, Қасиетті Игнатий, Мартин Лютер, Гете, Лев Толстой, Қасиетті Тереза, Анне Безант, Джозеф Аллайн, Джозеф Смит (мормондар сектасының атасы), квакерлердің сектасының негізін салған Джордж Фокс, Ричард Уивер және Франк Булленның ғұмырнамалары, сол сияқты Имам Ғазали, Аюб пайғамбар (Йов), Мұхаммед пайғамбардың есімдері мен оларға қатысты белгілі ізденістері, жан арпалысы, рухани тәжірибелері мәселесі қозғалады. Ортағасырлық христиан монахтары мен шейіттерінің (азап шегушілер, құрбандар), квакерлер, пуритандар өмірінің әсерлі эпизодтары, естеліктері дереккөздер ретінде алынған.

У. Джеймс өз заманындағы калифорниялық профессор Старбэктің «Дін психологиясы» еңбегін қолданды, ол зерттеуде інжілшіл (христиан-баптист) ортада өскен жасөспірімдердің сана дағдарысынан өтудегі тәжірибелері, онда жалпы дінге бет бұрудың 100 оқиғасы келтірілген еді. Сол сияқты психолог Джордж Ко (Соа) жинап зерттеген орта жастағы адамдардың дінге бұрылу (conversion) 77 фактісі жинақталған (Джеймс, 1993, р. 195). *Studies in Psychology of religious Phenomena* журналында 1896 жылы 8 (309) нөмірінде жарық көрген профессор Леубаның, сол сияқты Эдвардстың *Treatise of Religious Affections* («Діни сезімдер туралы трактат») зерттеулердегі материалдар мен ғылыми түйіндерді де белсенді пайдаланды. Уильям Джеймс жалпы *American Journal of Psychology*, *Journal of the Society of Physical Research* сынды басылымдарында жарияланған көптеген діндарлар психологиясына қатысты, сана феномендері, мәселен, «автоматты жазу» кейстарын, т.б. есепке алды.

Джеймс өзінің діни тәжірибелердің мән-мағынасын, оның психо-физиологиялық фактормен байланысын, сол сияқты адамның өміріндегі маңызы мен рөлін толыққанды ашып, сипаттаған тұңғыш әрі бірегей дінтанушы және

дін психологы аталуына барлық негіз берді. С.Котляревский айтқандай, Джеймс бір жағынан мистикалық, «қасиетті» тәжірибелерді ғылыми зерттеуге қосуға батыл қадам жасаса, екінші жағынан, ол діндегі интеллектуализмді шектеді. Құрғақ рационализмге қарсы ол дінді ақтау (апология) ісіне зор үлес қосты. «Көзге көрінбейтін реалдықтың» тек «тірі» діни тәжірибелер, олардың адамға пайдалы ізгі салдарынан білінетінін, ал рационалды түрде оны сипаттау мүмкін емес екенін жазады. Себебі, иррационалдык, интуитивтік халдерге байланысты жеке мистикалық тәжірибелердің шекарасы әдетте субъективтік болатыны да белгілі. Жалпы, У. Джеймс рационализмнің дінге баға берудегі – жақтауда да, қарсы болуда да – дәрменсіздігі туралы ашық айтты (Джеймс, 1993, р. 71). Сөйте тұра, Джеймс іс жүзінде өзінің таңқаларлық білімділігі мен дарындылығының арқасында дін мен ғылымды үйлестіруге, ақыл мен иман (сенім) арасындағы өзара байланысты сақтап, жаңаша пайымдауға бастама жасады. Ол интуиция мен ақылды үйлестіруді жоғары бағалап, осы негізде ғана, мысалы, дамыған католиктік және буддалық дін философиясы қалыптасқан деп рационализмді де белгілі мөлшерде мойындады (Джеймс, 1993, р. 71).

Дін мен ғылымның арасындағы байланыс үшін ол тереңдеген, «сублиминалды сана» категориясын енгізді. Уильям Джеймстің сана мәселесіне көзқарасы сол заманғы Спиноза, т.б. авторитеттерге қарама-қарсы мазмұнда, біріншіден, адам санасы бөлшектенген элементтерден тұрмайды, яғни дискретті, көпқұрамды емес, керісінше, сана – біртұтас құбылыс және бұл жерде «сана ағымы» (the stream of consciousness) сөз тіркесі орынды екенін айтты. Сана феноменіне, адам психологиясын бейнелеуге «ағын», «өзен» метафоралары сәйкес келеді деп есептеді (Bishop, 2021). Жеке тұлғаның шеңберінде сана өрісі толассыз өзгерісте, тұрақсыз, біресе тарылады, біресе кеңейеді.

Джеймстің «сублиминалды бейсаналылық» ұғымына келсек, ол қалыпты санадан тыс өзгеше форма, беймәлім трансценденттік Сана тарапынан келетін осы шекаралық сананың ықпалдарымен, оның пікірінше, жоғары діни тәжірибелерді, транс күйін, энергиялар көзінің ашылуын, т.б. құбылыстарды түсіндіруге болады. Мұхаммед пайғамбардың алған уаһилері осы бейсаналы өрістерден деп топшыланады (Джеймс, 1993, р. 381-82), атап айтқанда, ол – «автоматтық» немесе «жартылай автоматтық» хал (яғни толық

немесе жартылай өзінің атынан емес – бейсаналы күштің билігінде сөйлеу), Джеймстің пікірі бойынша, осы қасиет көне еврей пайғамбарларының бәріне дерлік тән болған (Джеймс, 1993, р. 380).

«Адамды құтқаратын біздің саналы «мен»-імізден тыс күштердің барлығы – ақиқат» (Джеймс, 1993, р. 188). Джеймстің ойынша, көзге көрінбейтін мистикалық әлеммен (оны ол христиан дәстүріне жақын болғандықтан «Құдай» деп атауды ұсынады) байланыс орнату – реалды процесс, оның нәтижелері де реалды, шынайы, және ол адам тұлғасының түбегейлі қайта құрылуымен, жаңаруымен сол адамның өмірлік практикасында, табиғи тіршілігінде де нақты көріністерін береді» (Джеймс, 1993, р. 405). Аталмыш еңбегінің 11-15-ші дөрістерінде Джеймс қасиеттілік өлшемін жан-жақты талдайды, ал 16-17-ші дөрістерді арнайы Мистицизм феномендеріне арналады.

У. Джеймс дінге алғаш рет адами тұрғыдан, адами өлшеммен, жеке пенденің өзіне берілген өлшеулі өмірдегі ғұмырлық құндылықтар мен нәтижелер (жемістері) жағынан, нақты адамның көз жасы мен жүрек соғысы, жеке ішкі қиналысы, үміт-армандары сияқты моральдық құндылықтар негізінде жаңаша қарауға шақырды. Джеймстен бұрынғы дінтану мен теологияда антропологиялық факторға, діннің интериоризациялануына жете көңіл бөлінбеді. Мистикалық тәжірибелерден Құдайға сенушілер гармония, үйлесім, сана-сезімнің түрленуіне қатысты нақты практикалық нәтижелер алып шыққаны, Джеймстің дәлелдеуі бойынша, діннің өзінің дұрыстығын, «пайдалылығын» жанама дәлелдеп тұр.

Діни тәжірибелерді зерттеуде У. Джеймс «рухани энергия» ұғымын (Джеймс, 1993, р. 174) қолданады. Дін жаңарған адамның рухани энергияларының нағыз орталығына айналуы керек. Сонда оның бойындағы күш-қайрат көзі ашылып, ортаға шығып діни уағыз айтуға, адамдарды психологиялық жағынан емдеуге, т.б. дарындары айқын көрініс береді. Осы жерде қазақ мифологы С. Қондыбайдың «аруақ қону» құбылысына қатысты қазақы атауларды, сөз тіркестерін келтіруі орынды: «ығайлы» (орысша: харизматичный) адам «астамтекті күшке, қабілетке ие болады», «әуейіленеді» (Қондыбай, 2017). Діни тәжірибелердің әралуандығына және олардың жемістерінің де әртүрлі болатынына қарамастан, ортақ сипаттары – өз бойындағы үрей, күйзеліс, күнәһарлық, апатия, күдер ұзу, меланхолия, т.б.

сезімдер мен халдерді ақыры жеңіп, жүрегін Құдайға және адамдарға деген сүйіспеншілік сезімі баурап, жаңа мотивациялар ашылып, ондай адам діни-гуманитарлық қызметке ұмтылады, моральдық шыншылдығы оянып, «қауіп-қатерді керек қылмау» сияқты мінез бой көрсетеді, кейде экзальтация сезімі (сол сияқты ол бойындағы ауру сырқаттардан арылады). Мистиктердің тәжірибелерінің психопатологиядан ажырату үшін Джеймс басты критерийді белгілейді: ол тұлғаның өмірлік өнімділігінің артуы, ішкі энергия резервтерінің көзі ашылуы, керемет идеялар мен жасампаздықтың сарқылмас қайнарына айналуы. Мысалға ол Қасиетті Терезаның өмірі мен естелігін келтіреді. У. Джеймс «қасиетті адам» дегенге өз анықтамасын беруге тырысады: ол өзінің қызметіне діни сезімді басшылыққа алған, діни құндылықтарды нағыз орталығына айналдырған тұлға деп есептейді. Барлық діндерге ортақ «қасиетті адамның» басты сипаттары: аскетизм (риязат), дүниеқұмарлық сезімін жеңуі, ізгілікке берілуі, жанының тазалығы әрі күшқуаты мен мейірім-шапағатының мол болуы (Джеймс, 1993, р. 220).

«Екі мәрте туылғандар» діни жамағаттардың көшбасшысына айналып, немесе, мысалы, рухани сауықтыру қозғалыстарының еріктісі қызметіне кірісіп кетеді (бұл жерде Америкада пайда болған Mind cure movement деп аталатын, мағынасы «Рухани дәрігерлік» қозғалысы сектасы тәжірибелері талқыланады). Ал кейбір таңдаулы субъектілердің діни тәжірибелері терең мистикалық мазмұнда өрбіп, олар асқан дарын иесі (гений), қасиеттілік (әулиелік) деңгейіне жетеді. Джеймс өзі дәрігер әрі психолог болғандықтан, сананың қалыпты күйінен тыс, мазмұны жағынан психикалық сырқат түрінің болуын жоққа шығармайды. Сондықтан кейбір діни сезімдер, мысалы, діншілдік, Құдайға берілу ниеті адамдарды жағымсыз фанатизмге, дұшпандыққа (ғадауат) әкелуін айтып, басқа да психопатологиялық, яғни сананың ауытқу құбылыстары мәселесін талқылайды. Христиан дінінде «күнәдан тәубаға келу» акциясы үлкен орын алатыны белгілі, бірақ ол іс жүзінде «күнәдан кету және өкінішке салынбау» (Джеймс, 1993, pp. 111-112), әйтпесе өзін-өзі жеп, түңіліп, пессимизмге, сарыуайымшылдыққа салыну жағымсыз салдар екені айтылады.

Дін жолындағы адамның саналуан сезімдері мен эмоцияларын мысал етіп, кейде жек көрушілік, өшпенділік, т.б. келеңсіз инстинкттердің алдыға шығатынын, немесе әуейіленіп, мас-

сатанып, салтанатты көңіл-күйлерге салынуы мүмкіндігін айтады (ғалым кезінде психофизиология негізінде эмоциялар теориясын жасағаны да белгілі). Адам санасының патологиялық белгілерін таразыға сала отырып, Джеймс алайда сол кездегі ғылыми әдебиетте ұсынылған Доро, Ламброзо, Нордау сынды авторлардың адамзат тарихындағы «гений», яғни ерекше дарынды тұлғаны психопатологиямен, яғни психикалық ауытқумен түсіндіру теориясына қарсылық білдіреді (Джеймс, 1993, р. 30). Жалпы, гений сөзі (латын тілінен «genius» – рух) тылсым рухтармен арқаланған, белгілі салада (немесе бірнеше салада) қалыптан тыс, ерекше дарынды, қасиетті адам дегенді білдірген. Мысалы, діни гений, әскери гений, ғылыми гений, т.с.с. болады. Сондықтан бұл сөзді «дана», «данышпан» дегеннен гөрі қазақша «асқан дарын иесі» деп аударған орынды сияқты. У. Джеймс «арқалы», асқан дарын иесі гений-адамның нерв жүйесі тұрақсыздығының симптомдарын растайды (Trimble, 2002), сонымен бірге «Діни тәжірибелердің әралуандылығының» 1-ші дәрісінде «Дін және невроз» мәселесін қойып, жалпы алғанда діни, рухани құбылыстарға берілетін медициналық, сол сияқты қарабайыр сексуалдық негіздердегі түсіндірмелерді сынайды.

У. Джеймс діни мағыналы өмірдің, тағдыры дінмен өрілген адамдардың басты сипаттары ретінде мынадай белгілерді келтіреді: көзге көрінетін физикалық әлем – тек қана өзге, рухани әлемнің бір бөлігі (көрінісі) және ол сол рухани әлемнен ғана өзінің толық мағынасын табады; біздің өміріміздің шынайы мақсаты сол жоғары әлеммен үйлесім табу; Құдай немесе «Заң» десек те – яғни сол шынайы болмыстың рухымен байланысқа түсу, мінәжат ету рухани энергияларды іске қосатын реалды процесс, және ол процесс осы феноменалды әлемде белгілі психикалық, тіпті материалдық салдарды туғызады; сол сияқты дін адам өміріне бой тартарлық әсемдік немесе айбарлық, қаһармандыққа еліктеу формасына ұласатын жаңа көркемдік сипат дарытады; дін жанның құтқарылуына мызғымас сенім, жүрек тыныштығын беріп, сүйіспеншілік сезімінің күшін арттырады» (Джеймс, 1993, р. 405).

Қорытынды

Психология профессоры, XX ғасырдың ең ірі философы, дін психологиясының негізін қа-

лаушы Уильям Джеймстің прагматизм мен эмпиризмге сүйенген тұжырымдамасы дінтану ғылымының жеке адамның ішкі сезім-күйлері мен діни ізденістеріне танымдық бетбұрыс жасауына зор серпін берді. Ол эксперименталды психологияның лабораториялық түрде зерттелуін, діни тәжірибелердің феноменологиясын зерттеді. Джеймстің еңбектері, әсіресе «Діни тәжірибелердің әралуандылығы» кітабы батыс ғылымында дінді ең әуелі психологиялық феномен, «сезім тәжірибелері» деп қарастырудың тәсілдемесін жасады. Американдық дінтанушы-психолог – діннің өзегі, мәні ұйымдасқан діндердің принциптері, формалары немесе теология емес, ол – адамның жеке діни тәжірибелері, ішкі руханияты екенін негіздеп, сол сияқты іс жүзінде сол кезеңдегі ғылыми қауымдастық арасында скептикалық көзқараспен қаралатын иман (сенім), мистикалық тәжірибе сынды мәселелерге жаңаша, тым болмаса гуманистік, эмпирикалық тұрғыдан қызығушылық және зайырлы сипаттағы құрметпен қарауға үлкен ықпал еткен бірегей ойшыл тұлға.

Бүгінгі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың жаңалықтарын ескере отырып бағаласақ, У. Джеймс сана теориялары, сана трансформациясы тақырыбына қатысты қазіргі тұжырымдарды көп жағынан болжап білгені байқалады. Айталық, қазіргі заманғы трансперсоналды психологиясының тарланы, американдық профессор С. Гроф көп жылғы сананың өзге қалыптарын зерттеуінің нәтижесінде сана – адам миының туындысы емес, дене (ми органы) – ол тек өткізгіш қызметін атқарады деген төңкерісшіл идеяны негіздеді. Тура осы ойды кезінде У. Джеймс те айтқан болатын (яғни сана – шын мәнінде дене-ден тыс феномен, адамның миы тек құрал, дәнекер ғана).

Уильям Джеймстің дінтанулық еңбектері әлі күнге дейін құндылығын жоғалтпаған көпқырлы, терең де мазмұнды ғылыми мұра. Болашақта қазақстандық дінтанушылары У. Джеймстің прагматизм әдістемесін игеру негізінде дәстүрлі исламның, әсіресе эксперименталдық бағытқа жақын, ертеде «екі мәрте туғандарды», данышпандарды даярлайтын рухани мектеп болған, жеке діни тәжірибелердің нағыз қазынасы есептелген классикалық суфизмнің өзін-өзі тану, нәфсі тәрбиесі, мистикалық халдер, сана трансформациясының мәселелерін зерттеуді жаңа сапалық деңгейге көтереді деп сенеміз.

Әдебиеттер

- Baader, M. (2005). William James' Theory of Religion and Pluralistic World/ <https://brill.com/display/book/edcoll/9789087903558/BP000004.xml>
- Barnard, J. (1997). William James and the Philosophy of Mysticism. – State University of New York Press. – 436.
- Bishop, J. (2021). Pragmatist William James' theory of religion. <https://jamesbishopblog.com/2021/11/15/pragmatist-william-james-theory-of-religion>
- Carrette J. & Lamberth, D. (2017). William James and the Study of Religion: A Critical Reading. Introduction / <https://www.degruyterbrill.com/document/doi/10.7312/king14542-021/html?srsId=AfmBOopUZKeK6Ph6BnRl3UrqIeny7nuZa4vr14n4y8llRIid2-TIDak0>
- Grossman J. D., Rischin R. (ed.). (2003). *William James in Russian Culture*. Lexington books.
- Hawkins S. L. (2014). *William James and the "theatre" of consciousness*. Brain, mind and consciousness in the history of neuroscience. Springer Netherlands.
- James, William (2009). *The Varieties of Religious Experience: A Study in Human Nature*. University of Adelaide. https://csrs.nd.edu/assets/59930/williams_1902.pdf
- James, William (2017). *The Will to Believe*. Independently published.
- Miller, D. (2023). *Spiritual Exemplars: The Pragmatism and Mystical Perspective of William James*. <https://crcc.usc.edu/spiritual-exemplars-the-pragmatism-and-mystical-perspective-of-william-james>
- Rydenfelt, H., Pihlström, S. (ed.). (2013). *William James on Religion*. University of Helsinki. <https://link.springer.com/book/10.1057/9781137317353> https://doi.org/10.1163/9789087903558_004
- Taştan, F. (2023). William James: His Humanism and Philosophy of Religion. *Üsküdar Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*, 16, 191-208. <http://doi.org/10.32739/uskudarsbd.9.16.125>
- Trimble, M. (2002). *William James and the Religious Experience*. <https://www.cambridge.org/core/journals/cns-spectrums/article/abs/william-james-and-the-religious-experience/3C5913B547190BDC3110210A872A0C62> <https://doi.org/10.1017/S109285290002246X>
- Антонов К.М. (2015). Концепция религиозного опыта У. Джеймса в русской религиозной мысли. *Вестник ПСТГУ. Богословие. Философия*. 5(61). 91-111. <https://cyberleninka.ru/article/n/kontseptsiya-religioznogo-opyta-u-dzheyma-v-russkoy-religioznoy-mysli-pervoy-treti-xx-v/viewer>
- Бойко Л.А. (2021). Проблема религиозного опыта в прагматизме и христианской феноменологии: У. Джеймс и И.А. Ильин. *International Journal of Humanities and Natural Sciences*, 10-1(61), 73-75. 10.24412/2500-1000-2021-10-1-73-75 <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-religioznogo-opyta-v-pragmatizme-i-hristianskoy-fenomenologii-u-dzheyma-i-i-a-ilin/viewer>
- Воробьев В.С. (2017). К 175-летию со дня рождения Уильяма Джеймса – выдающегося американского философа и психолога. *Теоретическая и экспериментальная психология*, 10(3), 79-94 <https://cyberleninka.ru/article/n/k-175-letiyu-so-dnya-rozhdeniya-uilyama-dzheyma-vydayuschegosya-amerikanskogo-filosofa-i-psihologa/viewer>
- Гроф С. (2003). *Холотропное сознание: Три уровня человеческого сознания и их влияние на нашу жизнь* (пер. с англ.) АСТ.
- Джеймс У. (2011). *Прагматизм: новое название для некоторых старых методов мышления*. (пер. с англ.). ООО Директ Медиа.
- Джеймс, У. (1993). *Многообразие религиозного опыта* (пер. с англ.). Litres.
- Қондыбай, С. (2017). *Аруақ хақында*. https://adebiportal.kz/kz/news/view/serikbol-qondybai-aruaq-haqynda__18908
- Маслоу А. (1999). *Дальние пределы человеческой психики*. (пер. с англ.). РГБ.
- Юнг К. Г. (1997). *Сознание и бессознательное*. Университетская книга.

References

- Antonov, K.M. (2015). Koncepciya religioznogo opyta U. Dzheyma v russkoj religioznoj mysli [The concept of religious experience of W. James in Russian religious thought]. *Vestnik PSTGU. Bogoslovie. Filosofiya*. 5(61), 91-111. <https://cyberleninka.ru/article/n/kontseptsiya-religioznogo-opyta-u-dzheyma-v-russkoy-religioznoy-mysli-pervoy-treti-xx-v/viewer> (in Russian)
- Baader, M. (2005). *William James' Theory of Religion and Pluralistic World*. <https://brill.com/display/book/edcoll/9789087903558/BP000004.xml>
- Barnard, J. (1997). *William James and the Philosophy of Mysticism*. State University of New York Press.
- Bishop, J. (2021). *Pragmatist William James' theory of religion*. <https://jamesbishopblog.com/2021/11/15/pragmatist-william-james-theory-of-religion>
- Bojko, L.A. (2021). Problema religioznogo opyta v pragmatizme i hristianskoj fenomenologii: U. Dzhejms i I.A. Il'in [The Problem of Religious Experience in Pragmatism and Christian Phenomenology: W. James and I.A. Ilyin]. *International Journal of Humanities and Natural Sciences*, 10-1(61), 73-75. 10.24412/2500-1000-2021-10-1-73-75 <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-religioznogo-opyta-v-pragmatizme-i-hristianskoj-fenomenologii-u-dzhejms-i-i-a-ilin/viewer> (in Russian)
- Carrette J. & Lamberth D. (2017). *William James and the Study of Religion: A Critical Reading. Introduction*. <https://www.degruyterbrill.com/document/doi/10.7312/king14542-021/html?srsId=AfmBOopUZKeK6Ph6BnRl3UrqIeny7nuZa4vr14n4y8llRIid2-TIDak0>
- Dzhejms U. (2011). *Pragmatizm: novoe nazvanie dlya nekotoryh staryh metodov myshleniya* [Pragmatism: A New Name for Some Old Ways of Thinking]. ООО Директ Медиа. (in Russian)

- Dzhejms, U. (1993). *Mnogoobrazie religioznogo opyta* [The Varieties of Religious Experience]. Litres. (in Russian)
- Grof, S. (2003). *Holotropnoe soznanie: Tri urovnya chelovecheskogo soznaniya i ih vliyanie na nashu zhizn* [Holotropic Consciousness: Three Levels of Human Consciousness and Their Impact on Our Lives]. ACT. (in Russian)
- Grossman J. D., Rischin R. (ed.). (2003). *William James in Russian Culture*. Lexington books.
- Hawkins S. L. (2014) *William James and the “theatre” of consciousness*. Brain, mind and consciousness in the history of neuroscience. Springer Netherlands.
- James, William (2009). *The Varieties of Religious Experience: A Study in Human Nature*. University of Adelaide. https://csrs.nd.edu/assets/59930/williams_1902.pdf
- James, William (2017). *The Will to Believe*. Independently published.
- Maslou A. (1999). *Dal'nie predely chelovecheskoj psihiki* [The far reaches of the human psyche]. RGB. (in Russian)
- Miller, D. (2023). *Spiritual Exemplars: The Pragmatism and Mystical Perspective of William James*. <https://crcc.usc.edu/spiritual-exemplars-the-pragmatism-and-mystical-perspective-of-william-james>
- Qondybaj, S. (2017). *Aruaq haqynda* [On spirit]. https://adebiportal.kz/kz/news/view/serikbol-qondybai-aruaq-haqynda__18908 (in Kazakh)
- Rydenfelt, H., Pihlström, S. (ed.). (2013). *William James on Religion*. University of Helsinki. <https://link.springer.com/book/10.1057/9781137317353> https://doi.org/10.1163/9789087903558_004
- Taştan, F. (2023). William James: His Humanism and Philosophy of Religion. *Üsküdar Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*, 16, 191-208. <http://doi.org/10.32739/uskudarsbd.9.16.125>
- Trimble, M. (2002). *William James and the Religious Experience*. <https://www.cambridge.org/core/journals/cns-spectrums/article/abs/william-james-and-the-religious-experience/3C5913B547190BDC3110210A872A0C62> <https://doi.org/10.1017/S109285290002246X>
- Vorob'ev, V.S. (2017). K 175-letiyu so dnya rozhdeniya Uil'yama Dzhejmsa – vydayushchegosya amerikanskogo filosofa i psihologa [On the 175th anniversary of the birth of William James, an outstanding American philosopher and psychologist]. *Teoreticheskaya i eksperimental'naya psihologiya*, 10(3), 79-94. <https://cyberleninka.ru/article/n/k-175-letiyu-so-dnya-rozhdeniya-uilyama-dzhejmsa-vydayushchegosya-amerikanskogo-filosofa-i-psihologa/viewer> (in Russian)
- Yung, K. G. (1997) *Soznanie i bessoznatel'noe* [Consciousness and the unconscious]. Universitetskaya kniga. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Тышхан Кеңшілік – философия ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті дінтану кафедрасының доценті (Астана, Қазақстан, e-mail: Kenshe76@mail.ru)

Нұртаза Самат Русланұлы (автор-корреспондент) – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті дінтану кафедрасының PhD докторанты (Астана, Қазақстан, e-mail: samatnurtaza@gmail.com)

Information about authors:

Tyshkhan Kenshilik – Candidate of Philosophical Sciences, Docent of the Department of Religious Studies of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: Kenshe76@mail.ru)

Nurtaza Samat Ruslanuly (corresponding author) – PhD Student of the Department of Religious Studies of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: samatnurtaza@gmail.com)

Сведения об авторах:

Тышхан Кенишлик – кандидат философских наук, доцент кафедры религиоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: Kenshe76@mail.ru).

Нуртаза Самат Русланұлы (автор-корреспондент) – PhD-докторант кафедры религиоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: samatnurtaza@gmail.com).

2025 жылы 29 мамырда тіркелді.
2025 жылы 15 желтоқсанда қабылданды.

Б. Ботакараев^{1*} , **М. Жүзей²** ¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com

ӘБУ ХАНИФАНЫҢ САЯСАТ ТҮСІНІГІ

Исламның саяси дүниетанымы қазіргі саяси динамика мен мұсылман әлемінің мәдени ерекшеліктерін түсіну үшін маңызды болып табылатын бай мұраға ие. Бұл ғылыми мақалада Ханафи мәзһабының негізін қалаушы және IX ғасырдағы ең ықпалды ислам ғұламаларының бірі ретінде белгілі Әбу Ханифаның саясат концепциясы сарапталған. Бұл зерттеудің мақсаты – Әбу Ханифаның саяси ой-пікірлерінің негізгі бағыттары мен идеяларын терең талдау, сонымен қатар олардың қазіргі саяси тәжірибе мен ислам теологиясы контекстіндегі маңызына баға беру. Зерттеу процесінде Әбу Ханифаның өзі, оның шәкірттері мен ізбасарларының жазбалары сияқты дереккөздерді талдау мен түсіндіруді қамтитын кешенді тәсіл қолданылады. Әбу Ханифаның саяси философия мен құқық саласында әзірлеген негізгі қағидалары мен тұжырымдамаларына және олардың исламдық саяси теорияның қалыптасуындағы рөліне ерекше назар аударылады. Зерттеу нәтижелері исламның саяси ой-пікірін тереңірек түсінуге және оны заманауи сын-қатерлер мен үрдістер тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Әбу Ханифаның саяси көзқарастарын талдау арқылы біз мұсылман әлеміндегі заманауи саяси стратегиялар мен шешімдерді әзірлеу үшін маңызды болуы мүмкін әділеттілік, ынтымақтастық және басқару сияқты негізгі қағидаларды анықтаймыз. Нәтижесінде, бұл зерттеу ислам саяси философиясы туралы біліміміз бен түсінігімізді кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар мұсылман қоғамдарының дамуы мен модернизациясына мүдделі саясаткерлерге, қоғам жетекшілеріне және ғалымдарға практикалық ұсыныстар береді. Бұл зерттеу сонымен қатар исламдық саяси ойлар мен оның қазіргі әлемге ықпалы саласындағы одан әрі зерттеулерге негіз бола алады.

Түйін сөздер: Әбу Ханифа, исламдық саяси дүниетаным, Ханафи заң мектебі, саяси философия, құқық

B. Botakarayev^{1*}, M. Juzei²¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com

Abu Hanifah's concept of policy

Islamic political thought has a rich heritage important for understanding contemporary political dynamics and cultural sensitivities in the Muslim world. This research paper highlights the concept of politics of Abu Hanifa, known as the founder of the Hanafi school of jurisprudence and one of the most influential Islamic scholars of the ninth century. The purpose of this study is to analyze in depth the main trends and ideas of Abu Hanifa's political thought and to assess their significance in the context of contemporary political practice and Islamic theology. The research process uses a comprehensive approach that includes analyzing and interpreting sources such as the writings of Abu Hanifa himself, his students and followers. Special attention is paid to the main principles and concepts developed by Abu Hanifa in the field of political philosophy and law and their role in the formation of Islamic political theory. The results of the study allow us to deepen our understanding of Islamic political thought and examine it in light of contemporary challenges and trends. By analyzing Abu Hanifa's political views, we identify key principles such as justice, cooperation, and governance that may be important for developing contemporary political strategies and solutions in the Muslim world. As a result, this study not only expands our knowledge and understanding of Islamic political philosophy, but also offers practical recommendations for policy makers, community leaders, and academicians who are interested in the development and modernization of Muslim societies. This study can also serve as a basis for further research on Islamic political thought and its impact on the modern world.

Keywords: Abu Hanifa, Islamic political thought, Hanafi school of jurisprudence, political philosophy, law

Б. Ботакараев^{1*}, М. Жузей²

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com

Концепция политики Абу Ханифы

Исламская политическая мысль имеет богатое наследие, важное для понимания современных политических динамик и культурных особенностей мусульманского мира. В этой научной статье освещается концепция политики Абу Ханифы, известного как основателя Ханафитской юридической школы и одного из наиболее влиятельных исламских ученых IX века. Цель данного исследования заключается в глубоком анализе основных направлений и идей политической мысли Абу Ханифы, а также в оценке их значения в контексте современной политической практики и исламской теологии. В процессе исследования используется комплексный подход, включающий анализ и интерпретацию источников, таких как сочинения самого Абу Ханифы, его учеников и последователей. Особое внимание уделяется основным принципам и концепциям, выработанным Абу Ханифой в области политической философии и права, и их роли в формировании исламской политической теории. Результаты исследования позволяют углубить наше понимание исламской политической мысли и рассмотреть ее в свете современных вызовов и тенденций. Анализируя политические взгляды Абу Ханифы, мы выявляем ключевые принципы, такие как справедливость, сотрудничество и управление, которые могут быть важными для разработки современных политических стратегий и решений в мусульманском мире. В итоге, данное исследование не только расширяет наше знание и понимание исламской политической философии, но и предлагает практические рекомендации для политических деятелей, общественных лидеров и академиков, которые заинтересованы в развитии и модернизации мусульманских обществ. Это исследование также может служить основой для дальнейших исследований в области исламской политической мысли и ее влияния на современный мир.

Ключевые слова: Абу Ханифа, исламская политическая мысль, Ханафитская юридическая школа, политическая философия, право

Кіріспе

Қазіргі әлемде исламдық саяси дүниетаным ислам қоғамы, сонымен қатар одан тыс жерлерде де уақыт өткен сайын назарын аудартып келеді. Осы қызығушылық тұрғысында IX ғасырдың көрнекті ғалымы Әбу Ханифаның саяси философияға қосқан іргелі қайнар көздері мен үлестеріне жүгінудің маңызы зор. Бұл зерттеу тақырыбын таңдау тақырыптың өзектілігімен және қазіргі әдебиеттегі Әбу Ханифаның саяси тұжырымдамасының егжей-тегжейлі талдауының жоқтығымен ғана емес, сонымен қатар оның исламдық саяси көзқарастың қалыптасуына қосқан үлесімен де анықталады. Әбу Ханифа ұсынған негізгі принциптер мен тұжырымдамаларды олардың мұсылман әлеміндегі қазіргі саяси процестерге әсерін түсіну үшін талдау қажеттілігі атап өтіледі. Қазіргі әлем исламдық саяси дүниетанымды терең түсінуді және қайта қарастыруды қажет ететін қиындықтармен бетпе-бет келіп отыр. Әбу Ханифаның саяси концепциясын зерттеу өзекті болып табылады, өйткені оның әділеттілік, басқару және ынтымақтастық туралы идеялары қазіргі заманғы саяси мәселелерді шешуге жаңа тәсілдер ұсына алады. Бұл зерт-

теудің мақсаты – Әбу Ханифаның саяси ойының негізгі бағыттарын және олардың қазіргі саяси теория мен практика үшін маңызын талдау. Әбу Ханифа ұсынған негізгі принциптерді, әдістер мен тәсілдерді анықтауға және олардың мұсылман әлеміндегі қазіргі саяси процестерге әсерін бағалауға тырыстық. Зерттеуіміздің басты нысаны мен пәні – Әбу Ханифаның саяси концепциясы және оның саяси дүниетанымының негізгі қағидалары мен идеялары. Ал зерттеудің мақсаты мен міндеттері осы принциптердің қазіргі саяси тәжірибе үшін маңызын анықтау, сонымен бірге дереккөздерді талдау, Әбу Ханифаның саяси тұжырымдамаларын түсіндіру және олардың қазіргі мұсылман әлеміндегі рөлін бағалауды қамтиды. Бұл зерттеуде дереккөздерді тарихи, салыстырмалы талдау және логикалық пайымдауларды қамтитын кешенді әдіснамалық тәсіл қолданылады. Зерттеу нәтижелері теориялық және практикалық мәнге ие болуы мүмкін. Теориялық тұрғыдан исламдық саяси ой туралы түсінігімізді кеңейтуге ықпал етсе, практикалық тұрғыдан болса Әбу Ханифаның тарихи тәжірибесі мен мұрасын ескере отырып, қазіргі мұсылман қоғамында саяси стратегиялар мен шешімдерді әзірлеуде пайдалы болады деген сенімдеміз.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Әбу Ханифаның саясат түсінігін зерттеу исламдық саяси дүниетанымның тарихи-теориялық дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін маңызды және өзекті зерттеу пәні болып табылады. Әбу Ханифа (699–767) ең ықпалды ислам ғұламаларының бірі және Ханафи фикһ мектебінің (ислам құқығы) негізін қалаушы бола отырып, мұсылман әлеміндегі құқықтық және саяси принциптердің қалыптасуына елеулі ықпал етті. Оның идеялары мен ілімдері қазіргі исламдық қоғам мен құқықтық жүйелерге әлі де айтарлықтай әсер етеді. Аталмыш тақырыпты таңдау тарихи маңызға, заманауи өзектілік секілді факторлармен анықталады. Өйткені Әбу Ханифаның көзқарастарын зерттеу исламдық саяси идеология эволюциясын түсінуге көмектесіп, мұсылман әлеміндегі заманауи сын-қатерлер мен қақтығыстар жағдайында Әбу Ханифа тұжырымдаған іргелі қағидаларды зерттеу өзекті мәселелерді шешу жолдарын ұсына алады.

Әбу Ханифаға арналған көптеген зерттеулерге қарамастан, оның саяси түсінігі әлі де жеткілікті дәрежеде зерттелмеген, бұл ғылыми ізденіс осы бір вакуумның орнын толтыруға және оның іліміне жаңа көзқарас ұсынуға тырысады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу тарихи-теориялық және мәтіндік-аналитикалық әдіснамалық негізде жүргізілді. Мақаланың дерекнамалық базасын Әбу Ханифаның саяси ұстанымдары мен көзқарастарын сипаттайтын классикалық ислам дереккөздері және оларды ғылыми тұрғыдан талдаған заманауи зерттеулер құрайды. Зерттеуде, ең алдымен, Әбу Ханифаның өмірі, қызметі және саяси билікпен қарым-қатынасы жөніндегі тарихи хабарламалар (ахбар) мен биографиялық еңбектердегі мәліметтер талданды. Негізгі зерттеу әдісі – тарихи-талдамалық әдіс. Бұл әдіс арқылы Әбу Ханифаның саяси көзқарастары оның өмір сүрген дәуірінің (Омаядтар мен Аббасилер кезеңі) қоғамдық-саяси жағдайымен өзара байланыста қарастырылды. Ғұламаның қазилық қызметтен бас тартуы, билікке қатысты ұстанымы, әділет, сот тәуелсіздігі және Әбу Ханифа мен мемлекет қарым-қатынасы туралы көзқарастары нақты тарихи контекст аясында сарапталды. Мақаламызда мазмұндық талдау әдісі де қолданылды. Аталмыш әдіс Әбу Ханифаға қатысты

дереккөздердегі мәліметтерді жүйелеуге, оның саяси ұстанымдарының негізгі идеялық желілерін (әділеттілік, биліктің шектеулілігі, дінді саяси мақсатта пайдалануға қарсылық, ой еркіндігі) анықтауға мүмкіндік берді. Бұл тұрғыда ғалымның жеке саяси еңбектері емес, оның өмірлік ұстанымдары мен нақты саяси жағдайларға қатысты әрекеттері негізгі талдау нысаны ретінде алынды. Зерттеу барысында алынған деректерді түсіндіруде логикалық-интерпретациялық әдіс қолданылғанын да айта өтуіміз қажет. Өйткені Әбу Ханифаның саяси көзқарастарының ішкі қисынын ашуға және оның идеяларының исламдық саяси дүниетаным тарихындағы орнын айқындауға мүмкіндік берді. Мақалада арнайы салыстырмалы талдау жүргізу көзделмей, негізгі назар Әбу Ханифаның саяси ұстанымдарын дербес құбылыс ретінде сипаттауға бағытталды.

Нәтижелері мен талқылама

Әбу Ханифаның өмірі және өмір сүрген қоғамдық-саяси ортасы

Әбу Ханифаның саясат туралы ой-пікірлерін дәлме-дәл немесе соған жақын дерлік тану үшін ол өмір сүрген кезеңнің саяси-мәдени құрылымын есепке алған кезде ғана мүмкін болады деген ойдамыз. Өйткені бұл ғалым өзге адамдар секілді тарихтың белгілі бір кезеңінде дүниеге келген, өзі өмір сүрген ортаның мәдениеті мен сол кездегі жағдаяттардың негізінде қалыптасқан. Сондықтан да оның саяси түсінігі мен көзқарасын кезеңдегі жағдайлардан бөлек қарастыру дұрыс болмайды.

Имам Ағзам Әбу Ханифаның шын есімі – Нұғман ибн Сабит. Ол фикһта Ханафи мәзһабының құрушысы, сенімдегі Матуриди мәзһабының негізін қалаушы ғұламалардың бірі. 699 жылы Куфада дүниеге келген. 767 жылы Бағдатта улану арқылы дүние салғаны айтылады. Әбу Ханифа жетпіс жылдық өмірінің көп бөлігін Омаядтар дәуірінде, қалғанын Аббасилердің кезеңінде өткізді. Өмірінің алғашқы жылдарында Омаядтар халифасы Маруан ибн Абдулмәлік еді. Оның Куфадағы әкімі болса тарихта «қатыгез» ретінде аталған Хажжаж ибн Юсуф еді. Бұл кезеңде саяси жағынан көптеген қиянаттар жасалды. Әбу Ханифа Омаядтардың әділ билеушісі Омар ибн Абдулазиз кезеңін де көрген болатын. Омар ибн Абдулазиздің әділ билігінен кейін Омаядтардың зұлымдық кезеңі қайтадан басталып, бұл езгілерге тағы да тап болады. Бірақ, бұл езгілерге қарамастан, ешқандай пайда

күтпей, қорықпай, саяси мәселелерге ымырасыз баға беріп, тарихта өшпейтін көзқарас танытты.

Имам Әбу Ханифа жастық шағын саудамен де, білімін жалғастырумен де өткізген, ғылымның әртүрлі салаларында, әсіресе араб тілі мен әдебиеті, сарф және наху ілімі бойынша өзін жетілдірген үлкен ғұлама (Зорлу, 2013, р. 22). Әбу Ханифа сахаба мен табиғин дәуірінде Ирак өңірінде қалыптасқан ғылыми қор мен пікір байлығына ұстаздары мен кездескен ғалымдардың жәрдемімен тез арада қол жеткізіп, әрі меңгеріп алуға мүмкіндік алды. Айналасында таңдаулы, әрі алғыр шәкірттерден құралған топ бір жағынан өздеріне берілген құнды мирасты, өздерінің өмір сүріп отырған заманның талап-шарттарына сәйкес сүзгіден өткізіп үкім шығаратын орталық қызметін атқарды. Ол дәуірдегі фикһтың бай қоры Әбу Ханифаға емес, сол өңірге негізделіп «Ирак фикһы» деп айтылды (Алпысбаев, 2014).

Имам Әбу Ханифаның қызметі Куфада болғанына қарамастан, әртүрлі ағымдар мен тармақтардың «гүлдену» кезеңінде оның теологиялық көзқарастары Иранның солтүстік-шығысында және Мәуереннахрда да кең етек жая бастайды. Әбу Ханифаның өмірі Омаядтар мен Аббасилер халифаттары тұсында өткендіктен екі кезеңді қамтитын құқықтық мәселелерді шешуге, одан кейін исламдық мәзһабтардың таралуы кезіндегі исламдық фикһ пен ақида мәселелеріне қатысты ғылыми мәселелерді зерттеуге мәжбүр болды (Уткельбаева, 2019, р. 113).

Куфа қаласының сол дәуірде хадис ілімі жағынан жанданып тұрған маңызды орталық болғандығын дәлелдейтін көптеген деректер бар. Солардың бірінде, Әнәс ибн Сирин: «Куфа қаласына келгенімде, ол жерден төрт мың хадис үйреніп жатқан кісі мен төрт жүз фақиһ ғалымды көрдім», – деп таңданысын жеткізген. Аффан ибн Мүслим келесі бір риуаятта: «Куфаға келдік. Ол жерде төрт ай он күн қалдық. Егер қаласақ сол уақыт ішінде жүз мың хадис жазар едік. Алайда, имләсыз (хатқа түсіру) хадис қабыл етпейтіндігімізден тек елу мың хадис ғана жаза алдық» дейді (Бағашаров, Алпысбаев, Анарбаев, 2022, р. 124).

Әбу Ханифа ислам әлемінде туындаған пайда болған саяси, дүниетанымдық және сенімдік алауыздықтар нәтижесінде, алдымен Құран Кәрімге, содан кейін оған қайшы келмейтін сенімді хадистерге сүйене отырып, ислам ақидасын жүйелеуге ұмтылған ерте кезеңдегі мұсылман ғұламаларының көшбасшыларының бірі ретінде танылды (Адилбаев, Адилбаева, 2020, р. 99).

Оның пәтуаларының ақиқатқа жақын болуы, саяси жанжалдарға араласпауы, тақуалығы және ғылымдағы беделі қоғамда жоғары бағалануына айтарлықтай ықпал етті. Сондықтан ол тақуалығымен, көрегендігімен, әділдігімен, ұстанған пікірлерінің беріктігімен, үкіметтерге қарсы принципшілдігімен және саудадан тапқан қаражатын ғылымды қолдауға арнауы арқылы халықтың зор құрметі мен сүйіспеншілігіне ие болды.

Имам Ағзам өскен аймақ түрлі діни ағымдар – мұсылман және мұсылман еместер арасында пікірталастар жиі жүргізілетін орталықтардың бірі болды. Бұл жер Рай әһлінің жиналу орны болғандықтан, иман мәселелері бойынша қызу пікірталастар орын алды. Діндар отбасында тәрбиеленген Әбу Ханифа да осы діни және идеологиялық талас-тартыстарға араласқан. Ол өмір сүрген кезеңде харижиттер, муғтазила және басқа да діни ағымдар белсенді әрекет етті, сонымен қатар көптеген фикһтық мектептер қалыптаса бастады. Сол ортада Әбу Ханифа ақиқатты қорғап, фикһ мәзһабтарының негізін салушы ғана емес, сондай-ақ Әһлі Сүннет ақидасының маңызды өкілі, Матуриди мәзһабының негізін қалаушылардың бірі болды. Ақидалық мәзһабтардың қалыптасу кезеңіне жеткенде, ол муғтазила, жабрия, шиға және харижиттер сияқты ағымдардың ғалымдарымен Құдайдың сипаттары, тағдыр, үлкен күнә жасаған адамның мәртебесі және күпірлік мәселелерінде пікірталастар жүргізді. Осылайша, Әбу Ханифа Әһлі Сүннет ақидасының негізін қалауға ықпал еткен алғашқы ғалымдардың бірі ретінде тарихта өз орнын тапты (Озел, 2015, р. 22).

Әбу Ханифа өмір сүрген Омаядтар дәуірінде бірқатар маңызды саяси оқиғалар орын алды: Омаядтар билікке қару мен күш қолдану арқылы келіп, бұл үдеріс көптеген адамдардың өліміне алып келді. Ғұламалардың қарсылығына қарамастан, сұлтандық басқару жүйесі орнықты. Мұғауия ибн Әбу Суфиян әулетіне кезінде діннен шығарылған Зияд ибн Әбихи қосылды. Омаядтар әкімшілігінің Әһлі Бәйтке қатысты қатаң саясатын сынағандардың бірі, Хужр ибн Адий және оның серіктері өлім жазасына кесілді. Ислам тарихында елеулі өзгерістерге түрткі болған Кербала оқиғасы орын алып, бұл жағдай Әһлі Бәйт мүшелерінің көпшілігінің өліміне себеп болды, әрі оның әсері бүгінге дейін жалғасып келеді. Сонымен қатар, Омаяд әкімшілігі араб емес мұсылмандарға қатысты (олардың қатарына Әбу Ханифа да кірген) кемсітушілік саясатын ұстанды. Жабрия және қадария доктриналарын

сынайтын тұлғалар мен топтарға қарсы қысым көрсету және зорлық-зомбылық саясаттары қолданылды. Билік өзінің саяси құрылымдарын және әрекеттерін “заңдастыру” мақсатында діннің (мешіт, ғұламалар, байғат ұғымдары және т.б.) құралдарын кеңінен пайдаланды.

Әбу Ханифа Омаядтардың жоғарыдағы кейбір саясаттарына куә болған жоқ. Сондықтан оның бұл әрекеттері туралы не ойлағанын немесе айтқанын білмейміз. Дегенмен де, Әбу Ханифа өзі туылғанға дейін жүзеге асқан, бірақ Омаядтан дәуірінде талқыланған жоғарыдағы кейбір оқиғаларды әйтеуір естіген немесе білген және олар туралы өз пікірі қалыптасқаны сөзсіз деп болжау қиынға соқпаса керек. Сонымен бірге, аталған оқиғалар Әбу Ханифаның Омаядтар ұстанған саясаты туралы пікірін және оның саяси түсінігін қалыптастыруда тиімді болғаны әбден ықтимал.

Имам Әбу Ханифа негізін қалаған Ханафи мәзһабы – қалыпты, парасатты, еркіндікке бағытталған жол. Оның теологиялық мектебі Имам Мансур әл-Матуридидің кәлам мектебімен ұштасады. Сондай-ақ Әбу Ханифаның құрған мектебі орта ұстанымды сақтай отырып, Алланы және әлемді түсінуге ұмтылады. Ханафилік бағыттың байсалды және толерантты көзқарасын тарихтағы Самани, Ғазнауи, Селжұқ, Моғол, Осман және Дуррани секілді ірі империялардың сол және әкімшілік жүйесінің маңызды бөлігінің ғалымдары мен элиталары ұстанды. Бұл империялардың ыдырауымен Ханафи мәзһабының рухани-құқықтық күші сақталғанымен, Кеңес Үкіметінің Орта Азияны, Англияның Үндістанды отарлауы және Осман халифатының ыдырауымен әлсірей түсті (Ризапур, Рахими, 2023, pp. 216-217).

Дәстүрде қалыптасқан Әбу Ханифаның әртүрлі бейнелері куфалық фақиһтардың бекіткен ерекше ұжымдық жұмыс түрінің табиғи салдары болса керек. Дәл осы жерде біз оның діни және өркениеттік жаңару ғалымы ретіндегі еңбегіне жақындай аламыз. Ол өз бастамасымен жеке заң шығарушы орган – үкіметтен тәуелсіз және құқықтың өзекті мәселелерін талқылаумен айналысатын өзіндік сараптамалық кеңес құрды. Бұл кеңес әділ халифалар дәуірінде жұмыс істеген шұра жойылғаннан кейін пайда болған алғашқы институттық бос кеңістікті/вакуумды толтыруды көздеді. Аталмыш кеңестің құрамына Әбу Ханифаның ең білімді және дарынды отыз алты шәкірті кірді, олар ең күрделі заң істерін талдауға (кейде бір істі талдауға, анализ жүргізуге бір

жылдан астам уақыт кететін) , мәселені әртүрлі қырынан қарастыруға, көзқарастарын дәлелдеуге тырысты (Мухетдинов, 2023, p. 104).

Әбу Ханифаның қази болып тағайындалуының қаламауы

Әбу Ханифаның саясат түсінігіне қатысты маңызды мәліметтер беретін тағы бір маңызды оқиға – оның қази болу ұсынысынан бас тартуы. Оның қазилықтан бас тартуының себептері мен салдарын талқыламас бұрын, Омаядтар дәуіріндегі қазилар ұйымының құрылымы мен қызметі туралы төмендегідей қысқаша мәліметтерді келтірген жөн болар:

Омаядтар кезеңінде қоғамда танымал және беделді ғалымдарды қази етіп тағайындауды мызғымас саясаттың құралы ретінде қабылдады (Хайят, 1985, p. 61). Сол кезеңдегі басшылар бұл саясатпен ғұлама-ғалымдарды бақылауда ұстауды, олар арқылы басқаруды жөн санап, халықтың қолдауына ие болуды мақсат еткен болса керек (Маудуди, 1972, p. 365). Омаядтар дәуірінде қазилерді тағайындау және босату өкілеттігі көбінесе әкімдерге берілді (Хайят, 1985, p. 269). Қазилер өздерінің міндетті саласы ретінде саяси емес, діни мәселелерге көңіл бөлетін, сондықтан саяси мәселелерде өз пікірлерін айтуда еркін болмады. Сонымен қатар, саясаткерлер қазилердің шығарған шешімдеріне әсер ете алатындай күшке ие болған. Басқа бір сөзбен айтар болсақ, сот тәуелсіз болмады. Сол себепті де кейбір ғалымдар қази болғысы келмей, қазилыққа тағайындалғанда қызметтен кетудің жолын іздеген болатын (Мекки, 1981, pp. 286-287).

Халифа Маруан ибн Мұхаммедтің Куфа әкімі Язид ибн Омар ибн Хубайра әл-Фәзари Әбу Ханифаға Куфа қазилығын (кейбір деректер бойынша қазынашы қызметін) ұсынады. Дәл сол әкім Әбу Ханифа осы қызметке орналасатын болса, оның пәтуаларына араласпайтынын мәлімдеген (Әбу Заһра, 1997, p. 361). Сондай-ақ, Ибн Әбу Ләйла, Ибн Шубрума мен Дәуит ибн Әбу Хинд секілді сол кезеңнің кейбір қазилары Әбу Ханифаны қази болуға көндіру үшін көп күш жұмсады. Алайда Әбу Ханифа бұл адамдардың талпыныстарына қарамастан әкімнің бұл ұсынысын үзілді-кесілді қабылдамады (Ибн Кутайба, 1970, p. 116).

Қази қызметін қабылдамаған Әбу Ханифа алдымен әкім тарапынан физикалық түрғыда жазаланып, біраз уақыттан кейін түрмеге қамалды. Түрмеден шыққан Әбу Ханифа хижри 130 жылы Меккеге барады. Ол халифат Абба-

силерге өткенге дейін сонда болды. Әбу Ханифа Меккеде 6 жыл болған соң Куфаға оралады. Сол кезеңдегі қазі ұйымының құрылымы мен қызметі және Әбу Ханифаның қазилық қызметінен бас тартуының себептері секілді оқиғаларға сүйене отырып, аталмыш ғұламаның саяси көзқарастары туралы мынадай тұжырымдар жасауға болады:

Әбу Ханифа Омаядтар дәуірінде сот тәуелсіз болмаған деп есептеп, бұл туралы мынадай ой айтқан: «Ол (халифа немесе мемлекет басшысы) өлім жазасына кесілетін біреудің жарлығын шығарады, ал мен оны мақұлдаймын ба? Аллаға ант етемін, мен ешқашан мұндай жауапкершілікті мойныма алмаймын». Мұнда Әбу Ханифаның саясатты түсінуінде сот тәуелсіздігі принципінің маңызды орын алатыны ұғынылады. Әбу Ханифа мемлекеттің де, үкіметтің де дінді өзінің саяси мүддесі үшін пайдалану немесе оны заңдастыру құралы ретінде пайдалану саясатын дұрыс деп есептемей, қазі болудан бас тартты. Сондықтан оның саясат туралы түсінігінде дін арқылы қанауға орын жоқ деп айтуға болады. Әбу Ханифа қазилыққа деген көзқарасымен саясат түсінігінде ғалым мен мемлекеттік қарым-қатынастың қалай болуы керектігін де ашып көрсеткен. Осыған сәйкес ғалым әділетсіздікті, қысымды, зорлық-зомбылықты және дінді өз мүддесінде қолдануды мызғымас бір саясат ретінде қабылдаған саяси тұлғалардың немесе құрылымдардың амбициясының құралына айналуы қажет. Сонымен қатар саяси билік өзінің діни-саяси ойларын заңдастырып, бұл ойларды қоғамда қабылдау үшін ғалым-ғұламаларды қанаудың құралы деп санамауы керек (Озкан, 2021, р. 18).

Әбу Ханифаның саяси көзқарасы

Имам Әбу Ханифаның саяси түсінігі мен көзқарасының маңыздылығын оның заманына дейін өмір сүрген, саяси мақсатта пайда болған және өз идеологияларын діни негіздерге негіздеуге тырысқан топтар мен олардың тудырған үлкен мәселелері жақсырақ түсіндіреді. Ұлы имамның саяси көзқарасын жақсырақ түсіну үшін ислам мемлекетін саяси басқару немесе оны кім басқаруы қажет деген мәселелерге тоқталуда пайда бар. Ол өз дәуіріндегі және өзінен кейінгі мемлекет басшыларына едәуір дәрежеде әсер ете алды. Алайда, өкінішке қарай, имам Әбу Ханифаның саяси тұрғыда мәртебелі ұстанымы көптеген авторлар тарапынан қажетінше баса назар аударылмаған тақырып екені

шынымен ойландыратын мәселе. Мысалы, оның имамдық мәселесіне қатысты бірде-бір көзқарасын ол жазған кітаптарынан да, шәкірттері жазған еңбектерінен де таба алмаймыз. Оның өміріне көз жүгіртер болсақ, оның жоғарыда аталып өтілгендей, қазилықтан бас тартқанын, Әли ұлдарымен жақын араласқанын және оларға қарсы бүлік шыққанда оларды қолдағанын, өзге де шиға имамдарымен қарым-қатынасын, Әлидің ұрпақтарына қолдау көрсеткенін, қазі болу ұсынысын қабылдамағаны үшін зынданға тасталғанын және азапталғанын көреміз. Бұл Әбу Ханифаның өз шешіміндегі табандылығының бір көрінісі. Әбу Ханифа өзінің білім дәрежесін пайдаланып, саяси лауазымға ие болғысы келмеді. Ол сол кезеңдегі халифаны тақтан тайдырудың орнына, оның әділетсіз әрекеттерін тоқтатуын қалады (әл-Хайтами, 1991, pp. 118-119).

Әбу Ханифа бойынша құқық пен саясаттың онтологиялық және гносеологиялық құрылысы контекстінде символдық ғаламдар туралы жалпы негіз сызылғаннан кейін, мұнда саяси жүйенің элементі ретіндегі биліктің теориялық негізіне қатысты кейбір анықтамаларды да жасап өту қажет болар. Әбу Ханифаның дін, құқық және саясат теорияларының бай анықтамалық шеңберіне қарасақ, оның халифаны Алланың саяси өкілі ретінде, ал саясатты иләһи биліктің бір саласы ретінде санамағандығы байқалады. Ол бұл мәселеде басшының әділ, сауатты, сенімді болуы, сонымен бірге бұқара халыққа ант етуі, зиялы қауыммен ақылдасуы секілді дүниелерді қажет деп санаған (Ердич, 2021, р. 304).

Дін мен саясат қарым-қатынасы және Әбу Ханифа

Ислам ғырқалары (ағымдар, топтар) туралы айтылғанда, ойымызға дереу бөліну келеді. Ал Омаядтар мен Аббасилердің кезеңінде «ғырқа» сөзі көбіне ұстаным және кері реакция деген мағыналарды білдірді. Сондықтан да ғырқалардың пайда болу себептерін білу сол кезеңнің жағдайлары туралы кең мағлұмат береді. Ислам тарихынағы дүниетанымдық (идеологиялық) қозғалыстар саяси мүддемен пайда болғаннан кейін, діннен күш-қуат алу әрекеттері Исламға үлкен зарарын тигізіп, жаңа діни-саяси пікірталастарды тудырды. Бастапқыда қай жағы дұрыс, қай жағы бұрыс немесе кім жаннатта, кім тозақта деген сұрақтар талқыланған. Омаядтар мен Аббасилер мемлекеттері кезінде мұсылман халқына қысым көрсеткен билік пен араб емес-тердің құқықтары туралы айтыла бастады. Дәл

осы себепті имам Әбу Ханифаның саяси үстанымын алғашқы кезеңдегі саяси және теологиялық көзқарастар емес, араб еместердің құқықтары, мемлекеттің қысымы, әділетті басшылардың тағайындалуы және Әли ұрпақтарына жасалған әділетсіздіктер тұрғысынан түсінуге тырысу дұрысырақ болатын секілді (Касап, 2019, pp. 91-92).

Болған оқиғалардың барлығы мұсылмандарға бір нәрсені үйретуі қажет және мұсылмандар болған оқиғалардан ғибрат алулары қажет. Бұл оқиғалардың себебі бар екенін де ұмытпауымыз қажет. Мұсылмандық тарихындағы алғашқы бөлінушілік, түсініспеушілік секілді теріс әрекеттер мен пайда болған мәзһабтарды зерделеу Әбу Ханифаның саяси тұлғасына нәр беріп, оны мықты ғалым, ілім мектебінің орталығына айналдырды. Ол әрқашан пайғамбар мен оның әулетінің жағында болды, саяси көзқарасы жағынан Әли балаларын қолдады. Алайда ол ешбір уақытта шиға болмаған. Омаядтар халифа Османның қанынан нәр алып, халифалықты өз қолдарына алу секілді ниетімен саяси сахнаға шыққан. Омаядтар мемлекеті құрылғаннан кейін кейбір діни және саяси топтардың саяси қалау амалдарына қарсы реакциялары пайда бола бастады. Ең қатігез топтар саналған шиға мен харижиттер болса, олар саяси топ үкімінде қалып қойғандықтан, өздерінің діни аспектілерімен саяси билікті тоздыра алмады. Көбінесе қылыш күшімен бастырылып, билік үшін күрес ретінде түсіндіріліп жүрді. Алайда өздерін ислам мемлекеті ретінде санаған Омаядтардың нағыз қиыншылықтарға душар еткен жағдай қадари, жабрия мен муржия топтарының реакциялары болды. Бұл реакциялар билеушілердің жүріс-тұрысын діни тұрғыдан түсіндіріп, жақтастар жинайды. Жабрия Омаядтар мемлекетінің түсінігіне жақын болып көрінгенімен олардың идеялары Омаядтардың билікке араласпайтын және мақсатына қызмет етпейтін дін туралы түсінігімен сәйкес келмейтін (Шахристани, 2017, pp. 87-89).

Омаядтар діннен гөрі саяси мүдделерді бірінші орынға қойды. Тарихқа көз жүгіртсе болсақ, бұл жағдайда олар исламның кейбір нормаларын сақтамай күнә жасаған адам діннен шығады, яғни күпірлікке бет бұрады, осылайша амалдар иманның бір бөлшегі деп есептеген харижиттердың қағидаларына сәйкес үкім шығарды. Әбу Ханифа бұл көзқарасқа, биліктің саяси мүдделеріне қарсы пікір білдірген ғалым болды. Оның пікірінше, амал иманнан бөлек қарастырылу керек. Егер адам исламды қабылдап, бірақ

парыз талаптарын орындамаса, ол бәрібір де мұсылман болады. Сонымен қатар, Әбу Ханифа иманда барлығы бірдей, қарапайым мүміннің иманы періштелер мен пайғамбарлардың сенімімен бірдей екенін алға тартты (Әбу Ханифа, 2015, pp. 19-20). Бұл пікір басқа ғалымдардың көзқарасына ғана емес, Омаядтардың саясатына да қарсы болды. Араб еместердің сеніміне күмән келтірген және оларды араб мұсылмандарымен тек санамайтын қоғамдық-саяси пікірталасқа Әбу Ханифаның пәтуаларымен соққы берілді (Пресс-служба Управления мусульман Узбекистана, 2021)

Әбу Ханифа да Омаядтарға қарсы өз білімін бірінші орынға қойып, шындықты айтудан тайынбады. Аббасилер билікке келгеннен кейін Әбу Ханифа салыстырмалы түрде қалыпты үстанымды сақтағанымен, Әли ұрпақтарына қарсы азаптаулар мен зұлымдықтар басталғанда иманның көзқарасы да өзгере түседі. Әбу Ханифаның көзі тірісінде болған және оған дейінгі қайғылы оқиғалар ақиқатында не нәрсенің маңызды болғанына байланысты бізді ойландыруы қажет. Халифалық па, билік пе, кек пе? Әлде үмметтің бірлігі ме, әлде исламның негізгі қағидалары ма? Расында да, кейбір оқиғаларды қарастырған кезінде осы тұрғыдан баға беру бізге жасалған істердің негізгі мақсатқа сәйкестігі туралы түсінік береді. Әбу Ханифа өз заманындағы үкіметті осы мақсатқа лайықтылығы тұрғысынан бағалап, соған сәйкес саяси көзқарасы қалыптасқан деп ойлаймыз.

Әбу Ханифаның фикһтық бастамаларына саяси араласулар

Саяси билік анда-санда азаматтық фикһ бастамаларына қатысты шектеуші көзқарастарға ие болды. Басшылықпен жақсы қарым-қатынаста болмаған немесе ресми муфтилердің пәтуасына сәйкес келмейтін кейбір ғалымдар уақытша болса да пәтуа беру және оқу-ағарту жұмыстарымен айналысу құқығынан айырылды. Ибн Әбу Ләйланың Куфа қаласының қазиы болған кезде оның кейбір пәтуаларын, шешімдерін сынағандықтан Әбу Ханифаға ресми хатпен ескерту жасалып, тіпті біраз уақытқа пәтуа беруге тыйым салынған еді (Кердери, 1981, p. 299). Өйткені үкіметтің негізгі міндеттерінің бірі – халықтың діни-құқықтық және моральдық сұрақтарына билікті адамдардың жауап беруіне мүмкін беру және бұл биліктілігі жоқ адамдарға мүмкіндік бермеу еді. Белгілі бір уақыт бойы пәтуа бере алмаған Әбу Ханифаға кейбір мәселелердің төңі-

регінде көзқарасын білуге басшылық тарапынан бір қызметші жіберіліп, белгілі бір сұрақтарға жауап беруін өтінеді. Әбу Ханифа бұл сұрақтарға жауап бере алмайтынын және оған құзыреті жоқ екендігін айтқанда, Әбу Ханифаға сұрақ қоюға келген адам басшылыққа өтініш білдірген, сол кезден бастап бұл тыйым алынып тасалған болатын (Буюк, 2023, р. 59).

Қорытынды

Әбу Ханифа исламның саяси өмірге қатысты әділеттілік, құзыреттілік, еркіндік, теңдік, жан мен мал-мүліктің қауіпсіздігі, сенім мен ғибадат бостандығы секілді жалпыға бірдей қағидаларын меңгерген ұлы тұлға. Бұл қағидалардың пайғамбар мен төрт халифаның кезеңінде қалай қолданылғанын білгені сөзсіз. Омаядтар мен Аббасилердің дәуірінде бұл қағидалардың дұрыс орындалмағанның да куәсі болған. Сол кезеңдегі саясаткерлермен қарым-қатынасына сүйене отырып, Әбу Ханифаның саясатты меңгергеніне байланысты келесі дүниелерді айтуға болады: Әбу Ханифаның саясат туралы түсінігінің қалыптасуында Құран, сахих хадис және төрт халифа дәуіріндегі амалдар айқындаушы рөл атқарды деп айтуға болады. Сонымен қатар Әбу Ханифа діннің мемлекеттік құрылымы мен қызметінде шешуші фактор болуын қалағанын да айту қиынға соқпайды.

Әбу Ханифа мемлекет әртүрлі діни, саяси, этникалық және мәдени құрылымдармен бірдей қашықтықты сақтау қажет деген ой білдіреді. Басқаша айтар болсақ, мемлекеттің әлеуметтік саясатын дініне, нәсіліне, мәзһабына қарамастан қоғамның барлық түрлі топтарымен қарым-қатынасында теңдік қағидасына негіздеуін қалады. Әбу Ханифаның пікірінше, діни, саяси және құқықтық мәселелерде өзгеше ойлау және бұл ойларын жеткізу – адамның табиғи құқығы.

Сондықтан мемлекеттің діни-саяси ойларын қабылдамайтындарды немесе бұл мәселеге қатысты балама ойларды алға тартқандарды шеттетіп, оларға қысым көрсету саясатын жүзеге асыру дұрыс болмайды. Бір сөзбен айтқанда, Әбу Ханифа ойды еркін жеткізуге тыйым салуды сынға алған болатын.

Ғалым мемлекеттік-құқықтық қатынастарда сот егемендігі принципін ұстанды. Бұл қағида сақталмағандықтан ол Омаядтар мен Аббасилер дәуірінде барлық қысымдарға қарамастан қазилық лауазымды қабылдаудан бас тартқан. Әбу Ханифа өмір сүрген жылдары дінді өз мүддесіне пайдалану әрекеттері көп болған. Ғұлама бұл саясатты дінге қайшы деп санап, сынға алған болатын. Тіпті аталмыш саясаттың бір бөлшегі болмас үшін өзіне ұсынылған қазилық лауазымды қабылдамай, аталмыш көзқарасына байланысты сол кезеңдегі үкімет тарапынан әртүрлі жазаға душар болған. Әбу Ханифа өзінің саясат түсінігіне сәйкес, мемлекетке тәуелді болмау, бостандығын жоғалтпау үшін тапқанымен өмір сүруді және осылайша саясатпен ешбір аралас-құраласы жоқ ғалым болып қалуды жөн көрді.

Әбу Ханифа өмірінің 52 жылын Ислам өркениетінің маңызды мемлекеттерінің бірі Омаядтар дәуірінде, ал қалған 18 жылын Аббасилер дәуірінде өткізді. Қоғамның сол кездегі саяси билігіне қарсылығын білдірді және шындықты айтудан ешқашан да тартынбады. Оның өскен ортасы, ғылыми танымы мен тұлғалығы оның билікке деген оппозициялық көзқарасын қалыптастыруда маңызды фактор ретінде танылды. Өзі басынан өткерген әділетсіз әрекеттерге қарсы ұстанған көзқарастарын табанды түрде қорғаудың нәтижесінде көптеген әділетсіз әрекеттер мен зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Сол кезеңдегі биліктің бұл әрекеттерінің салдарынан да көз жұмған болатын.

Әдебиеттер

- Адилбаев А., Адилбаева Ш. (2020). Имам Әбу Ханифаны «Мұржи» деп сынау мәселесі. *Адам әлемі*, 3(85), 98-108.
- Алпысбаев Е. (2014, June 10) *Әбу Ханифа және Ислам құқығы*. Atr.kz. <https://atr.kz/qogam/abu-khanifa-zhane-islam-k-ku-y/>
- Әбу Захра, Мұхаммед (1997). *Әбу Ханифе* (Осман Кескиноғлу ауд.). Диянет Ишлері Башканлығы Йайынлары.
- Әл-Хайтами, ибн Хәжар (1991). *Әл-Хайратул-Хисан фи Мәнакибил Имам Әбу Ханифа ән Нугман*. Ширкату Дарул Өркам.
- Бағашаров, Қ., Алпысбаев Е., Анарбаев, Н. (2022). Әбу Ханифаның хадис ғылымындағы орны: «Муснад» атты еңбегі негізінде. *Әл-Фараби*, 80(4), 121–135.
- Буюк, В. (2023). *Әбу Ханифе өрнеклинде Ислам хукукунда сияси мухалефет* [магистрлік диссертациясы, Буюк Вейсел]. Кахраманмараш.

- Ердич, Ш. (2021). The Relationship between Judiciary and Politics in Islamic Thought: A Sociological Evaluation on Abū Ḥanīfa. *Cumhuriyet Theology Journal* 25(1), 293-310.
- Зорлу, Ж. (2013). *Алим ве Мухалиф*. Из Йайынжылык.
- Ибн Кутайба, Абдулла б. Муслим (1970). *Маариф*. Дарус-садр.
- Касап, С. (2019). *Имам Эбу Ханифенин Сияси ионунун инжелемеси* [магистрлік диссертациясы, Касап Синан]. Ығдыр.
- Кердери, Хафизуд-Дин б. Мухаммед (1981). *Мәнакиби Эбу Ханифа*. Даруль-Китабил Араби.
- Маудуди, Эбул-Ала (1972). *Хилафет ве салтанат* (Али Генжели ауд.). Хилал Йайынлары.
- Мекки, Муаффақ б. Ахмет (1981). *Мәнакубу Эбу Ханифа*. Даруль-Китабил Араби.
- Мухетдинов, Д.В. (2023). Вклад Абу Ханифы в обновление общественного порядка. *Minbar, Islamic Studies*, 16(1), 99-116.
- Озел, М. (2015). *Имам Эбу Ханифе ве Ханефи Мезхеби*. ДИБ Йайынлары.
- Озкан Мустафа (2021). Эбу Ханифе ве Сиясет. *Данишнаме Бешери ве сосиял Билимлер Дергиси*, 9(3), 5–24.
- Пресс-служба управления мусульман Узбекистана (2021). *Политика и богословие эпохи Омейядов и Имам Абу Ханифа*. Old.muslim.kz. <http://old.muslim.uz/index.php/rus/mir/item/28498>
- Уткельбаева, З.И. (2019). Особенности методологии Абу Ханифы. *Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии*, 67(1), 109–117.
- Хайят, б. Халифа (1985). *Тариху Халифе б. Хайят*. Рияд.
- Шахристани (2017). *Миләл уән-Нухәл* (Мустафа Өз ауд., Мехмет Далкылыч дайн.). Литера Йайынжылык.

References

- Abu Zahra, Muhammed (1997). *Ebu Hanife* [Abu Khanifa, Osman Keskinoglu trans.]. Diyanet İşleri Başkanlığı Yayınları. (in Turkish)
- Adilbaev, A., Adilbaeva, Sh. (2020). Imam Abu Hanifany «Murzhi» dep synau maselesi [The problem of criticizing Imam Abu Hanifa as “Murji”]. *Adam alemi*, 3(85), 98-108 (in Kazakh)
- Alpysbaev, E. (2014). *Abu Hanifa zhane Islam kutygy* [Abu Hanifa and Islamic Law]. atr.kz. <https://atr.kz/qogam/abu-khanifa-zhane-islam-k-ky-y/> Karalghan kuni 21.04.2024 (in Kazakh)
- Bagasharov, Q., Alpysbaev E., Anarbayev, N. (2022). Abu Hanifany hadisi gylmyndagy orny: «Musnad» atty enbegi negizinde [Abu Hanifa’s position in the science of hadith: based on his work “Musnad”]. *Al-Farabi*, 80(4), 121–135. (in Kazakh)
- Buyuk, V. (2023). *Ebu Hanife ornekliyinde İslam hukukunda siyasi muhalefet* [Political opposition in Islamic law under the example of Imam Abu Hanifa, master’s dissertation work, Buyuk Veysel]. Kahramanmaraş. (in Turkish)
- El-Haytami, ibn Hajar (1991). *al-Hayratul-Hisan fi Manakibil Imam Abu Hanifa an Nugman* [The good deeds in the virtues of Imam Abu Hanifa Al-Numan]. Shirkatu Darul Arkam. (in Arabic)
- Hajjat, b. Halifa (1985). *Tarihu Halife b. Hajjat* [History of Halife b. Hayyat]. Rijad. (in Arabic)
- Ibn Kutayba, Abdullah b. Muslim (1970). *Maarif* [Enlightenment]. Darus-Sadr. (in Arabic)
- Kasap, S. (2019). *Imam Ebu Hanifenin siyasi yonunun injelenmesi* [Examination of the political aspect of Imam Abu Hanifa, master’s degree dissertation work, Kasap Sinan]. Iğdır. (in Turkish)
- Kerderi, Hafizud-Din b. Muhammed (1981). *Manakibi Abu Hanifa* [The Legend of Abu Hanifa]. Darul-Kitabil Arabi. (in Arabic)
- Mekki, Muuaffak b. Ahmet (1981). *Manakubu Abu Hanifa* [The Legend of Abu Hanifa]. Darul’-Kitabil Arabi. (in Arabic)
- Meududi, Abul Ala (1972). *Hilafet ve Saltanat* [Caliphate and Sultanate, Ali Genjeli trans]. Hilal Yayınları. (in Turkish)
- Muhetdinov, D.V. (2023). Vklad Abu Hanify v obnovenie obshhestvennogo porjadka [Abu Hanifa’s contribution to the renewal of social order]. *Minbar, Islamic Studies*, 16(1), 99-116. (in Russian)
- Ozel, M. (2015). *Imam Ebu Hanife ve Hanefi Mezhebi* [Imam Abu Hanife and the Hanafi School]. DIB Yayınları. (in Turkish)
- Ozkan Mustafa (2021). Ebu Hanife ve Sijaset [Abu Hanifa and Politics]. *Danishname Besheri ve sosijal Bilimler Dergisi*, 9(3), 5–24. (in Turkish)
- Press-sluzhba upravleniya musul’man Uzbekistana (2021). *Politika i bogoslovie jepohi Omejjadov i Imam Abu Hanifa* [Politics and theology of the Umayyad era and Imam Abu Hanifa]. old.muslim.uz. <http://old.muslim.uz/index.php/rus/mir/item/28498>. (in Russian)
- Shahristani (2017). *Milal uan-Nihal* [Sects and Creeds, Mustafa Oz trans., Mehmet Dalkylych prep]. Litera Yajynzhylyk. (in Turkish)
- Utkelbaeva, Z.I. (2019). Osobennosti metodologii Abu Hanify [Features of Abu Hanifa’s methodology]. *Vestnik KazNU. Serija filosofii, kul’turologii i politologii*, 67(1), 109–117. (in Russian)
- Zorlu, J. (2013). *Alim ve muhalif* [Scholar and dissident]. Iz yayinjilik. (in Turkish)

Авторлар туралы мәлімет:

Ботакараев Бауыржан Қуанышбайұлы (корреспондент-автор) – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті дінтану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com).

Жүзей Мырзахмет Аманқұлұлы – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: mirza1806@mail.ru).

Information about the authors:

Botakarayev Bauyrzhan Kuanyshbayuly (corresponding author) – PhD, senior lecturer of the Department of Religious Studies of Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com).

Juzei Myrzakhmet Amankululy – PhD, Senior Lecturer of the Department of Religious and Cultural Studies of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: mirza1806@mail.ru).

Сведения об авторах:

Ботакараев Бауыржан Қуанышбаевич (автор-корреспондент) – PhD доктор, старший преподаватель кафедры религиоведения Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com).

Жүзей Мырзахмет Аманкулулы – PhD, старший преподаватель кафедры религиоведения и культурологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: mirza1806@mail.ru).

2024 жылы 21 сәуірде тіркелді.

2025 жылы 20 желтоқсанда қабылданды.

M. Alpysbay^{1*} , D. Utebayeva¹ , S. Koishybayeva² 

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Ankara University, Ankara, Türkiye

*e-mail: alpysbaymargulan23@gmail.com

STATISTICAL ANALYSIS OF RELIGIOUS CONVERSION TESTIMONIES

This article is devoted to the analysis of testimonies of religious conversion in the post-Soviet space using the Conversion Impact Index (CII) method. The purpose of the study is to systematize testimonies and identify their structural patterns through statistical analysis. The main innovation of the work is that for the first time CII was used not only as a means of qualitative interpretation, but also as a basis for quantitative statistical processing. Such an approach expands the methodological possibilities in religious studies and sociology of religion. The research methodology includes coding 41 testimonies in 14 CII categories, calculating characteristic statistical indicators (mean value, standard deviation, median, mode, interquartile range) and visualizing the results (column chart, Box plot, heatmap). This approach made it possible to identify universal and context-specific features in conversion testimonies. The main results showed that rhetorical, emotional, and theological dimensions are consistently found in testimonies, while categories such as special experience, source of invitation, and professional existence are quite variable. This proves that conversion is not only an individual spiritual change, but also a process that depends on the social and cultural context. The value of the study lies in its contribution to the sociology of religion by combining qualitative and quantitative approaches. Practical significance—the results obtained can be used in interdisciplinary research in the fields of sociology, psychology and religious studies.

Keywords: Religious Conversion, Conversion Impact Index (CII), Narrative, Statistical Analysis, Visualisation

М. Алпысбай^{1*}, Д. Утебаева¹, С. Қойшыбаева²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Анкара университеті, Анкара, Түркия

*e-mail: alpysbaymargulan23@gmail.com

Діни конверсия куәгерліктерін статистикалық талдау

Бұл мақала Конверсияға әсер ету индексі (CII) әдісін қолдана отырып, посткеңестік кеңістіктегі діни конверсияның куәгерліктерін талдауға арналған. Зерттеудің мақсаты – куәгерліктерді жүйелеу және статистикалық талдау арқылы олардың құрылымдық заңдылықтарын анықтау. Жұмыстың негізгі жаңалығы – CII алғаш рет сапалы түсіндіру құралы ретінде ғана емес, сандық статистикалық өңдеудің негізі ретінде де қолданылды. Мұндай көзқарас дінтану мен дін социологиясының әдіснамалық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Зерттеу әдістемесі 14 CII санатындағы 41 куәлікті кодтауды, сипаттамалық статистикалық көрсеткіштерді есептеуді (орташа мән (Mean), стандартты ауытқу (SD), медиана (median), режим, квартильаралық диапазон (IQR)) және нәтижелерді визуализациялауды (бағаналы диаграмма (column diagram), қорапша диаграмма (box plot), жылу картасы (heatmap)) қамтиды. Бұл тәсіл конверсиялық куәліктердегі әмбебап және контекстке тән ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік берді. Негізгі нәтижелер айғақтарда риторикалық, эмоционалдық және теологиялық өлшемдердің дәйекті түрде кездесетінін көрсетті, ал арнайы тәжірибе, шақыру көзі және кәсіби өмір сүру сияқты категориялар айтарлықтай өзгереді. Бұл конверсияның жеке адамның рухани өзгерісі ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік және мәдени контекстке байланысты процесс екенін дәлелдейді. Зерттеудің құндылығы оның сапалық және сандық тәсілдерді біріктіру арқылы дін әлеуметтануына қосқан үлесінде. Практикалық маңыздылығы – алынған нәтижелерді әлеуметтану, психология және дінтану салаларындағы пәнаралық зерттеулерде пайдалануға болады.

Түйін сөздер: діни конверсия, конверсия әсерінің индексі (CII), баяндау, статистикалық талдау, визуализация

М. Алпысбай^{1*}, Д. Утебаева¹, С. Койшыбаева²¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан²Университет Анкары, Анкара, Турция

*e-mail: alpysbaymargulan23@gmail.com

Статистический анализ свидетельств религиозной конверсии

This study is devoted to the analysis of the religious situation in Kazakhstan and Central Asia during the Soviet period. In the first quarter of the 20th century, under ideological pressure and atheist policies, the features of religious life, the role of Islamic scholars, and the preservation of religious education among the population were examined. The main purpose of the study is to investigate the religious activities and scientific legacy of Duysenbek Kabylanbaiuly in order to identify the mechanisms for preserving Islamic traditions during the Soviet period, as well as religious consciousness and spiritual enlightenment. The study aims to demonstrate scientific methods for adapting Islamic norms to public life. The scientific significance of the work lies in the analysis of religious life in the Soviet period within a historical and social context, which allows revealing certain aspects of Islamic history. The practical significance is the possibility of applying the research results in the fields of religious education, spiritual upbringing, and the preservation of cultural heritage. The study employed historical-scientific methods, comparative analysis, examination of archival documents and manuscripts, as well as practical observation. These methods made it possible to fully and accurately describe the activities of Duysenbek

Kabylanbaiuly. During the study, it was established that Islamic traditions were preserved despite Soviet pressure and were transmitted from generation to generation. Duysenbek Kabylanbaiuly's scholarly works, his collection of religious materials, and their dissemination to society demonstrated effective ways of adapting Islamic teachings. The work contributes to the development of religious consciousness and spiritual enlightenment in Kazakh society, as well as providing a historical understanding of religious heritage and traditions. The results of the study can be applied in the modern system of religious education, spiritual upbringing programs, and activities for preserving cultural and religious heritage. Duysenbek Kabylanbaiuly's experience serves as an example of adapting traditional Islam to contemporary life conditions.

Keywords: educator, religion, traditions, sharia, Islam

Н. Есмаганбет^{1*}, Н. Утпинов², Н. Каирбеков¹, А. Кызылджик³

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

²Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

³Стамбульский университет, Стамбул, Турция

*e-mail: bas.imam@mail.ru

Жизнь и творчество религиозного и общественного деятеля советского Казахстана Дүйсенбека Кабыланбайұлы

Данное исследование посвящено анализу религиозной ситуации в Казахстане и Центральной Азии в советский период. В первой четверти XX века в условиях идеологического давления и атеистической политики изучались особенности религиозной жизни, роль исламских ученых и сохранение религиозного воспитания среди населения. Основная цель исследования – изучение религиозной деятельности и научного наследия Дүйсенбека Кабыланбайұлы с целью выявления механизмов сохранения исламских традиций в советский период, а также религиозного сознания и духовного просвещения. Исследование направлено на демонстрацию научных методов адаптации исламских норм к общественной жизни. Научная значимость работы заключается в анализе религиозной жизни советского периода в историческом и социальном контексте, что позволяет раскрыть отдельные аспекты истории ислама. Практическая значимость заключается в возможности применения результатов исследования в сфере религиозного образования, духовного воспитания и сохранения культурного наследия. В исследовании использовались историко-научный метод, сравнительный анализ, изучение архивных документов и рукописей, а также практическое наблюдение. Эти методы позволили полностью и точно описать деятельность Дүйсенбека Кабыланбайұлы. В ходе исследования было установлено, что исламские традиции сохранялись, несмотря на советское давление и передавались из поколения в поколение. Научные труды Дүйсенбека Кабыланбайұлы, его сбор религиозных материалов и их донесение до общества показали эффективные способы адаптации исламского вероучения. Работа вносит вклад в формирование религиозного сознания и духовного просвещения в казахском обществе, а также позволяет исторически понять религиозное наследие и традиции. Результаты исследования могут быть использованы в современной системе религиозного образования, мероприятиях духовного воспитания и в деятельности по сохранению культурного и религиозного наследия. Опыт Дүйсенбека Кабыланбайұлы служит примером адаптации традиционного ислама к современным жизненным условиям.

Ключевые слова: просветитель, религия, традиции, шариат, Ислам

Кіріспе

Ғалымның, діни ағартушының өмір сүру кезеңі Қазақстан Кеңес Одағының құрамында одақтас республика болған, Кеңес өкіметі билік жүргізген тұсқа тура келді. XX ғасырдың басында Кеңес Одағы құрылды, оның құрамына Орталық Азия елдері мен Қазақстан да кірді (Нуртазина, 2008). Бұл уақыт діндарлар үшін қиын, тіпті күрделі кезең болды, өйткені халық арасында діни және әсіресе исламдық негіздерді жою процестері күшейді. Билік діни мәселелер мен наным-сенімдерді зерттеуге, діни күнтізбеге мән

беріп, Құрбан айт немесе Ораза айт сияқты діни мерекелерді тойлауға, мұсылмандық кітаптар мен оқулықтарды оқуға, бастауыш мектептерде діни ұстанымдармен оқуға толық тыйым салды (Нургалиева, 2005). Қазақстан туралы айтатын болсақ, ол кезде ол Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы деп аталды және бұл бағытта мәселелер аз болған жоқ. Оңтүстік Қазақстан облысының бір ауданында ғана 30 мешіттің 30-ы, ал Батыс Қазақстанда барлық діни ғимараттар, соның ішінде мешіттер, медреселер, т.б. жабылды. 1920 жылдары Қазақ КСР аумағында түркі емлесін реформалау жөніндегі комиссия белсен-

ді жұмыс істеп, соның нәтижесінде араб графикасы кириллицаға көшті. Араб графикасынан кириллицаға көшу халықтың сауаттылық деңгейін арттыруға оң әсер етті, 1940 жылдарға қарай ол 80 пайызды құрады.

Кеңестік кезеңдегі діни ағартушыларының қызметін зерттеу қатаң мемлекеттік саясат жағдайында рухани құндылықтарды сақтау және бейімдеу үдерістерін түсінудің маңызды тақырыбы болып табылады. Кеңес Одағында дін буржуазиялық идеологияның құралы ретінде танылды, ол жаппай секуляризация және рухани институттарды басып-жаншу саясатын жүргізді (Wilfred Cantwell Smith, 1957). Сонымен бірге әртүрлі аймақтардағы, соның ішінде Орталық Азиядағы діни жетекшілер дәстүрлерді жаңа шындыққа бейімдей отырып, сақтаудың стратегияларын әзірледі. Бұл процестерді талдау мәдениеттер мен рухани тәжірибелердің өзара әрекеттесу механизмдерін анықтауға, сондай-ақ шектеулер жағдайында әлемдік діни ойдың жергілікті рухани идеялардың қалыптасуына қалай әсер еткенін анықтауға мүмкіндік береді. Жұмыста діни білім берудің түрлі аспектілері жаһандық және қазақстандық үдерістер контекстінде зерттелді, сонымен қатар кеңестік кезеңдегі Қазақстанның негізгі діни және мәдени ағарту қызметкерлерінің қызметі қарастырылды. Бұл дүниежүзілік және жергілікті деңгейдегі діни білім берудегі теориялық тәсілдер болды. Дүниежүзілік деңгейде және Кеңес Одағындағы діни институттарға әсер ететін секуляризацияның ерекшеліктері зерттелді. Бұл процестер діни идеялардың саяси қысым мен қатаң мемлекеттік бақылау жағдайында сақталуына және өзгеруіне әсер етті.

Сондай-ақ Еуропадағы модернизациямен және мәдени алмасумен қатар жүрген діни жаңғыру тенденциялары зерттелді. Діни құндылықтар туралы еуропалық идеялардың Орталық Азияға, оның ішінде Қазақстанға ену жолдарын және бұл идеялардың діни және білім беру үдерістерінде қалай көрініс тапқанын зерттеу маңызды болды. Онда Қазақстандағы жергілікті рухани көшбасшылардың дәстүрлі рухани мұраны сақтай отырып, еуропалық діни ойдың элементтерін кеңестік идеология контекстіне қалай бейімдегені зерттелді.

Кеңес Одағы тұсында Қазақстандағы діни ахуал әлсіреді, оның жан-жақты толыққанды дамуға қауқары болмады. Кеңестік кезеңде Қазақстандағы жергілікті халық арасында негізгі дін ханафи мәзһабындағы (мектеп) сүнниттік

ислам болды (Баишев, 1981). Қазақстанда көптеген мешіттер мен медреселер сақталып қалды, бірақ олар енді дінге тірек қызметін атқармай, негізінен тарих және этнография нысандары ретінде пайдаланылды. Кеңес үкіметінің дінге қатысты қатаң саясатына қарамастан, адамдар өз негіздерін, салт-дәстүрін, дінін сақтауға тырысты. Кеңестік Қазақстанда ресми түрде болмаса да, халық арасында діни мәдениет пен оның құндылықтарын сақтауға тырысқан, сол кездегі кеңес өкіметі тарапынан бірнеше рет қуғын-сүргінге ұшырап, жазаланған білімді, сауатты имамдар мен молдалар көп болды.

Кеңес Одағы кезінде Орта Азия мен Қазақстан өңіріндегі осындай діни сауат иелерінің қатарында Дүйсенбек Қабылбайұлы да бар. Ол әрқашан адамдардың қоғамдық және жеке өміріндегі діни фактордың рөлі қайтадан арта бастаған уақыт келеді, бұл діни мәселе тарихын жаңа теориялық және әдістемелік позициялардан зерттеуді қажет етеді деген пікірді ұстанды. Діни мәдениеттің құндылықтары сұранысқа ие болады, өйткені дін әрбір халықтың өмірінде маңызды рөл атқарады және оның мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бірақ бұл ойлардың барлығы осы кезеңде қиын және қабылданбайтын болды, өйткені кеңестік кезеңде барлық діни ағымдар мен діндерге тыйым салынған.

Мемлекеттегі діни ахуалға қатысты оқылған және зерттелген көптеген кітаптарға ғылыми қорытынды жасап, талдау жасай отырып, Кеңес өкіметі тұсындағы діни ахуалдың жай-күйін және халықтың рухани-діни мұрасының даму динамикасын бағалай отырып, сол кездегі дінді ұстанатын мұсылман ағартушыларға өз дінінің барлық сұлулығы мен құндылықтарын сақтап, кейін оны қарапайым халыққа жеткізу оңай болған жоқ деп айта аламыз. Мұның барлығына ең алдымен, жалпы мемлекеттегі дін мәселесіне қатысты Кеңес өкіметінің қатаң және қиын режимі кедергі болды.

Мұрағат құжаттарына сүйене отырып, XX ғасырдың 30-70 жылдарындағы дінге байланысты қабылданған заңдар мен діни жағдайларға көптеген ғылыми талдаулар жасауға болады. Бірақ сол кездегі қазақ қоғамының ұстанымы мен діни ахуалының ақиқаттығын көрсету үшін жеке кітапхана қорында сақтаулы тұрған діни саладағы бірегей қолжазба кітаптар мен сирек кездесетін әдебиеттерге классикалық талдау жүргізе отырып, терең діни таным иесі, интеллектуалдық қасиеті жоғары қазақ ағартушысы,

дін қайраткері Дүйсенбек Қабыланбайұлының тұлғасын анықтаумен тоқталғымыз келеді.

XX ғасырдың 30-жылдарының өзінде біз ескі дәстүрлі қоғамның жаңа социалистік қоғамға айналуын көріп отырмыз, бұл да қазақстандық қоғамның дамуына үлкен әсер етті. Орталық Азия мен Қазақстан өзінің көпұлттылығымен, көп құрылымды экономикалық дамуымен және әлеуметтік дамудың әркелкілігімен ерекшеленді, бұл дінге қарсы кеңестік саясатты жүзеге асыруды айтарлықтай қиындатты. Аумақ халқы дәстүрлі түрде өзінің жоғары діндарлығымен ерекшеленді, бұл тарихи дәстүрлермен, қала халқымен салыстырғанда ауыл халқының басымдығымен, ұлттық құрамының алуандығымен және жергілікті діни орындардың медреселер мен мешіттердің белсенділігімен байланысты болды.

Шыны керек, Кеңес өкіметі тұсында бүгінгі жас ұрпақ біле бермейтін қаншама зиялы қауым, дін ғұламалары қиын-қыстау кезеңде өмір сүрді. Яғни, сол кездегі сауатты азаматтар өздерінің ішкі рухани құндылықтарына сай келмейтін қағидалармен өмір сүруге мәжбүр болды. Бұл кезде ұлтымыздың өзіне тән мәдениетіне, тарихи болмысына, дүниетанымына сай келмейтін жаңа заң, жаңа талап аясында бүкіл халықты күштеп бағындыру саясаты жүргізіліп жатты. Бұл саясатқа ашық қарсылық көрсеткендер жазаланды, лагерьлерге жіберілді, тіпті атылды. Бұл бізге қазіргі мұрағат құжаттарында кездесетін фактілер мен деректерден белгілі. Бірақ мұндай діндар, сауатты ағартушылар арасында көп адамдар енді ашық қарсылық көрсетпей, өздерінің саналы өмірін ұлтына, бүкіл адамзатқа пайдалы етуге барынша байыптылықпен ұмтылды. Бірақ, өкінішке орай, Кеңес үкіметінің саяси ұмтылысы мен мақсаты мүлде басқа еді. Кеңес үкіметі дінді большевизм мен коммунизмнің толық идеологиясын орнату жолындағы елеулі кедергі ретінде қарастырды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Зерттеу жұмысы Дүйсенбек ақсақалдың жинақтаған діни материалдары мен қолжазбаларының ғылыми құндылығын бағалауға мүмкіндік береді. Оның еңбектері тек жеке тұлғаның қызметін сипаттап қана қоймай, кеңес дәуіріндегі қоғамдағы діни тәжірибелерді, білім беру жүйесін және ислам ілімдерінің таралуын жан-жақты көрсетуге арналған. Бұл материалдар қазіргі

заманғы зерттеушілерге исламдық ғылымның дамуын, діни құндылықтарды сақтау әдістерін және халықтың рухани өмірін тарихи тұрғыдан талдауға нақты деректер береді.

Зерттеу барысында Дүйсенбек ақсақалдың қызметі аймақтық мәдениет пен дәстүрлердің дамуына қосқан үлесі де қарастырылады. Оның іс-тәжірибесі арқылы діни тәрбиенің, рухани ағартушылықтың және исламдық мәдени мұраның ұрпаққа жеткізілуі жүзеге асырылды. Сонымен бірге, бұл зерттеу қазіргі заманғы діни білім беру және рухани тәрбие саласында қолданылатын практикалық ұсыныстарды әзірлеуге, қоғамдағы мәдени және діни сабақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының нысаны – тұлғаның өмір жолын зерттеу арқылы кеңес кезеңіндегі діннің шынайы күйін, рухани сабақтастықты және ұлттық дүниетанымның беріктігін айқындау. Кеңес дәуіріндегі діни ахуалды Дүйсенбек ақсақалдың өмірі мен ағартушылық қызметі арқылы талдап, оның өмірлік ислам дәстүрін сақтаудағы рөлін анықтау.

Зерттеудің міндеттері: Кеңестік дін саясатының Қазақстандағы әсерін сипаттау; Дүйсенбек ақсақалдың өмірбаяны мен діни біліміне шолу жасау; оның ағартушылық және молдалық қызметінің негізгі бағыттарын айқындау; отбасында сақталған діни мұраның ғылыми құндылығын көрсету; рухани еңбегінің аймақтық мәдениеттегі орнын бағалау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің әдістері ретінде тарихи деректерді жүйелі түрде талдау, салыстырмалы тарихи талдау, биографиялық әдіс, контенттік талдау, анализ бен синтез, индукция мен дедукция, абстракциялау және модельдеу секілді ғылыми-теориялық әдістер қолданылды.

Зерттеу бірнеше кезеңнен тұрды: алдымен кеңестік кезеңдегі дін саясаты мен қазақ даласындағы исламдық ағартушылыққа қатысты әдебиеттерге шолу жасалды; кейін мұрағат материалдары, ауызша деректер және қолжазба мұралар жинақталды; соңғы кезеңде алынған деректер талданып, Қабыланбайұлы Дүйсенбектің ағартушылық қызметіне қатысты қорытындылар жасалды.

Зерттеу нәтижелері кеңестік дәуір жағдайында исламдық дәстүрдің сақталу тетіктерін тереңірек түсінуге, сондай-ақ діни ағартушы тұлғалардың қоғамдық сананы қалыптастыруда-

ғы рөлін ғылыми тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу қорытындылары аймақтық тарих, діни білім беру, мәдени саясат секілді салаларда діни дәстүрлердің маңызын ескеру қажеттілігін айқындайды.

Зерттеу материалдары ретінде кеңестік кезеңдегі дінге қатысты ресми құжаттар, мұрағаттық жазбалар, Дүйсенбек ақсақалдың жеке кітаптары мен қолжазбалары, оның қызметіне қатысты ауызша деректер, этнографиялық мәліметтер және тақырыпқа байланысты отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды.

Зерттеу сұрақтары «Кеңестік кезеңдегі діни саясат қазақ қоғамының рухани өміріне қалай әсер етті? Ағартушы тұлғалар исламдық білімді қандай жолмен сақтады? Дүйсенбек Қабыланбайұлының қызметі өңірлік діни дәстүрдің сақталуына қандай үлес қосты?» деген мәселелер аясында анықталды.

Нәтижелері және талқылау

Қазақстандық ғалым Г.Д. Мұхтарова дін мен мемлекет арасындағы заңнамалық және құқықтық қатынастардың екі кезеңін жазып көрсетеді. Атап айтқанда, 1917-1928 жылдар аралығы Кеңестік Қазақстандағы мемлекет-дін қатынастарының алғашқы кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде мемлекет-дін қарым-қатынасының кеңестік үлгісінің, дін және шіркеу туралы қаулылардың дамуы және оларды жүзеге асырудың басталуы болды. Екінші кезең 1929-1942 жылдар аралығы бітіспес құдайсыздық пен дінге қарсы террордың салтанат құру кезеңі ретінде атап көрсетіледі. Дін саясатын қатаңдату бағытында түзету Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1929 жылғы 8 сәуірдегі «Діни бірлестіктер туралы» Қаулысымен қамтамасыз етілді» (Pipes Richard, 1960).

Қоғамға ықпалын сақтап қалуға тырысқан Кеңес үкіметі бастапқыда ұлттық және діни факторларға мұқият көңіл бөлді. Мұсылмандар санының көптігі мен ұлттық өңірлерден айырылғысы келмеуі Кеңес үкіметін олардың құрметіне ие болуға бағытталған саясатты икемді жүргізуге итермеледі. Ерекшелігі, Кеңес үкіметі үшін исламға деген көзқарас мұсылман аймақтарында режимнің өмір сүру мүмкіндігімен байланысты болды. Бірқатар зерттеушілер атап өткен исламға деген көзқарастың екі жақтылығы осыдан туындайды: бір жағынан оған қарсы кескі-

лескен күрес, екінші жағынан ынтымақтастыққа ұмтылу.

Кеңес Одағында дін қатаң секуляризация және атеизм саясатын ұстанған мемлекеттің үнемі қысымына ұшырады. 1920 жылдары басталған дінбасылар мен діни ұйымдарға қарсы қуғын-сүргін шіркеулердің, мешіттердің және басқа да діни ғибадат орындарының жаппай жабылуына, сондай-ақ діни қызметкерлердің тұтқындалуы мен қудалануына әкелді (Frank Allen, 2001). Атеизм саясаты діни дүниетанымды ғылыми-материалистік көзқараспен алмастыруға ұмтылды, бұл ағартушылық және діни институттарға қатты әсер етті. Алайда, мемлекеттің қатал саясатына қарамастан дін жасырын түрде өмір сүре берді (Abul-Fazi Ezzati, 1994). Қазақстанда және Орталық Азияның басқа республикаларында діни жетекшілер қатаң бақылау жағдайында рухани дәстүрлерді сақтаудың жолдарын іздестірді. Көптеген діни ілімдер ұрпақтар арасындағы байланысты сақтап, рухани мұраны қолдайтын отбасылық ортада немесе астыртын қауымдастықтарда берілді. КСРО-дағы атеизм саясаты елдегі діни ойлардың дамуына да әсер етті. Қоғамдық діни талқылаулар мен іс-шараларға тыйым салынғандықтан, теологтар мен діни жетекшілер өз идеяларын білдірудің жаңа түрлерін іздеуге мәжбүр болды. Бұл діни философияның дамуына әкелді, ол қуғын-сүргін жағдайында жасырын болды, бірақ Кеңес Одағында діни білім беру және рухани мұраны сақтау үшін маңыздылығы кем емес. Мемлекеттің қатал саясатына жауап ретінде Кеңес Одағында дін жаңа жағдайларға бейімделуге мәжбүр болды. 1940 жылдары, Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін Кеңес үкіметі дінге деген көзқарасын жұмсартты, бұл кейбір діни институттардың ішінара қалпына келтірілуіне мүмкіндік берді. Дегенмен, діни көшбасшылар қатаң бақылауда болды және олардың қызметі мемлекеттік шеңберлермен шектелді (Robert D. Crews, 2006).

Қазақстандағы және Орталық Азияның басқа аймақтарындағы діни жетекшілер өздерінің жұмыс әдістерін кеңестік режимге бейімдеді. Мұсылман жетекшілері, әсіресе діни бірегейлікті сақтаудың негізі ретінде халықтық әдет-ғұрыптар мен мәдениетті пайдалана отырып, діни дәстүрлерді сақтауға тырысты (Саидбаев, 1978). Бұл кезеңде Орталық Азияда сопылық тәжірибелер белсенді дамып, жабық қауымдастықтарда рухани дәстүрлерді сақтауға мүмкіндік берді. Кеңес өкіметі тұсында дінді бейімдеу мемлекет талаптарына сай келетін діни қызметтің құқық-

тық нысандарын құруды да қамтыды. Атап айтқанда, діни жетекшілердің қызметін бақылайтын және діни ұйымдар мен мемлекет арасындағы байланысты қамтамасыз ететін Орталық Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы сияқты ресми діни құрылымдар құрылды.

Қазақстандағы діни ой-пікірдің дамуы кеңестік кезеңде қатаң мемлекеттік бақылау жағдайында өтті, бірақ бұл рухани жетекшілердің қызметін жалғастыруға кедергі болмады. КСРО-ның басқа республикалары сияқты Қазақстанда да дін ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды сақтауда маңызды рөл атқарды. Діни жетекшілер қуғын-сүргінге қарамастан жергілікті қауымдастықтармен байланысын үзбей, рухани білімдерін ауызша дәстүрлер мен жасырын жиындар арқылы жеткізді (Малашенко, 1996). Кеңестік секуляризация жағдайында Қазақстанда діни ой шектеулі шеңберде дамыды, бірақ бұл діни білім мен дәстүрді қолдайтын рухани қауымдардың қалыптасуына кедергі бола алмады. Мысалы, көптеген мұсылман қауымдастығының жетекшілері халықаралық діни орталықтармен байланыста болды, бұл оларға дәстүрлі ислам мәдениетінің элементтерін сақтауға мүмкіндік берді (Иванов, Трофимов, 2004). Рухани мұраны сақтауда сопылық бауырластықтар да маңызды рөл атқарды. Қазақстандағы діни ой-пікірдің дамуында қуғын-сүргін жағдайында өз білімдерін рухани дәстүрді сақтауға жұмсаған дін ағартушылары ерекше рөл атқарды. Олардың қызметінің нәтижесінде Қазақстанның мәдени өмірінде маңызды рөл атқарып келе жатқан рухани мұраның елеулі бөлігін сақтауға мүмкіндік туды.

Шындығында, бұл кезеңдерде қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, жалпы дүниетанымы мұсылмандық қағидалармен үйлесім тауып, тұтастай бірігіп, тұтастай ұқсас болды (Мустафина, 1992). Тарихи деректерге сүйенсек, ата-бабаларымыз 751 жылы «Атлах шайқасы» кезінде ислам дінімен танысып, араб мұсылман әлемімен араласа бастаған (Исахан, Сатыбалдиева, 2022, Есімқұлов, 2018). Ал бұлтартпас дәлел ретінде 942-1210 жылдар аралығында тарихи сахнада өзіндік орны бар Қарахан мемлекетінің құрылуын және X ғасырдың ортасында исламның Қарахан қағанатының мемлекеттік дініне айналуын келтіруге болады. Бір сөзбен айтқанда, қазақ халқының ұлттық болмысы, ғылым-білімі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары ислам дінінің қағидаларымен үндеседі. Қазақ халқының ғана емес, жалпы Орталық Азияның түркі

халықтарының мәдени-рухани болмысы ислам дінінің құндылықтарымен тікелей байланысты (Ораз, 2018). Исламның Орта Азия елдеріне, Қазақстанға жеткен кезі – түркі халықтарының басын қосып, мұсылман түркі дүниетанымын қалыптастырғаны тарихи шындық.

Мұсылман дүниетанымы – өте кең ұғым. Біздің жағдайда оны объективті әлемге, ондағы адамның орны, адамның өзін қоршаған шындыққа, қоғамға қатынасы, оның наным-сенімдері, идеалдары, құндылық бағдарлары, діни өмірі мен қызметі туралы көзқарастардың аса жалпыланған жүйесі деп түсінеміз. Өзінің әлеуметтік спектрінде дүниетаным идеологияның негізі бола алады, ал дүниетанымның дамуы жеке адамның ғана емес, белгілі бір әлеуметтік топтың, халықтың немесе ұлттың кемелденуінің елеулі көрсеткіші болып табылады (Султанғалиева, 1998). Бізді, түркілерді біріктіретін дүниетаным түркілердің жаратылыс, адам және дүние туралы төл түсініктерінен бастау алатын, дін ғалымдары мен теологтар жазған қолжазбалар мен кітаптар негізінде қалыптасқан көзқарастар мен құндылықтардан тұрады. Бірақ бұл уақытта Кеңес Одағында халықтың зайырлы өмір салтына бағытталған қалың бұқарасы болғанын атап өткен жөн (Қамзабекұлы, 2008).

Бұл жерде, бәлкім, сонау орта ғасырлардағы мұсылман түркі халықтарының қайталанбас тұлғалары туралы айта кету де керек шығар. Кешегі Алаш зиялыларын дүниеге әкелген, бүгінгі Қазақстан халқын тәуелсіздікке тәрбиелеуші ата-бабалардың діни мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мен ұлттық болмысы қаншалықты берік болғанын дәлелдеудің қажеті жоқ. Мұны бәріміз жақсы білеміз және мойындаймыз. Өзі үшін емес, ұлты үшін, елдің жарқын болашағы үшін жанын аямай, қажет болса жанын беруге дайын ұрпақ өсірді (Қозыбаев, 2009). Расында да, атабаба тәрбиесін бойына сіңірген сол кездегі азаматтардың көпшілігі тым болмаса халқына қызмет етті. Әлихан Бөкейхановтың бүгінде бізді шабыттандыратын «Тірі болсам, қазаққа қызмет етемін» деген сөзінен ғибратты нұсқау алуға болады (Қойшыбаев, 2001).

Өкініштісі, елімізде қаншама осындай адамдар өмір сүргенін біз ойланбаймыз. Олар өздерін «тануы», «білуі» жағын ойламай, ұлтқа, оның руханиятына қызмет етті. Ең маңыздысы – олар «бұл өздерінің азаматтық борышы» екенін білді. Қаншама азаматтар уәдесінде тұрып, ұлт болашағы үшін жанын қиды. Бүгінгі біздің парызымыз өткенді еске алып, ой елегі-

нен өткізіп, тиісті білім алу. Өкініштісі, тарихтың куәсі болған қаншама адам көргенін жұртшылыққа ауызша жеткізсе де, дүниеден озып кетті. Қазіргі заман талабына келгенде жазба деректерге көбірек жүгінеміз. Соған қарамастан құнды мұра – сирек басылымдарда шыққан, шығыс тілдерінде ата-баба әулеттерінің отбасыларында, отбасылық жеке қорларда жазылған бірегей қолжазбалар мен кітаптар күні бүгінге дейін сақталған.

Нанымды дәлел ретінде бұл мақалада Сырдың киелі жеріндегі Дүйсенбековтер әулетінде әлі күнге дейін сақталып келе жатқан Киелі кітап қазынасы туралы тың деректермен бөлісетін боламыз. Қабыланбайұлы Дүйсенбек ақсақалдың өмірі мен ұрпақтары туралы білетін боламыз.

Қабыланбайұлы Дүйсенбек ақсақал 1905 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, бұрынғы Қуандария, қазіргі Жаңақала ауылында дүниеге келген. Әкесі Қабыланбай бай, ел басқарған белгілі азамат болған. Баласы Дүйсенбек алғаш Қуандариядағы «Ақмырза» мешітінде діни білім алып, көмелеттік жасқа толған соң «Алдашпай» (қазіргі Тұрмағанбет ауылы) мешітінің иесінің баласы Асан екеуі Самарқан қаласындағы медресеге оқуға жіберіледі. Қабыланбайұлы Дүйсенбек жас кезінде өз заманының білім ошағы болған Самарқан медресесінде араб, парсы тілдерінде ескіше білім алған. Ол 28 жасында Самарқандағы медресені бітіріп, еліне оралады. Оны халық алдымен сауатты, білімге құштар, көңілді азамат ретінде таниды. Уақыт өте келе халық оны «кішкентай молда», «қара молда» деп атап кеткен. Ол өзінің емшілік қасиетімен танылған, түрлі шөптерден дәрі-дәрмек әзірлеп, сырқаттарды шипалы өлеңдерімен, дұғалармен емдеумен айналысқан.

Бірақ Дүйсенбек ақсақал сауатты болғандықтан Кеңес Одағы кезінде «қызылдар» оны Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің бақылауында ұстап, намаз оқуға, емшілік жасауға қатаң тиым салған. Дәл осындай мақсатпен 1953 жылы Жаңақала ауылынан Қызылорда қаласына ауыстырылып, бақылауда ұсталды. Басынан нешәтүрлі қиын-қыстау кезеңдерді өткерсе де ол өз бағытынан, жолынан таймады. Өмірінің соңына дейін ұлтына адал қызмет етіп, қолдан келгенше пайдалы болуға ұмтылған ұлтымыздың біртуар перзенттерінің бірі деуге болады. Оған құнды бірегей қолжазбалар мен шығыс тілдеріндегі сирек баспа кітаптары – оның жеке кітапханасындағы бізге жеткен асыл мұрасы дәлел.

Қабыланбайұлы Дүйсенбек саналы ғұмырында ұлт руханиятының дамуына, халықтың діни сауаттылығын арттыруға, дін мәселелерін үнемі кітап арқылы түсіндіріп, еліміздегі діни сауаттылықты арттыруға үлес қосты. 65 жасында туған жерінде қайтыс болды.

Дүйсенбек ақсақалдың жары Мыңжан Бұзауқызы 1924 жылы дүниеге келіп, 1995 жылы 18 наурызда 71 жасында дүниеден өтті. Мыңжан әжеміз Дүйсенбек ақсақалға тұрмысқа шығып, он үш баланы дүниеге әкелген асыл ана болған. Бірақ қиын кезеңде көптеген балалары қызылша мен көз тиюден қайтыс болды. Аман қалған ұлы Әлішер (1940-2000), қыздары Хадиша (1949-1997) және Зухра (1959). Дүйсенбекұлы Әлішер орта білімді – ағаш ұстасы. Өмірде түрлі қолөнермен айналысты. Сол кездегі жүйе бойынша бригадир, «Облбытснаб» облыстық тұтынушылар одағында ұзақ жылдар қойма меңгерушісі, мұнай өнеркәсібі жанданған алғашқы жылдары «Құмкөл Мұнай» серіктестігінде бұрғылау құралдарын сақтайтын қойма меңгерушісі қызметін атқарды. Дүйсенбек ақсақал ұлы Әлішерді жастайынан білім нәрімен сусындатып, алты жасына дейін араб жазуын үйреткен. Әлішер зеректігінің арқасында әкесінің тағылымын алып, діни сауатты азамат болды. Ол әкесінің жолын қуып, парсы тілін жетік меңгерген. Көптің ішінде діни уағыздарды, шарифат қағидаларын жатқа білетін дарынды азамат еді. Әлішер есейген шағында Сәдуақасқызы Шаһарбануға үйленіп, отбасын құрған. Дүйсенбек ақсақалдың ұлы Әлішер Оспанхан (1961), Сүлейман (1963), Асанғазы (1966-2021), Балымша (1968-2008), Нұрғазы (1971), Бақытжан (1973) және Салтанат (1996) атты жеті немере сүйді. Қазіргі таңда Әлішер ақсақалдың ұлынан 18 шөбере мен 19 шөберенің ұрпақтары жалғасын табуда.

Ақсақалдың кенже немересі Дүйсенбек Салтанат пен күйеу баласы Ғалымжан 2018 жылы Меккеге арнайы сапармен барып, ұлық қажылық парызын өтеп, «қажы» атанды. 2021 жылы Дүйсенбек ақсақалдың шөбересі Бақытжанқызы Алуа әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Исламтану» мамандығы бойынша мемлекеттік грант иегері болып оқуға түсіп, отбасы атынан атасынан қалған құнды жазба мұраны ғылыми тұрғыдан зерттеуді өз алдына міндет етіп қойды.

Қабыланбайұлы Дүйсенбек ақсақалдың жеке кітаптарын сақтап, ұрпақтарына жеткізуде жары Мыңжан Бұзауқызы мен келіні Шаһарбану үлкен үлес қосты. Себебі, мешітті мал

қорасына айналдырған «қызылдардың» нағыз атеистік бағыты өршіп тұрған тұста ұрпақтар сабақтастығы ретінде құран атадан балаға сақталып, мұра болып қалды. Дүйсенбек ағаның ұлы Әлішердің жары Сәдуақасқызы Шаһарбану Дүйсенбековтер әулетіне адал қызмет етіп, сол кездегі сырқаттарға ас әзірлеп, ыстық шай беріп, Дүйсенбектің, науқастардың, соның ішінде көршілес Орта Азия елдерінен дертіне шипа іздеп келгендердің алғысын, мейірімін, ақ батасын алған үлгілі асыл ана болған.

Дүйсенбековтер әулетінің бірегей қолжазбалары мен сирек баспа кітаптары. Қасиетті Қызылорда облысындағы Дүйсенбековтер әулетінде атадан қалған шығыс тілдерінде жазылған бірегей қолжазбалар мен сирек кітаптардың жалпы саны 433 кітап.

Ұрпақтарының айтуынша, құнды кітаптардың саны одан да көп болған. Кезінде сауатты азаматтар болғандықтан, біреулер біраз кітаптарды уақытша пайдалану үшін алып кеткен, осы уақыт бойы олар қайтарылмай, жоғалып кеткен. Осы кітапты пайдаланған адамдар ауылдың беделді молдалары болды. 2021 жылдың шілде айында Дүйсенбековтер әулетінің шешімімен бұл құнды мұраны зерттеу, аудару және еліміздің игілігіне пайдалану мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің кітапханасына тапсыруға келісім берілді. Қазір әл-Фараби атындағы университет кітапханасының сирек кітаптар бөлімінде сақталған көне жазба жәдігерлер бұл түркі (аралас, шағатай) тілдерінде жазылған көне кітаптар – 164; араб тілінде жазылған кітаптар – 231; 3) парсы тілінде жазылған кітаптар – 38. Дүйсенбековтер әулетінен шыққан бірегей қолжазбалар мен сирек баспа кітаптары бір жағынан діни дереккөздерді, екінші жағынан Кеңес Одағы кезіндегі Қазақстанның тарихи деректерін зерттеуге үлкен үлес қосқанын айта кеткен жөн.

Қорытынды

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін посткеңестік елдердің, оның ішінде Қазақстанның рухани өмірі мен мәдени болмысын қалпына келтіруде діни білім басты рөл атқарды. Кеңес дәуірінде дін шеттетіліп, қатаң бақылауда болды, бірақ тәуелсіздік алғаннан кейін Орталық Азия елдері өздерінің рухани және діни институттарын белсенді түрде қалпына келтіре бастады (Тасмағамбетов, 2009). Әсіресе, Қазақстан рухани жаңғыруды бастан кешіріп, ислам тағы да қоғамдық өмірдің маңызды бөлігіне айналды. Осы жаңғырудың басты тұстарының бірі дін негіздерін оқытатын оқу орындарын қалпына келтіру болды. Кеңес өкіметі кезінде жабылған мұсылман медреселері қайта жанданып, дін көшбасшыларының жаңа буынын даярлауда маңызды рөл атқара бастады. Университеттер мен мектептерде мәдениет пен рухани білім арасындағы жоғалған байланысты қалпына келтіруге көмектескен дін және этика тарихы курстары да оқытыла бастады. Мысалы, Қазақстанда Алматыдағы Уағыз медресесі сияқты жаңа медреселердің ашылуы діни білімнің жандануының символына айналды.

Қоғамдық тұрақтылықты сақтауда посткеңестік Қазақстандағы діни білім де маңызды рөл атқарды. Исламға деген қызығушылықтың артуына байланысты діни көшбасшылар бейбіт қатар өмір сүру және толеранттылық идеяларын белсенді түрде алға тартты, бұл әлеуметтік негіздерді нығайтуға және діни негізде болуы мүмкін қақтығыстардың алдын алуға көмектесті. Мемлекет және рухани басқармалар қолдайтын діни білім беру бағдарламалары моральдық-этикалық нормалардың қайнар көзі ретінде діннің жағымды бейнесін қалыптастыруға ықпал етті. Дін қайтадан қазақ қоғамының маңызды элементіне айналып, кеңестік дәуірде үзілген рухани және мәдени байланыстарды нығайтуға көмектесті.

Әдебиеттер

- Abul-Fazi Ezzati (1994). *An introduction to the History of the spread of Islam*. Ghom.
 Frank Allen (2001). *Muslim Religious Institutions in Imperial Russia*. Brill.
 Pipes Richard (1960). *Muslims in the Soviet Union // Islam and Communism*. Institute for the study of the USSR.
 Robert D. Crews (2006). *For Prophet and Tsar. Islam and Empire in Russia and Central Asia*. Harvard University Press.
 Wilfred Cantwell Smith (1957). *Islam in Modern History*. Princeton University Press.
 Баишев, С. Б. (1981). *История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней)*. Наука КазССР.
 Есімқұлов, Е. (2018). *Ислам тарихы*. Самға.
 Иванов, В.А., Трофимов, Я.Ф. (2004). *Религии в Казахстане: справочник*. Аркаим.
 Исахан, М., Сатыбалдиева, А. (2022). *Қазақстандағы Ислам тарихы*. Муфтият.
 Қамзабекұлы, Д. (2008). *Алаштың рухани тугыры*. Ел-шежіре.
 Қозыбаев, І. (2009). *Тұлғалар тугыры*. ҚазАқпарат.

- Қойшыбаев, Б. (2001). *Әлихан Бөкейханов. Жеті жарғы*.
Малашенко, А. В. (1996). *Мусульманский мир СНГ*. Ариэль.
Мустафина, Р.М. (1992). *Представления, культуры, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX-XX веков)*. Қазақ университеті.
Нургалиева, А.М. (2005) *Очерки по истории ислама в Казахстане*. Дайк-Пресс.
Нуртазина, Н.Д. (2008). *Борьба с исламом. Религиозная политика советской власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века*. Қазақ университеті.
Ораз, С.С. (2018). *Ұлы Дала төсіндегі Ислам*. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы.
Саидбаев, Т.С. (1978). *Ислам и общество. Опыт историко-социологического исследования*. Наука.
Султанғалиева, А.К. (1998). *Ислам в Казахстане: история, этничность и общество*. Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК.
Тасмағамбетов, А.С. (2009). *История конфессии Казахстана в конце XVIII – начале XX вв.: распространение, организационное развитие и миссионерство*. Университет Уралъск.

References

- Abul-Fazi Ezzati (1994). *An introduction to the History of the spread of Islam*. Ghom.
Baishev, S. B. (1981). *Istorija Kazahskoj SSR (s drevnejshih vremen do nashih dnei)* [History of the Kazakh SSR: From ancient times to the present]. Nauka KazSSR. (in Russian)
Esimqulov, E. (2018). *Islam tarikhy* [History of Islam]. Samga. (in Kazakh)
Frank, Allen (2001). *Muslim Religious Institutions in Imperial Russia*. Brill.
Isakhan, M., Satybaldieva, A. (2022). *Qazaqstandaғы Islam tarikhy* [History of Islam in Kazakhstan]. Muftiyat. (in Kazakh)
Ivanov, V.A., Trofimov, Ja.F. (2004). *Religii v Kazahstane: spravochnik* [Religions in Kazakhstan: A reference book]. Arkaim. (in Russian)
Malashenko, A. V. (1996). *Musul'manskij mir SNG* [The Muslim world of the CIS]. Ariel. (in Russian)
Mustafina, R.M. (1992). *Predstavlenija, ku'tury, obrjady u kazahov (v kontekste bytovogo islama v Juzhnom Kazahstane v konce XIX-XX vekov)* [Beliefs, culture, and rituals among Kazakhs (in the context of everyday Islam in Southern Kazakhstan in the late 19th–20th centuries)]. Kazakh University. (in Russian)
Nurgalieva, A.M. (2005). *Ocherki po istorii islama v Kazahstane* [Essays on the history of Islam in Kazakhstan]. Dajk-Press. (in Russian)
Nurtazina, N.D. (2008). *Bor'ba s islamom. Religioznaja politika sovetsoj vlasti v Kazahstane v 20-40-e gody HH veka* [The struggle against Islam: Religious policy of Soviet authorities in Kazakhstan in the 1920–1940s]. Kazakh University. (in Russian)
Oraz, S. S. (2018). *Uly Dala tosindegi Islam* [Islam on the Great Steppe]. Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan. (in Kazakh)
Pipes, Richard (1960). *Muslims in the Soviet Union // Islam and Communism*. Institute for the study of the USSR.
Qamzabekuly D. (2008). *Alashtyn ruhani tugyry* [The spiritual foundation of Alash]. El-shezhire. (in Kazakh)
Qojshybaev, B. (2001). *Alikhan Bokeikhanov. Zheti zhargy*. (in Kazakh)
Qozybaev, I. (2009). *Tulgalar tugyry* [The pedestal of personalities]. QazAkparat. (in Kazakh)
Robert, D. Crews (2006). *For Prophet and Tsar. Islam and Empire in Russia and Central Asia*. Harvard University Press.
Saidbaev, T.S. (1978). *Islam i obshhestvo. Opyt istoriko-sociologicheskogo issledovanija* [Islam and society: An experience of historical and sociological research]. Nauka. (in Russian)
Sultangalieva, A.K. (1998). *Islam v Kazahstane: istorija, jetnichnost' i obshhestvo* [Islam in Kazakhstan: History, ethnicity, and society]. Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the RK. (in Russian)
Tasmagambetov, A.S. (2009). *Istorija konfessii Kazahstana v konce XVIII – nachale XX vv.: rasprostranenie, organizacionnoe razvitie i missionerstvo* [History of confessions in Kazakhstan in the late 18th – early 20th centuries: Spread, organizational development, and missionary activity]. Ural University. (in Russian)
Wilfred Cantwell Smith (1957). *Islam in Modern History*. Princeton University Press.

Авторлар туралы мәлімет:

Есмағанбет Нұрбек Әуесханұлы (корреспондент-автор) – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті дінтану кафедрасының PhD докторанты (Астана, Қазақстан, e-mail: bas.imam@mail.ru)

Өтпенев Наурызбай Тағанұлы – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: info@muftiyat.kz)

Қайырбеков Нұрлан Евфратұлы – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті дінтану кафедрасының доценті (Астана, Қазақстан, e-mail: nurlan.kairbekov@mail.ru)

Кызылжық Абдулла – PhD, Ыстамбұл университетінің профессоры (Ыстамбұл, Түркия, e-mail: kizila@istanbul.edu.tr)

Information about authors:

Yesmangambet, Nurbek Aueskhanuly (corresponding author) – PhD student at the Department of Religious Studies of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: bas.imam@mail.ru)

Otpenov, Nauryzbai Taganuly – PhD student of Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: info@muftiyat.kz)

Kairbekov, Nurlan Evfratuly – PhD, docent of the Department of Religious Studies of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: nurlan.kairbekov@mail.ru)

Kizilcik, Abdullah – PhD, Professor of Istanbul University (Istanbul, Turkey, e-mail: kizila@istanbul.edu.tr)

Сведения об авторах:

Есмаганбет Нұрбек Ауесханұлы (автор-корреспондент) – PhD-докторант кафедры религиоведения Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва (Астана, Казахстан, e-mail: bas.imat@mail.ru).

Утпинов Наурызбай Тағанұлы – PhD-докторант Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: info@tufiyat.kz).

Қайырбеков Нұрлан Евфратұлы – PhD, доцент кафедры религиоведения Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: nurlan.kairbekov@mail.ru).

Қызылджик Абдулла – PhD, профессор Стамбульского университета (Стамбул, Турция, e-mail: kizila@istanbul.edu.tr).

2025 жылы 29 мамырда тіркелген.

2025 жылы 20 желтоқсанда қабылданды.

Н. Арыстанбекұлы , **М. Исахан*** 

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: alash-ordabasi@mail.ru

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Мақала дәстүрлі қазақ қоғамындағы діни қызметкерлер институтының қалыптасуы мен дамуын, олардың әлеуметтік, құқықтық және рухани өмірдегі орнын кешенді түрде талдауға арналған. Зерттеудің негізгі мақсаты хандық дәуірден бастап XIX–XX ғасырларға дейінгі кезеңде қожалар, ишандар, ахундар, қазылар, мұхтасибтер мен молдалардың қоғамдық функцияларын айқындап, әдет-ғұрып пен шариғаттың өзара ықпалдасу үлгісін ғылыми тұрғыда зерделеу. Жұмыста дәстүрлі қазақ қоғамында дін мен мемлекеттің арақатынасы, діни биліктің шектелуі және сонымен қатар рухани беделінің жоғары болуы негізгі идея ретінде қарастырылады. Зерттеудің ғылыми мәні қазақ қоғамындағы діни иерархияның локальды, синтездік моделін тарихи деректер негізінде жүйелеуде жатыр. Тәжірибелік маңызы дінтану, тарих, құқық және мәдениеттану салаларындағы оқу курстарында, сондай-ақ зайырлы қоғамдағы дін мәселелерін түсіндіруде пайдалануға болады. Әдіснама ретінде салыстырмалы-тарихи, жүйелік талдау, кросс-мәдени және дінтанулық интерпретация әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде қазақ қоғамында әдет-ғұрып пен ислам шариғатының үйлесімді түрде қатар қолданылғаны, діни қызметкерлердің саяси биліктен тәуелсіз, бірақ рухани тұрғыда ықпалды болғаны анықталды. Бұл еңбек қазақ халқының діни-әлеуметтік тарихын терең түсінуге және ұлттық рухани мұраны ғылыми айналымға енгізуге үлес қосады.

Түйін сөздер: ислам, шариат, қожа, мұхтасиб, молда

N. Arystanbekuly, M. Issakhan*

Egyptian University Islamic Culture Nur Mubarak, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: alash-ordabasi@mail.ru

The position and role of religious figures in the state structure of traditional kazakh society

The article provides a comprehensive analysis of the formation and development of the institution of religious functionaries in traditional Kazakh society, as well as their role in social, legal, and spiritual life. The main objective of the study is to identify the social functions of khojas, ishans, akhuns, qadis, muhtasibs, and mullahs from the period of the Kazakh Khanate through the nineteenth and twentieth centuries, and to examine, from a scholarly perspective, the model of interaction between customary law and Islamic sharia. The study advances the idea that, in traditional Kazakh society, the relationship between religion and the state was characterized by limited religious authority alongside a high level of spiritual influence. The scientific significance of the research lies in the systematization of a local, synthetic model of religious hierarchy in Kazakh society based on historical sources. Its practical value consists in the possibility of using the findings in academic courses on religious studies, history, law, and cultural studies, as well as in the analysis of religious issues in secular societies. The methodological framework of the study includes comparative-historical analysis, systems analysis, cross-cultural approaches, and methods of religious studies interpretation. The results demonstrate that customary law and Islamic sharia functioned in close interaction in Kazakh society, while religious functionaries, remaining outside direct political power, exerted substantial spiritual authority. The article contributes to a deeper understanding of the religious and social history of the Kazakh people and to the incorporation of their spiritual heritage into academic discourse.

Keywords: islam, sharia, khoja, muhtasib, mullah

Н. Арыстанбекулы, М. Исахан*

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

*e-mail: alash-ordabasi@mail.ru

Место и роль религиозных деятелей в государственном устройстве традиционного казахского общества

Данная статья посвящена комплексному анализу процесса формирования и развития института религиозных служителей в традиционном казахском обществе, а также определению их места в социальной, правовой и духовной жизни. Основная цель исследования заключается в выявлении общественных функций кожей, ишанов, ахунов, казиев, мухтасибов и мулл в период от ханской эпохи до XIX–XX веков и в научном осмыслении модели взаимодействия обычного права и шариата. В работе в качестве ключевой идеи рассматривается соотношение религии и государства в традиционном казахском обществе, ограниченность религиозной власти при одновременном высоком уровне её духовного авторитета. Научная значимость исследования состоит в систематизации локальной, синтетической модели религиозной иерархии казахского общества на основе исторических источников. Практическая ценность работы заключается в возможности её использования в учебных курсах по религиоведению, истории, праву и культурологии, а также при анализе религиозных процессов в условиях светского общества. Методологическую основу исследования составили сравнительно-исторический и системный анализ, кросс-культурный подход и религиоведческая интерпретация. В результате исследования установлено, что в казахском обществе обычное право и исламский шариат применялись в тесном взаимодействии, а религиозные служители, оставаясь вне политической власти, обладали значительным духовным влиянием. Работа вносит вклад в углублённое понимание религиозно-социальной истории казахского народа и в введение его духовного наследия в научный оборот.

Ключевые слова: Ислам, шариат, ходжа, мухтасиб, мулла

Кіріспе

Хандық дәуірде дәстүрлі қазақ қоғамы дәуір мен кеңістік шарттарына орай өзіне тән локальды әлеуметтік құрылымды қалыптастырды. Әрине, қазақ халқымен түбі бір, туыс әрі тағдырлас түркі халықтарының қоғамдық құрылысымен белгілі бір ұқсастықтар болғанын жоққа шығаруға болмайды. Алайда, көшпелі ғұмыр мен географиялық ерекшеліктер, өзіндік экономикалық-шаруашылық мүмкіндіктер мен мемлекеттік билік институттарының күзіретіндегі айырмашылықтарымен қазақ қоғамы тарих бедеріндегі өз сүрлеуімен жүріп отырды. Әсіресе, қазақ халқында әдет-ғұрып пен шариғаттың өзара байланысы әрдайым интеграциялық сипатта алға жылжыды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында исламның теологиялық және канондық тақырып бойынша басымдыққа ие болғандығын (көлам және ғибадат) тарихи мәліметтер растайды. Ал, азаматтық қарым-қатынас (муамалат), қылмыстық санкциялау (уқубат), отбасы институты (ахуал-шахсия), мемлекетті басқару (аһқамусултаня) мәселелері бойынша дәстүрлі дала заңдары негізге алынды. Дегенмен, құқық саласының кейбір баптарында шариғат басым, кей-

бір баптарында жарғы заңдары басым болды. Яғни қазақ қоғамында әдет-ғұрып пен шариғат нормаларының өзіндік синтездік үлгісі қалыптасты. Мұны жасаған тарихи тұлғаларды анықтау, олардың функциясын нақтылау, жіктеу аса маңызды.

Діни наным мен құлшылықтар және өзге де діни іс-шаралар кез-келген қоғамда кездесетін құбылыс. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы бойынша, діни жауапкершілікті қожалар, пірлер, ишандар, муфтилер, ахундар, молдалар, мүхтасибтер атқарды. Аталған дін иелерінің ішінде қазақ қоғамына қожалар институтының орны өте жоғары болды. Қазақ жеріне сонау VIII ғасырдың екінші жартысында Пайғамбар әулетінің өкілдері дін таратуға келіп, діни-рухани мектептер қалыптастырды. Олардың ерен еңбегінің арқасында қазақ халқы мұсылмандыққа бет бұрды. Көшпелі өмір сүргендіктен, қазақтардың көпшілігі мешіт-медресе үстай алған жоқ. Алайда, бұл қажеттілікті қожалар әулеттері қазақ ру-тайптарымен бірге көшіп-қонып жүріп атқарды. Осы себептен де, діни жауапкершілікті мойнына алған қожалар әулетінің өкілдері, сондай-ақ, ишан, ахун, қазы, мүхтасиб, молда т.б. дін қызметкерлеріне қазақ халқы ерекше құрмет көрсетті.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Қазақ қоғамында дін қызметкерлері саяси билік пен сот билігіне тікелей араласқан жоқ. Әскери институттарға да ықпалы аз болды. Олардың күзіретіне негізінен діни жауапкершілікке жататын зекет, ұшыр, неке, талақ, жаназа, азан шақыру, имамдық секілді функциялар кірді. Яғни, діни лауазым иелерінің жауапкершілігін анықтау арқылы біз қазақ қоғамындағы мемлекет пен дін арақатынасының қалай өрбігенін байқай аламыз. Қазақ қоғамында дін қатынастарын реттеудің өзіндік локальды үлгісі қалыптасып, діни мәселелер халық ішінен шыққан дін білгірлерінің тәжірибесі арқылы шешімін тауып отырды. Бұл модель әлемде ешқандай субектінің тәжірибесінде кездеспейді. Осы тұрғыда қазақ қоғамындағы дін қызметкерлерінің әр қайсысына жеке-жеке тоқталып, олардың қоғамдық рөлі туралы зерттеу аса маңызды.

Көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін ғылыми зерттеу жұмысына мынадай міндеттер қойылады: дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымындағы дін қызметкерлері топтарын жіктеу; қожа әулеті өкілдерінің шығу тегі мен олардың қоғамдық функцияларын анықтау; Ишан, ата, пір титулына ие дін қызметкерлерінің қоғамдық рөлі мен орнын айқындау; дәстүрлі қазақ қоғамындағы сот істерін жүргізуге жауапты қазы, ахундардың қызметін талдау; қазылар, ахундардың генезисі және олардың қызметі не себептен тоқтағанын зерделеу; қазақ қоғамындағы мұхтасибтер мен молдалардың статустары туралы ғылыми байлам жасау; дәстүрлі қазақ қоғамындағы дін қызметкерлерінің мемлекет жүйесіндегі орны мен рөлін зерделеу.

Ғылыми жұмыстың зерттеу әдіснамасы

Ғылыми ізденіс барысында көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай ғылыми-зерттеу әдістері қолданылды:

Қазақстан тарихының орта ғасырлық және жаңа заман тарихына қатысты дереккөздерді сұрыптау, талдау, саяси-құқықтық және дінтанулық тұрғыда интерпретациялау;

қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың функцияларын ашуда компраимистік, эпистемологиялық, синтездік әдіс-тәсілдер;

қазіргі заманғы дінтанулық, саясаттану, құқықтану ілімдерінің қоғамдық ақиқатты ашудағы ортақ үндестігін зерттеуде, салыстырмалы-тарихи әдіс;

алғашқы дереккөздер мен мәтіндерді зерттеу нәтижесінде алынған материалдарды жүйелеу үшін жүйелік-талдау, кросс-мәдени талдау, жалпылау әдістері.

Нәтижелері және талқылама

Орта ғасырларда дәстүрлі қазақ қоғамында ислам дінінің дами түсуімен дін қызметкерлерінің иерархиялық құрылымы күрделене түсті. Алғашқыда, Түркі дәуірінде VIII ғасыр басында ислам дінін Құтайба ибн Муслим бастаған фатхшылар Мәураннахрға алып келді. Алайда, олардың қылыштың жүзімен дін тарату әдісі түркілерге өткен жоқ. VIII ғасырдың аяғына таман ислам дінін таратушылардың ішінде бабтар (есік ашушылар) түркілер арасына «суфра тутмақ» (дастархан жайып, дінді көркем мінезбен бейбіт насихаттау) тәсілімен діни үгіт жасай бастады. Дінді бейбіт түрде насихаттау біртіндеп өз нәтижесін берді (Исахан, 2018). Түркілер арасына дінге есік ашқан бабтардың шығу тегі Пайғамбар әулетіне барып тіреледі. Түркі қоғамында оларды «қожалар» деп атады.

Негізінде мұсылман үмбеті Пайғамбар Мұхамметтің қызы Фатима мен күйеу баласы Әлидің тұңғышы Хасанның ұрпақтарын «әшраф», сондай-ақ, Әли мен Фатиманың екінші ұлы Хусейннен тарайтын ұрпақтарды «сайид», сондай-ақ, Әлидің үшінші ұлы Мұхаммед-Ханафиядан тарайтын ұрпақтар «қожа», олардың барлығы «әһлі-байт» (қасиетті үйдің иелері) деп аталады. Қазақ ішінде Мұхаммед-Ханафияның ұрпақтары сайидтар мен шарифтерден саны көп болғандықтан, қазақ ішінде әһлі-байтты бір ауыз сөзбен жалпы «қожа» деп атады (Тұяқбаев, 1996, 100 б.). «Қожа» сөзі – парсы тілінде «ерікті, араб тілінде «үйретуші» (Мансұров, 2021, 102 б.) деген мағынаны білдіреді.

Түркістан аумағына ислам дінін таратушылардың бірі, Абд әл-Жалил баб (шамамен VIII ғасырда өмір сүрген) «Насаб-нама» бойынша Имам Мұхаммед-Ханафияның Абд әл-Фаттахтан тараған бесінші ұрпағы еді. Тарихи құжаттарда Абд әл-Жалил бабты Түркістан жеріне ислам дінін әкелуші үш бабтың бірі ретінде көрсеткен. Деректерде оның Жәндіг ханы Йашмут Ханның ұлы Сары тонды Өтемістің қолынан қаза табады. Оны жергілікті халық «Қорасан Ата» деп атаған. Абд әл-Жалил бабтың кіндігінен Қорасан қожалар тарайды (Қазыналы Оңтүстік, 2013).

Оңтүстік Қазақстан өлкесіне ислам дінін белсенді түрді таратқан бабтардың бірі – Ысқақ баб

болатын. «Насабнама» бойынша Қ.А.Ясауидің он бірінші атасы саналатын Ысқақ баб Қаратау баурайындағы Шолақорған, Тарсатөбе, Ұлықтөбеге, сондай-ақ, Исфиджабқа ислам дінін таратып, жергілікті билеуші Сары тонды Өтемісті жеңіп, осында Хақ діннің туын желбіретті (Сафи ад-дин, 1992).

Ислам дінін сұхбат жолымен насихаттаушылардың бірі Арыстан баб еді. Ол атақты Қожа Ахмет Ясауидың ұстазы болатын. Арыстан баб туралы «Рашахат айн әл-Хайат», «Садр ад-дин шайх рисаласы», «Диуани хикмет» т.б. қолжазбаларда деректер кездеседі. «Диуани-Хикметте» Арыстан баб түркілер арасына хикмет ілімін таратушы данағөй тұлға ретінде суреттеледі (Хожа Ахмад Яссауи, 2024, 18-20 бб.).

Түркістан жеріне ислам дінін таратқан тұлғалардың бірі атақты Абд әл-Малік те (шамамен XII ғасырда өмір сүрген) Мұхаммед-Ханафияның ұрпағы еді. Ол Қ.А.Ясауидің ағасы Садыр шайхтың ұлы болатын. Әзірет Сұлтанның асырап алған қызы Гауһар Хұжтазға үйленген Абд әл-Малік Қожаның кіндігінен Азизан (әзлер) қожалар мен Бақсайыс қожалар тараған. Түркістан тұрғындары «Әл-Қожа» деп атап кеткен ол Қ.А.Ясауидің халифасы атанып, Дешті-қыпшаққа ислам дінінің таралуына зор үлес қосты. Жалпы, Қ.А.Ясауидің ағасы Садыр шайхтың кіндігінен тараған Әзлер, Бақсайыс, Аққорғандық қожалар қазақ халқының тарихында маңызды рөлге ие (Исахан, 2022).

Алтын Орда империясы ыдыраған XV ғасырда Дешті-қыпшақта қоғамдық мәселелер талқыға түскенде, қожалар әрдайым белсенділік танытты. Шибан ұлысындағы берекесіздікті тоқтату үшін игі-жақсылар Тұра (Түмен) қаласында 1428 жылы Дәулет шайхтың 17 жасар баласы Әбілхайырды хан көтергенде, олардың ішінде қожалар да болды. Мысалы, осы айтулы жиынға Құл Мұхаммед сейіт, Қара сейіт, Шайх софы оғлан т.б. дін адамдары қатысты (Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков, 1948). Қазақ қоғамында Пайғамбар ұрпақтары «сейіт», «шәриф», «қожа», «мір», «қазі-қалан», «ишан» (Түяқбаев, 1996, 100 б.) т.б. атауларымен діни қызметтер жасады. Қазақ хандығы құрылғанда, қожалар халыққа дін үйрету әрі діни ритуалдарды жүргізуге жауапты болды. Ру-тайпа өкілдері өздеріне дін үйреткен қожаларды пір санады. Қожалар да өзіне қарасты ру-тайпа өкілдерін «мұрт» (мурид) деп білді. Мысалы, Ысмайыл Ата ұрпақтары XIV-XV ғ.ғ. Қаңлы тайпасының «Омыртқа» және «Мандуд» әулеттері-

не пірлік қызмет жасады (Ибадуллаева, 2016). Қазақ қоғамында қожа әулеттерінің пірлік қызмет атқарғанын халыққа кең тараған «Тіріміздің билігі «Алдияр» ұранды төреде, өліміздің билігі «Алла» ұранды қожада» деген қанатты сөзден байқауға болады.

Қазақ ішіндегі қожалар өз ішінен бірнеше әулеттерге немесе руларға бөлінді. Хасан мен Хүсейіннің ұрпақтары – Сейті қожа және Ховандтық қожа, Абд ул-Жалил бабтан тарайтын – Қорасан қожа, Дуана қожа, Нияз қожа, Ысқақ бабтан тарайтын Аққорған қожа, Бақсайыс қожа, Азизан қожа, Абд Рахым бабтың ұрпақтары – Қарахан қожа, олар өз ішінен Қарақандық, Қуланбастық, Ақ көлдік және Зергер қожалар болып бөлінеді. Ал, Әбу Бәкір Сыдықтың ұрпақтары – Сунақ қожа, Шәмші қожа, Қылауыз қожа, әзіреті Омардың әулеті – Қырық садақ қожа, Шайхантауыр қожа, Бабайлық қожа деген атпен белгілі.

Қоғам үшін аса маңызды дін функциясын атқарғандықтан, Әз Тәукенің Жеті жарғысы бойынша қожалардың мәртебесі қарашадан қарағанда жоғары болды. Негізінде, ислам дінінің ережелерінде мұндай артықшылыққа жол жоқ. Сөйте тұра қазақ қоғамында қожалар хан тұқымдарымен теңестіріліп, ақсүйек қатарына жатқызылды (Материалы по казахскому обычному праву, 1948). Өлім жазасы немесе тән азабын шектіретін қылмыстық жазалар қожаларға қолданылған жоқ (Зиманов, Өсеров, 1998). Қожалар әбес қылық жасаған жағдайда, олардың ісін төрелер ғана қарай алды.

Қазақ даласында діни-рухани алаңда хандық дәуірде пайда болған дін қызметшілерінің бірі – ишандар еді. «Ишан» парсы тілінде «олар» деген мағынаға саяды. Шағатай тілінде «ишан» дегеніміз «әулие» ұғымын білдіретін немесе тариқат көсеміне берілетін атау (Исахан, 2017). Негізінде тариқат басшысы бұрынырақта «шейх», «пір», «баба», «ата» деп аталған. «Шейх» сөзі араб тілінде «көсем», «пір» сөзі парсы тілінде «жетекші» (Мансұров, 2021, 62 б.) мағынасын білдіреді. Түркі қауымында сопылық жолдың көсемдерін «баба» және «ата» деп атаған. Әсіресе, бұл титулдар Яссауи тариқатының пірлеріне тән еді. Мысалы, Арыстан баба, Зеңгі баба, Баба Түкті Шашты Әзіз немесе Сайд ата, Садр ата, Бәдр ата, Ұзын Хасан ата т.б. Алайда, кейінірек қазақ қоғамында пір лауазымы «ишан» деп атала бастады.

Қазақ даласында әр ғасырда қалың елге аты мәшһүр – Мүсірәлі ишан, Қосым ишан, Марал

ишан, Айқожа ишан, Аппак ишан, Ахмет ишан, Әбілақым ишан, Керей ишан, Қожаназар ишан, Тілеулес ишан, Әзілхан ишан, Сүлеймен ишан, Оспан ишан, Өтеп ишан, Ақмырза ишан, Шабар ишан, Досжан ишан және т.б. да көптеген ишандар өмір сүрген. Олардың әрқайсысы сөз жоқ өткен тарихымызда Алаш жұртына рухани қызмет еткен діни тұлғалар болатын. Өкінішке қарай, XX ғасырдың басында Кеңес үкіметінің орнауымен дін адамдары қуғындалып, ишандық мектеп ауыр соққыға ұшырады (Исахан, Сманов, 2021).

Ишандардың қоғамдағы атқаратын функциясына тек руханият істері ғана жатады десек қателесеміз. Олар халықтың моральдік компасы ғана емес, діни білім берумен және дәрігерлік (халық емшілігі) істермен де шұғылданған. Тіпті, халық мүддесі үшін керек кезде, атқа қонып, қол бастаған. Мысалы, Марал ишан Құрбанов Бұқара медреселерінде ұзақ жылдар бойы оқып келгеннен соң, ел ішінде әулиелігімен аты шығып, діни ағартушылық және халық емшілігімен шұғылданып, жұртқа қызмет жасайды. Ресей отаршылдығы мен Хиуа басқыншылығына қарсы тұрып, кейде қолына қару алып, әскери іс-қимылдар да жасаған (Крафть, 1900).

Мұсылман қоғамында ишандардың діни қызметті жалғастырған ұрпақтарын «мақсым» деп атайды. «Мақсым» – араб тілінде (mahdum) «еркек ұл» (Исахан, 2022) мағынасын білдіреді. Діни терминде «ишанның ұлы» немесе «ишанның ұрпағы мағынасына саяды. Мақсымдар бөлек діни институт құра алмаса да, қазақ қоғамында діни-рухани функцияларды шама-шарқынша атқаруға күш салды.

Қазақ қоғамындағы діни қызметшілердің ішінде аса белсендерінің бірі – ахундар еді. «Ахун» сөзінің этимологиясына тоқталар болсақ. Түрік халықтарының тарихын зерттеген Зәки Уалиди Тоған «ахун» терминін христиандықтың несториан бағытымен сабақтастырады. Ол орта ғасырларда Орталық Азияның Жетісу аймағында несториандықты насихаттаған дін уағызшыларын грек тілінде «аргун» немесе «архун» деп аталғанын алға тартып, «ахун» сөзінің осыдан келіп шыққан болуы ықтимал екеніне ерекше мән береді (Zeki Belidi Togan, 1940) Негізінде, парсы тілінде «ахун» сөзі «жер асты жолы» және «үңгір» (Рубинчик, 1970, 46 б.) – деген мағыналарды білдіреді. Алайда, «жер асты жолы» және «үңгір» сөздерінің «ахун» деген діни лауазымға қатысы жоқ. Зерттеушілер, «ахун» сөзін парсы тіліндегі «хунд» және «хауэнд» сөздерінен шыққандығын, «хунд» сөзі – «оқыды», «талдады», ал

«хауэнд» сөзі – «ұстаз», «мырза» мағыналарын беретінін, «хунд» және «хауэнд» сөзінің алдындағы «а» (а-хунд) әрпі «аға» немесе «құрметті» мәртебесін білдіретінін айтады (Исахан, 2020). Түркі тіліндегі «аға» атауы да ақылы толысып, тәжірибесі мол, көпті көрген, жасы үлкен кісіге қарата қолданылған (Абурахманова, 1997). Қазіргі парсы тілінің қолданысында «ахун» дегеніміз – оқымысты, зерттеуші, ұстаз, мырза, ғұлама мағыналарына саяды (Восканян, 1986).

Алғаш рет «ахун» сөзі арнайы діни лауазым ретінде Шағатай ұлысын Әмір Темір билеген тұста пайда болды. Бұл атау тақуа әрі ғалым адамға берілді. Мысалы, сол кезеңде өзінің асқан діни білімінің арқасында Герат қаласындағы үш медресені қатарынан бір уақытта басқарған Мәулана Фасихуддин Низамиге «ахун» лауазымы берілген еді (Исахан, 2020). Одан кейінгі Сафауилер кезінде де «ахун» діни атақ ретінде көрнекті діни тұлғаларға берілді. Атақты парсы ойшылы Молда Садр Ширази да «ахун» деп аталған. Осылайша Хорасан, Орта Азия аумағында XX ғасырға дейін «ахун» жоғары дәрежелі діни тұлғалардың атауына айналды. Мысалы, атақты ирандық имам Мұхаммед Кәзім Хорасани «Ахун Хорасани» атымен танымал болған (Байбосынұлы, 2020).

Ахун лауазымындағы дін қызметкері туралы деректер қазақ хандарына қатысты тарихи мағлұматтарда да кездеседі. Дж.Кэстльдің «1736 жылы Орынбордан Қырғыз-қайсақ ордасының ханы Әбілқайырға сапар күнделігі» атты жазбасында ханның ұлы Ералы сұлтанның қызметінде Бұқаралық ахунның болғанын баяндайды (Кэстль, 2013). Ахундар институтының ресмиленуіне Патшалық Ресей үкіметінің мұсылмандарды басқаруға қатысты саяси ұстанымы мейлінше оң әсер етті. Ресей патшайымы Анна Иоанновна 1736 жылғы жарлығымен өлкелік губенаторлықтарда 4 ахуннан тұратын басқару жүйесі құрылды (Адилова, 2010). Кейінірек Патша үкіметі 1788 жылы Орынбор муфтилігін («Махкам-и шарийа исламийа») құрды. Бұл діни құрылым жүйесінде діни қызметтердің әмбебап механизмі бекітілді. Аталған діни мекеменің жүйесінде муфти, қазы, ахун, мүдәрис, муәзин, молда, хатип секілді діни қызметкерлер жұмыс істеді (Мирзагелдиев, Рашидбетов, 2019).

Орынбор муфтилігі құрылғанға дейінгі Ресей патшалығындағы діни қызметкерлердің иерархиясында ахундар ерекше мәртебеге ие еді. Ахундық мәртебе алу үшін Орынбор маңындағы Қарғалы слободасындағы Сейіт ауылындағы

медреседе талапкерлер емтихан тапсыратын. Емтиханнан жақсы нәтиже алған діни қызметкерлер ахун лауазымына ие болатын (Адилова, 2010). Ал, исламдық білім беретін медреселерде ибтидайи (бастауыш медресе), оқу мерзімі 4 жыл, рушдия, оқу мерзімі 3 жыл, игдадия (жоғары оқу орнына дайындық), оқу мерзімі 3 жыл, ғалия (жоғары білім), оқу мерзімі 3 жыл, жалпы 12-13 жылдық білім берілетін (Әбдірәсілқызы, 2013). А. Ю. Хабутдинов келтірген деректерге сүйенетін болсақ, діни қызмет корпусында ахундар жоғары мәртебелі лауазым саналған. Олар медреселер мен мешіт істеріне, азаншы мен махалла имамдары секілді дін қызметкерлердің жұмысын қадағалайтын (Хабутдинов, 2012). Яғни, Орынбор муфтилігі құрылмай тұрып ахундардың халық алдында беделі жоғары еді. Ахундар бейресми түрде діни қызметкерлердің білімі мен қабілетін тексеріп, емтихан өткізетін. Дін қызметкерлерін имамдық, мүдәрістік, азаншылық қызметтерге тағайындайтын. Мешіт құрылысын жүргізуге рұқсат беретін. Жұма намазындағы рәсімдердің атқарылуын, сондай-ақ, діни оқу орындарының қызметіне тексеру жүргізетін (Загидуллин, 2013).

Ахундардың халық алдындағы беделі жоғарылаған сайын діндарлар арасында ахун болуға деген ұмтылыс күрт артқан. Осының нәтижесінде XIX ғасырдың басында Орынбор өлкесінде ахундар саны көбейген. Оның ішінде халық өзі «ахун» деп құрметтеген діни қайраткерлер де бар еді. Ресей патшалығы ахун мәртебесін нығайта түсу үшін И. К. Загидуллиннің пікірінше, Орынбор муфтилігін Ғабдиссалам Ғабдрахимов басқарған тұста «аға ахун» атты діни лауазымды бекіткен (Загидуллин, 2013). Қоғамда ахундық лауазымның құнын түсірмес үшін бұл атақты Орынбор муфтилігінің кеңесі беретін болған (Бакиева, 2011).

Орынбор муфтилігінің қарамағында XVIII ғасырдың соңына қарай 28 ахун, 969 молда, 1921 мүдәріс қызмет етіп, 114 мешіт пен медресе жұмыс істеді (Ұзақбай, 2016, 146 б.). Кейін біртіндеп діни қызметкерлердің саны өсе түсті. Мысалы, И. К. Загидуллиннің зерттеуінде Орынбор муфтилігінде 1833 жылы 68 ахун, 100 хатип, 1792 имам, 1164 молда, 343 мухтасип, 439 мүдәрис жұмыс істеген (Загидуллин, 2013).

Қазақ қоғамында ахундардың діни қызметіне ұқсас қызмет еткен қазылар еді. Араб тілінде түбірі «қада» сөзінен шыққан «қазы» деп мұсылман құқығында қоғамдағы дау-дамайларды шариғат үкімдері бойынша шешуге өкі-

летті тұлғаны айтамыз. Құран Кәрімде «қазы» сөзі бір жерде «үкім жүргізуші» мағынасында өтеді. Мұсылман құқығында «қазының» синонимі «хаким» деп аталады. «Хахим» сөзі «үкім шығару құқығына ие басшы» деген мағынада қолданылады. Ислам түп-деректерінде «хаким» және «қазы» сөздері жиі кездеседі. «Хахим» деп мемлекеттік істерде шешім қабылдауға құзырлы билеушілер мен үкім шығара алатын ғалымдар, ал «қазы» сөзі арқылы – міндетті түрде қазы лауазымында болмаса да, адамдар арасындағы дауларды шешетін тұлғалар айтылады (Fahriddin Atar, 2001).

Қазылардың сот істеріне араласуы түркі даласында Самани, Ғазнауи, Қарақан, Хорезм шах дәуірінде орын алды. Қарақан дәуірінде ислам діни мемлекеттік дін мәртебесіне көтеріліп, сот істерімен тікелей Ханафи мәзһабы ғұламалары айналысты. Осы кезеңде Мәуараннахрдан 300-ден астам факихтер шықты. Бұл дәстүр кейін Тахири, Ғұри, Мәмуни, Алтунташ, Хорезм шах мемлекеттерінде де жалғасын тапты (Исахан, 2021). Алайда, Шыңғысханның XIII ғасырдың алғашқы ширегінде Мәуараннахрға жойқын жорық жасап, аймақты жаулап алуы, мұсылмандық сот жүйесіне кері әсерін тигізді. Алғашқыда, Шыңғыс ұрпақтары дала заңдарын берік ұстанғанымен, біртіндеп XIII-XIV ғғ. Жошы ұлысы мен Шағатай ұлысында діни өзгерістер орын алып, мұсылмандық сенім Түркістан мен Дешті-қыпшақта салтанат құра бастады. Тарихи деректерде Алтын орда билеушілері Берке хан мен Өзбек ханның Сарайда сот істеріне мұсылман қазыларын тартқандығы айтылады. Әмір-Темірдің мемлекетінде қазылар сот істерін тәуелсіз жүргізу мәртебесіне ие болды.

Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне саяси ықпалы болған Қоқан, Бұқар, Хиуа хандықтарында қазылар сот істеріне тікелей жауапты еді. XX ғасырдың 20 жылдарына дейін Орта Азия хандықтары мен әмірліктерінде, Қазақстанның оңтүстік аудандарында «Бас қазы», «Қазы-калян» ал жергілікті жерде оған бағынышты дін басы (муфтилер), соттың тергеуші көмекшілер (өзім молдалар), іс жүргізушілер тілмаштар тағайындалды. Қазы судьялық қызметімен қатар кейбір әкімші істерге де араласты (Seyfettin Erşahin, 1999). Ресей патшалығы 1788 жылы Орынбор муфтилігін құрып, қазақтардың бір бөлігі діни-рухани істер бойынша соған қарағанда да, аталған діни құрылым бойынша қазылық қызметтің рөлі жоғары болды. Алайда, қазақтар өз ішіндегі келіспеушіліктерді ескіден билер арқылы шешетін (Исахан,

2025). Сол себепті, Орынбор муфтилігі қазыларының қазақ қоғамында айтарлықтай ықпалы болған

Қазақ қоғамында діни қызметтің әр-алуан түрі бар еді. Соның бірі мұсылмандық есеп ісіне жауапты мұхтасибтер еді. Араб тілінде «хисбә» – «есептеу», «санау», «жеткілікті болу» мағыналарын білдіреді. Ал, фикһтық анықтамасына келер болсақ, жақсылыққа шақыру, жаманшылықтан тию қағидасының негізінде сауда-саттық пен экономика саласындағы іс-әрекеттердің діни этика мен шариғатқа сәйкестігін мемлекет тарапынан бақылау – хисбә қызметі деп аталады. Яғни, шариғат тұрғысынан қоғамдық қатынас барысындағы жеке тұлғалар мен қоғамдық ұйымдардың және мемлекеттің құқықтары мен міндеттерінің орындалуын қадағалауды «хисбә» қызметі жүзеге асырады.

Фикһ ілімінде мұсылман ғұламалары қоғамдық тәртіптің сақталуы үшін діни мемлекетте «хисбә» қызметінің болуын парыз кифая (міндетті) деп қарастырған. Ал, «хисбә» қызметін мемлекет билеушілері тағайындаған «мұхтасибтер» атқарады. Ислам тарихында кейбір елдерде мұхтасиб қызметін атқарушылар «уәли-л хисбә», «мутәуәлли-л хисбә», «нәзиру-л хисб», «мұхтасиб-қорбашы» деп те аталады (Исахан, 2020).

Мұхтасиб – фикһ саласындағы әдет-ғұрыпқа қатысты мәселелерге және адамдардың материалдық ақысына қатысты даулы істерге үкім шығара алады. Алайда, ірі қылмыстық істер мен һад (Құрандағы діни жазалар)жазалары берілуі тиіс мәселелер мұхтасибтің күзіретіне кірмейді. Ол тараз тарту мен көлем өлшеудегі қулық-сұмдықтар, сауда-саттықтағы әртүрлі айла-шарғылар, мерзімінде қайтарылмаған қарыздар, сатылымға шыққан тауардың адал немесе адал еместігін, жұмыс беруші мен алушы арасындағы келіспеушіліктерді, қоңсы ақысы т.б. да қоғамдық қатынас барысындағы әртүрлі келеңсіздіктердің алдын алуға, бақылауға, реттеуге, шешуге, үкім шығаруға құқылы (Fahrettin Atar, 1979).

Даулы істерді қарау барысында мұхтасиб тараптардан дәлел мен ант сұрауға құқығы жоқ. Бірақ, мойындалған қылмыстық істерді қарап, қарыздардың қайтарылуын қамтамасыз ете алады. Мұхтасиб қазидан қарағанда ұсақ даулы істерді қарағанмен, ол қоғамдық қатынас барысындағы жөнсіздіктің алдын алуға жедел түрде шара қолдануға құқылы. Тіпті, мұхтасибтің жедел іс-шаралары күш қолдану арқылы жүзеге асырылуы

да мүмкін. Хисбә саласын бақылағандықтан, ол қажет жағдайда құпия іс кесу мен зерттеу жұмыстарын да атқара алады (Cengiz Kallek, 1998).

Төл тарихымызға назар салатын болсақ, ислам дінін мемлекеттік деңгейде қабылдаған Қарақан, Хорезм шах, Алтын Орда империясы, Қазақ хандығы, Қоқан хандығы, Бұқар хандығы, Хиуа хандығы дәуірлерінде мұхтасиб қызметінің жұмыс істегеніне куә бола аламыз. Тіпті, Ресей патшалығының құрамында болған кезімізде де Орынбор муфтилігіне қарасты Қазақ даласында жүздеген мұхтасибтердің жұмыс істегенінен хабардармыз. Алайда, Кеңес үкіметінің тарих сахнасына шығуымен мұхтасибтердің қызметіне тоқтау салынды.

Қазақ қоғамында ең көп ұшырасатын дін қызметшісі, ол – молдалар еді. «Молда» сөзінің шығуына қатысты бірнеше көзқарастар бар. Бұл сөз араб тіліндегі «мәула», яғни «ие», «қожайын», «әмірші» деген ұғымды білдіретін сөзден шыққан болуы мүмкін. Сонымен қатар, парсы тілінде «мулла» сөзі діни қызметкер, діни мұғалім, дәрігер, білімді адам (Бекмаханов, 1994), деген мағыналарды да білдіреді.

Молда атауы Иран, Түркия, Ауғанстан, Орта Азияның бірнеше елдерінде кеңінен қолданылады. Бұл елдерде молда сөзі барлығына беріле бермейтіндігін атаған жөн. Онда сөз діни білімі қанық, дін жолындағы амалдары толық, жеткен дәрежесі биік, жалпы халық алдында беделге ие, үлгі боларлық қасиеттері мен ұстаздық ете алатындарға таңылған. Ал Осман империясы тұсында бұл сөз қазыларға берілген. Қазақ ұғымында да молда сөзі шариғатты білетін, соған амал ететін, діни білімі толық діндар кісілерге тіркесіп айтылады. Тіпті, сөздің кісі есімдеріне тіркесіп қолданылуы да көрініс берді.

«Молда» лауазымындағы дін қызметкері туралы деректер қазақ хандарына қатысты тарихи мағлұматтарда да кездеседі. Мысалы, Дж.Кэстльдің «1736 жылы Орынбордан Қырғыз-қайсақ ордасының ханы Әбілқайырға сапар күнделігі» атты жазбасында хан ордасында молдалардың діни рәсімдер жасағанын баяндайды (Кэстль, 2013). Кенесары ханның ордасында да молдалардың рөлі жоғары болды (Бекмаханов, 1994). Молдалар дүние есігін ашқан нәресетегі азан шақырып, ат қоюдан бастап, діни элементті қамтыған әртүрлі қызметтерді атқарды.

Қазақ даласында Ресей патшалығы құрған Орынбор муфтилігінің иерархиялық жүйесінде «молда» титулына ие діни қызметкерлер болды. Жұрт оларды «указной молда» деп айтатын.

Орынбор муфтилігінің жүйесінде молда «имам» (Хабутдинов, 2012) лауазымымен бірге қарастырылды. Ресей билігі мұндай лауазымдағы кісілерді мемлекеттік қаулылармен тағайындап, бақылауда ұстады. Соның салдарынан аталмыш қызмет арнайы тағайындауды қажет етіп, мешіттерге жарлықтармен жіберілді. Алайда, Орынбор муфтилігіне бағынышты молдалардың Орталық Азия медреселерінде діни білім алғандармен арақатынасы суық сипатта өрбіді. Ел ішінде «указной молдалардың» дүмшелігі қатты сынға ұшырайтын.

Жалпы, дәстүрлі қазақ қоғамында ислам діни күшейген сайын дін қызметін атқарған «қалпе», «хазірет», «дамудла» деген секілді діни титулдардың саны да арта түсті. Әдет-ғұрып пен шариғат жымдасып, бұрынғы ескі құндылықтар ислами реңк ала бастады. Тіпті, Тәңір сенімінің дін қызметшісі саналған бақсы, құшынаш, елтілердің өзі ритуалдарын жасағанда, мұсылмандық дұғаларды жасауға көшті (Исахан, 2023). Бұл сөзсіз, мұсылмандық элементтердің дәстүрлі қазақ дүниетанымымен астасып-қойындасқанын білдіреді.

Қорытынды

Қазақтардың ұлт болып ұйысып, өз алдына мемлекет құрған хандық (XV-XIX ғғ.) дәуіріндегі рухани ахуалынан хабардар ететін жазба деректердің аз болуына байланысты, аталған кезеңде діни қызметкерлердің иерархиялық құрылымы қалай қалыптасқанын, қандай діни лауазымдардың болғанын өкінішке қарай дәп басып айта алмаймыз. Ал, Патшалық Ресейге бодан болған дәуірде (XIX-XX ғғ.) маңызды істердің көпшілігі хатқа түсірілді. Бұл кезеңде қазақ қоғамында әртүрлі атауларға ие діни қызметкерлер құрамы жұмыс істеді. «Муфти», «қазы», «хазірет», «халифа», «молда», «имам», «мұхтасип», «мұшавир», «ишан», «қаландармен» қатар дін саласында «ахун» лауазымындағы діни қызметкерлер де еңбек етті. Тарихи деректерді зерделеп қарасак, олардың халық алдында зор беделге ие болғанын байқауға болады. Негізінде, бұл діни лауазымдардың әрқайсысы жеке-жеке зерттеуді қажет етеді.

Қазақстан мемлекетінің негізін салушы қазақ ұлтының ислам дінін қабылдағанына бірнеше ғасыр болды. Қазақтардың арғы бабалары Қарақан, Қыпшақ, Алтын Орда мемлекеттері дәуірінде ислам дінін қабылдай бастаған. Дегенмен, орта ғасырларда қазақтар көшпелі өмір

сүргендіктен, негізінен мешіт пен медресе ұстай алған жоқ. Кейбір отырықшы аймақ тұрғындарының ғана тұрақты мешіт пен медресесі болды. Сондай-ақ, орта ғасырларда қазақ халқы сол кезеңдердегі саяси ахуалға байланысты әскери өмірге көбірек бейімделді. Осындай жағдайларға байланысты қазақ халқы исламды қабылдағанымен, орта ғасырларда исламның фундаментальды діни құндылықтары көшпелі халықтың руханиятына дендеп ене қойған жоқ. Ал, XIX ғасырдың алғашқы жартысында Қазақ хандығы құлап, Ресей патшалығына халық тәуелді болған тұста, діни құрылым өзгеріске ұшырады. Халықтың рухани өмірінде ресми түрде әртүрлі діни қызметтер атқаратын құрылым пайда болды. Солардың бірі «ахун» лауазымындағы діни қызмет еді. Алғашқыда, «ахун» лауазымының ресми мәртебесі болды. Бірақ, кейінірек халық өзі ұнатқан діни қайраткерлерді ресми тағайындаусыз-ақ діни біліміне қарай «ахун» деп атай бастады. Қоғамда зор беделге ие болған ахундардың халық руханиятына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз еді. Әрі олар ислам дінінің аймақта нығая түсуіне еңбек етті.

Қазақ қоғамында дәстүрлі әдет-ғұрып пен ислам шариғаты қатар қолданылды. Сот процесінде де екі жүйе үйлесім тапты. Бірақ, XIX ғасырға дейінгі аралықтағы құқықтық жүйеде дала заңдары басымдыққа ие-тін. Мемлекеттік салық жүйесі мал мен өнімдерге, сондай-ақ зекет пен ұшырға негізделді. Жерлеу, неке, балаға ат қою секілді өмірлік салттар шариғатпен ұштасып, ұлттық болмысқа әсер етті. Жалпы алғанда дәстүрлі қазақ қоғамындағы мемлекеттік билік, құқық, дін, экономика, әскер және әлеуметтік құрылымының өзара байланысы ешбір аналогы жоқ жүйе еді. Аталған жүйенің ұлт болмысына ықпалы нақты тарихи деректер және ғылыми тұжырымдармен қорытындыланды.

Діни наным мен құлшылықтар және өзге де діни іс-шаралар кез-келген қоғамда кездесетін құбылыс. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы бойынша, діни жауапкершілікті қожалар, пірлер, ишандар, муфтилер, ахундар, молдалар, мұхтасибтер атқарды. Аталған дін иелерінің ішінде қазақ қоғамына қожалар институтының орны өте жоғары болды. Қазақ жеріне сонау VIII ғасырдың екінші жартысында Пайғамбар әулетінің өкілдері дін таратуға келіп, діни-рухани мектептер қалыптастырды. Олардың ерен еңбегінің арқасында қазақ халқы мұсылмандыққа бет бұрды. Көшпелі өмір сүргендіктен, қазақтардың көпшілігі мешіт-мед-

ресесі ұстай алған жоқ. Алайда, бұл қажеттілікті қожалар әулеттері қазақ ру-тайпаларымен бірге көшіп-қонып жүріп атқарды. Осы себептен де,

діни жауапкершілікті мойнына алған қожалар әулетінің өкілдеріне қазақ халқы ерекше құрмет көрсетті.

Әдебиеттер

- Atar, F. (1979). *İslâm Adliye Teşkilâtı*. Ankara.
- Atar, F. (2001). *Kadı*. IA, 24 cilt. İstanbul.
- Erşahin, S. (1999). *Türkistan'da İslam ve Müslümanlar*. Sovyet dönemi. TDV. Ankara.
- Kallek, C., Bazmee Ansari, A. S., & Kazıcı, Z. (1998). *Hisbe*. IA, 18 cilt. İstanbul. <https://islamansiklopedisi.org.tr/hisbe>
- Togan, Z. B. (1940). *Ahınd*. Cilt 1. İslam Ansiklopedisi.
- Абурахманова, Ф., Муталлибов, С. (1997). *Девону лугат-турк*. 1 жилд. Узбекистон ССР «Фан» нашриёти.
- Адилова, Ф. (2010). *Қазақ қоғамының саяси өміріндегі Орынбор муфтилігінің орны мен қызметі (XVIII ғ. аяғы – XX ғ. басы)* [Кандидаттық диссертация авторефераты, Алматы].
- Әбдірәсілқызы, А. (2013). *Қазақстандағы діни білім жүйесі: тарихы, қазіргі жай-күйі және өзекті мәселелері*. Діни білім беру және ағарту діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу факторы ретінде» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Астана.
- Байбосынұлы, Қ. (2020). *Ахундар мектебі қалай қалыптасты?* Мұнара газеті, 12, 8.
- Бакиева, Г. Т. (n.d.). *Мусульманское духовенство у сибирских татар в XIX – начале XX в.* http://www.tataroved.ru/publicat/new/Sbornik_OMDS.pdf
- Бекмаханов, Е. (1994). *Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында*. Санат.
- Восканян, Г. А. (1986). *Русско-персидский словарь*. «Русский язык».
- Загидуллин, И. К. (n.d.). *Звания мусульманского приходского духовенства в округе оренбургского магометанского собрания (конец XVIII – начало XX века)*. cyberleninka.ru. <https://share.google/QL9JHfglu2EJjprgw>
- Зиманов, С., & Әсеров, Н. (1998). *Шариғаттың әдет-ғұрыпқа әсері*. Алматы.
- Ибадуллаева, З. Ә. (2016). *Қазақ халқының саяси құрылымындағы қожалар институты*. <https://kozhal.kz>
- Исахан, М. (2018). *Ислам дінінің Орталық Азияға таралуы және алғашқы түркі-ислам мемлекеттерінің сипаттамалары* (монография). «Рухани құндылықтарды қорғау қоры».
- Исахан, М. (2022). *Түркістанның соңғы муфті – Алиш Умарқожаұлы!* Мұнара газеті, 7, 8.
- Исахан, М. (2025). *Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы және әдет-ғұрып пен шариғат синтезі* (монография). «Қазақ кітабы».
- Исахан, М. (2020). *Ахун қандай лауазым?* kazislam.kz. <https://kazislam.kz/2020/08/ahun-qandaj-lauazym/>
- Исахан, М. (2017). *Ишан атауы кімдерге берілген?* kazislam.kz. <https://kazislam.kz/2017/12/ishan-atauy-kimderge-berilgen/>
- Исахан, М. (2020). *Мұхтасип – қандай діни лауазым?* asyldin.kz. <https://asyldin.kz/article/view/id/18027.html>
- Исахан, М. (2022). *Түркістанның соңғы әулиесі – Әбул-ас ибн Әбілхайыр ат-Түркістан*. kazislam.kz. <https://kazislam.kz/2022/04/turkistannyng-songghy-auliesi-abul-as-ibn-abilhajyr-at-turkistani/>
- Исахан, М., & Мұқатай, Е. (2023). *Тәңіршілдік. Ұғымы мен мәні, тарихи сипаттамасы, бүгінгі проблемалары*. Алматы.
- Исахан, М., & Сатыбалдиева, А. (2021). *Қазақстандағы ислам тарихы* (оқу құралы). Муфтият баспасы.
- Исахан, М., & Сманов, Р. (2021). *Ишан және ахун діни лауазымы мен мәртебесінің шығу тегі, ұғымы, сипаттамасы. Исламтану және араб филологиясы мәселелері атты халықаралық конференция материалдары*. Нұр-мұбарак ЕИМУ.
- Крафть, К. К. (1900). *Изъ Киргизской старины*. Орынбор.
- Кэстль, Д. (2013). *Дневник путешествия в году 1736-м из Оренбурга к Абдулхаиру, хану Киргиз-Кайсацкой Орды*. Жібек жолы.
- Қазыналы Оңтүстік (2013). Серия: Түркістан кітапханасы. Т 56. 3-кітап: Насап-нама. «Нұрлы әлем».
- Қауыс, Ү. (2016). *Ұлағат. Тарихи-танымдық толғаныс*. Ақтөбе.
- Мансұров, Н. Б. (2021). *Ислам дініндегі діни атақ-лауазымдар*. Түркістан.
- Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (1969). Алматы.
- Материалы по казахскому обычному праву. Сборник. (1948). Алматы.
- Мирзагелдиев, Б., & Рашидбеков, Р. (2019). *Қазақ қоғамындағы мұсылман дін қызметкерлерінің лауазымдық ерекшеліктері: XVIII ғасыр соңы – XX ғасыр басы*. Алматы: «Әл-Фарабидің рухани мұрасы мен қазіргі заманғы Шығыс» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы.
- Орын Қойлақы, С. (1992). *Асыл мұра*. Түркістан.
- Рубинчик, Ю. А. (1970). *Персидско-русский словарь*. Москва.
- Тұяқбаев, М. (1996). *Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген «Мұхаммед ұрпақтары»*. Ясауи тағылымы. Түркістан.
- Хабутдинов, А. Ю. (2012). *Религиозное самоуправление и шариатское семейное право в России: опыт Оренбургского магометанского духовного собрания в конце XVIII – первой четверти XIX в.* Режим доступа: <http://rpu-rf.ru/uploads/zabut.pdf>
- Ясави, Х. А. (2024). *Умринг елдек утара* (Иброхим Хаққул, Нодирхан Хасан, ред.). «Qamar-media». Тошкент.

References

- Äbdırasılıqızı, A. (2013). *Qazaqstandaǵı dini bilim júyesi: tarıxı, qaǵrıǵı jat-kúyi jáne ózekti máseleleri* [The System of Religious Education in Kazakhstan: History, Current State, and Key Issues]. Dini bilim beru jáne aǵartu dini ekstremizm men terrorizmnıń alına alu faktory retinde» taqırbyndaǵı respublikalıq ǵılmı-tájiribelik konferenciya. Astana. (in Kazakh)
- Aburaxmanova, Ğ., & Mutallibov, S. (1997). *Devonu luǵat-turk* [Dıwān Lughāt at-Turk]. Uzbeksitan SSR «Fan» naşrıyeti. Toşkent: 1 jilt. (in Uzbek)
- Adilova, F. (2010). *Qazaq qoǵamınıń sáyasi ómirindeǵı Orynbor muftılıǵınıń orını men qızmeti (XVIII ǵ. ayaǵı – XX ǵ. bası)* [The Role and Function of the Orenburg Muftiate in the Political Life of Kazakh Society (Late 18th – Early 20th Century)]. Kandidatlıq dissertaciya avtoreferatı. Almaty. (in Kazakh)
- Atar, F. (1979). *İslām Adliye Teşkilâtı* [The Islamic Judicial System]. Ankara. (in Turkish)
- Atar, F. (2001). *Kadi* [Qadi / Islamic Judge]. IA, 24 cilt. İstanbul. (in Turkish)
- Baibosımulı, Q. (2020). *Axundar mäkete qalay qalıptastı?* [How Did the Akhunds' School Develop?] Munara gazeti, 12, 8. (in Kazakh)
- Baqieva, G.T. (n.d.). *Musyl'manskoe dukhovenstvo u sibırskikh tatar v XIX – nachale XX v.* [Muslim Clergy among the Siberian Tatars in the 19th – Early 20th Century]. http://www.tataroved.ru/publicat/new/Sbornik_OMDS.pdf (in Russian)
- Bekmakhanov, E. (1994). *Qazaqstan XIX ǵ. 20–40 jıldarında* [Kazakhstan in the 1820s–1840s]. Sanat. (in Kazakh)
- Erşahın, S. (1999). *Türkistandā İslām ve Müslımanlar. Sovyet dönemi* [Islam and Muslims in Turkistan: The Soviet Period]. TDV. Ankara. (in Turkish)
- İbadullaeva, Z. Ö. (2016). *Qazaq xalqınıń sáyasi qurılımdıǵı qojaǵalar instituty* [The Institution of Khojas in the Political Structure of the Kazakh People]. <https://kozhaler.kz> (in Kazakh)
- Isakhan, M. (2018). *İslām dıneniń Ortalıq Ąziyaǵa taralıu jáne alǵaşqı türki-islām memleketteriń sipattamaları* (monografiya) [The Spread of Islam in Central Asia and the Characteristics of the Early Turkic-Islamic States]. «Ruǵanı qundılıqtardı qorǵau qorı». (in Kazakh)
- Isakhan, M. (2022). *Türkistannıń sońǵı muftii – Aliş Umarqojaylı!* [The Last Mufti of Turkistan – Alish Umarqojauly!] Munara gazeti, 7, 8. (in Kazakh)
- Isakhan, M. (2025). *Dástrilı qazaq qoǵamınıń áleumettik qurılımdıǵı jáne ádet-ǵurıppaqa pen şariǵattıń sintezı* (monografiya) [The Social Structure of Traditional Kazakh Society and the Synthesis of Customary Law and Sharia (Monograph)]. «Qazaq kıtabı». Almaty. (in Kazakh)
- Isakhan, M. (2020). *Axun qanday lawazım?* [What Kind of Title Is “Akhun”?] kazislam.kz <https://kazislam.kz/2020/08/ahun-qandaj-lauazym/> (in Kazakh)
- Isakhan, M. (2017). *İşan atayı kimderge berilgen?* [To Whom Was the Title “Ishan” Given?] kazislam.kz <https://kazislam.kz/2017/12/ishan-atauy-kimderge-berilgen/> (in Kazakh)
- Isakhan, M. (2020). *Muxtasıp – qanday dini lawazım?* [Muhtasib – What Kind of Religious Office Is It?] kazislam.kz <https://asyldin.kz/article/view/id/18027.html> (in Kazakh)
- Isakhan, M. (2022). *Türkistannıń sońǵı äwliyası – Ąbul-as ibn Ąbılxaıır at-Türkistani* [The Last Saint of Turkistan – Abul-As ibn Abulkhayr al-Turkistani]. kazislam.kz <https://kazislam.kz/2022/04/turkistannyng-songghy-aulesi-abul-as-ibn-abilhajyr-at-turkistani/> (in Kazakh)
- Isakhan, M., & Muqtay, E. (2023). *Tängirşılıdıq. Uǵımı men mäne, tarıxı sıpattaması, búgindegi problemi* [Tengrism: Its Concept, Meaning, Historical Characteristics, and Contemporary Issues]. Almaty. (in Kazakh)
- Isakhan, M., & Satıbaldiyeva, A. (2021). *Qazaqstandaǵı islām tarıxı (oqu quralı)* [History of Islam in Kazakhstan (Textbook)]. Muftiyat baspası. (in Kazakh)
- Isakhan, M., & Smanov, R. (2021). *İşan jáne axun dini lawazımı men mártebesiniń şıǵu tegi, uǵımdarı, sipattamaları* [The Origins, Concepts, and Characteristics of the Religious Titles and Statuses of Ishan and Akhun]. İslamtanıw jáne arab filologiyası máseleleri atıǵı xalıqaralıq konferenciya materialdarı [Proceedings of the International Conference on Issues of Islamic Studies and Arabic Philology]. Nūr-Mübäräk EİMU. Almaty. (in Kazakh)
- Kallek, C., Bazmee Ansari, A. S., & Kazıcı, Z. (1998). *Hisbe* [Hisba / The Office of Public Morality Supervision]. IA, 18 cilt. İstanbul. <https://islamansiklopedisi.org.tr/hisbe> (in Turkish)
- Kest'ı, D. (2013). *Dnevnik puteshestviya v godu 1736-m iz Orenburǵa k Abdulxairu, xanu Kyrgyz-Kaysatskoy Ordı* [Travel Diary from the Year 1736 from Orenburg to Abulkhair, Khan of the Kirghiz-Kaysak Horde]. Jibek joly.
- Kraf't, K.K. (1900). *Izy Kyrgyzskoy stariny* [From Kyrgyz Antiquity]. Orynbor. (in Russian)
- Mansurov, N.B. (2021). *İslām dınenindeǵı dini ataǵ-lawazımdar* [Religious Titles and Ranks in Islam]. Türkistan. (in Kazakh)
- Materialy po istorii kazahskikh xanstv XV–XVIII vekov (1969). [Materials on the History of Kazakh Khanates of the 15th–18th Centuries]. Almaty. (in Russian)
- Materialy po kazahskomu obychnomu pravu. Sbornik. (1948). [Materials on Kazakh Customary Law. A Collection.] Almaty. (in Russian)
- Mirzagediev, B., & Rashimbetov, R. (2019). *Qazaq qoǵamındaǵı müsılman din qızmetkerleriniń lawazımdıq erekselikleri: XVIII ǵ. sońı – XX ǵ. bası* [The Functional Specificities of Muslim Religious Officials in Kazakh Society: Late 18th – Early 20th Century]. Almaty, «Äl-Farabi dını ruhani murası men qazaq zamandıǵı Şıǵıs» atıǵı xalıqaralıq ǵılmı-praktikalıq konferenciya jınaǵı. (in Kazakh)
- Oryn Qoılaqı, S.a. (1992). *Asıl mura* [The Noble Heritage]. Türkistan. (in Kazakh)
- Qawıs, Ü. (2016). *Ulaǵat. Tarıxı-tanımdıq tolıńıs* [Ulaghat: A Historical–Cognitive Study]. Aqtöbe. (in Kazakh)

- Qazynalı Oñtüstik – A. (2013). Seriya: Türkiştän kitapxanası. T 56. 3-kitap: Nasap-nama [Genealogy / Lineage Book]. «Nurly Älem». (in Kazakh)
- Rubinchik, Y.A. (1970). *Persidsko-russkii slovar'* [Persian–Russian Dictionary]. Moskva: 1612 s. (in Russian)
- Togan, Z. B. (1940). *Ahund* [Akhund]. Cilt 1. İslam Ansiklopedisi. (in Turkish)
- Tuyakbaev, M. (1996). *Qoja Ahmet Yassauı kesenesinde jerlengen «Muhammed urpaqtarı»* [“Descendants of Muḥammad” Buried in the Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi]. Yasawi tağılımı [The Yasawi Tradition]. Türkistan. (in Kazakh)
- Voskanian, G.A. (1986). *Russko-persidskii slovar'* [Russian–Persian Dictionary]. «Russkii yazık». (in Russian)
- Xabutdinov, A. Y. (2012). *Religiioznoe samoupravlenie i šariatskoe semeinoe pravo v Rossii: opit Orenburgskogo magometanskogo dukhovenstva v kontse XVIII – pervoy četverti XIX v.* [Religious Self-Governance and Sharia Family Law in Russia: The Experience of the Orenburg Muslim Clergy in the Late 18th – First Quarter of the 19th Century]. Režim dağdarısı: <http://rpu-rf.ru/uploads/zabut.pdf> (in Russian)
- Yasawi, Kh.A. (2024). *Umrin eldek utara* (İbrohim Haqqul, Nodirkhan Xasan, red.) [Your Life’s Valuable Legacy (İbrohim Haqqul, Nodirkhan Xasan, eds.)]. «Qamar-media». Toşkent. (in Uzbek)
- Zägidullin, I.K. (n.d.). *Zvaniya musul'manskogo prikhodskogo dukhovenstva v okruge Orenburgskogo magometanskogo sobraniya (konts XVIII – nachalo XX veka)* [Titles of the Muslim Parish Clergy in the District of the Orenburg Mohammedan Assembly (Late 18th – Early 20th Century)]. cyberleninka.ru. <https://share.google/QL9JHfGu2EJjprgw> (in Russian)
- Zimanov, S., & Öserov, N. (1998). *Şariğattuñ ädet-ğurıpqaqa äseri* [The Influence of Sharia on Customs and Traditions]. Almaty. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Арыстанбекұлы Нұржан – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: dmaturbaj@mail.ru)

Исахан Мұхан Баймұратұлы (корреспондент-автор) – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдени университеті дінтану кафедрасының доценті (Алматы, Қазақстан, e-mail: alash_ordabasy@mail.ru)

Information about authors:

Arystanbekuly Nurzhan – PhD student at Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: dmaturbaj@mail.ru)

Issakhan Mukhan Baimuratuly (corresponding author) – PhD, docent at the Department of Religious Studies Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: alash_ordabasy@mail.ru)

Сведения об авторах:

Арыстанбекұлы Нұржан – PhD-докторант Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: dmaturbaj@mail.ru).

Исахан Мухан Баймуратулы (автор-корреспондент) – PhD, доцент кафедры религиоведения Египетского исламского университета Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: alash_ordabasy@mail.ru).

2025 жылы 7 ақпанда тіркелді.
2025 жылы 20 желтоқсанда қабылданды.

A. Djanabayeva¹ , Sh. Adilbaeva^{1*} , A. Mukan² 

¹Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic culture, Almaty, Kazakhstan

²Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: shamshat.nmu@mail.ru

SOCIAL FACTORS INFLUENCING RELIGIOSITY OF ADOLESCENTS: ROLE OF FAMILY, PEERS AND ENVIRONMENT

This scholarly article meticulously investigates the myriad social determinants that indelibly shape the religious beliefs and practices of adolescents, while emphasizing the intricate and multifarious interactions among familial influences, peer associations, and the broader cultural milieu. This discourse underscores the immense importance of the family as a social system, in which parental beliefs and, especially, their particular parenting styles, deeply influence the religious identity of children in all stages of their growth. Besides that, the literature emphasizes that adolescents are greatly affected by their friends and the school environment where they study. Moreover, the paper points out that people at this stage tend to seek comfort and personal support from their social circle, which, eventually, plays a significant role in their religious development. Moreover, it examines significant effects of national and ethnic background in depth, especially in migrant families, where religion often serves as a major channel for the formation of identity and the strengthening of the bond with the community. The effects of social media are also carefully considered since this recent trend can have both positive and negative impacts on teenagers' religious views, thus adding to the overall complexity of their belief systems. As a result, the research highlights the critical need for a deep understanding of these complex and multilayered social factors since such an understanding is indispensable to appreciating the changing pattern of adolescent religiosity in the context of contemporary society.

Keywords: adolescents, religion, society, factors, identity

А. Жаңабаяева¹, Ш. Әділбаева^{1*}, А. Мұқан²

¹Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: arayka_9200@mail.ru

Жасөспірімдердің діндарлығына әсер ететін әлеуметтік факторлар: отбасы, құрдастар және қоршаған ортаның рөлі

Бұл ғылыми мақала жасөспірімдердің діни сенімдері мен тәжірибесін тығыз қалыптастыратын сансыз әлеуметтік детерминанттарды мұқият зерттейді, сонымен бірге отбасылық әсерлер, құрдастар топтары және кең мәдени орта арасындағы күрделі және көп қырлы өзара әрекеттесуге баса назар аударады. Бұл дискурс отбасылық динамиканың маңыздылығына баса назар аударады, мұнда ата-аналардың нанымдары өздерінің ерекше ата-аналық әдістемелерімен қатар, олардың ұрпақтарының қалыптасу жылдарында дамыған кезде діни сәйкестіктеріне айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар зерттеу құрдастарының қарым-қатынасы мен білім беру ортасының жасөспірімдерге сыни әсерін көрсетеді, олардың әлеуметтік контексте белсенді эмоционалды қолдау мен басшылыққа алуға бейімділігін көрсетеді, өйткені бұл бірлестіктер олардың діни эволюциясында шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар мақалада ұлттық және этникалық тегінің терең әсерлері мұқият қарастырылады, әсіресе мигрант отбасыларына ерекше назар аударылады, мұнда дін жиі сәйкестікті қалыптастыру мен қоғамдық интеграцияның маңызды көзі ретінде пайда болады. Әлеуметтік желілердің салдары да мұқият қарастырылады, өйткені бұл заманауи құбылыс жасөспірімдердің діни бағыттарына оң және теріс әсер етуі мүмкін, осылайша олардың сенім жүйелерінің жалпы күрделілігін арттырады. Демек, зерттеу осы күрделі және көп қырлы әлеуметтік детерминанттарды жан-жақты түсінудің өзекті қажеттілігін көрсетеді, өйткені бұл түсінік қазіргі қоғамдағы жасөспірімдер діншілдігінің дамып келе жатқан ландшафтын түсіну үшін өте маңызды.

Түйін сөздер: жасөспірімдер, дін, қоғам, факторлар, тұлға

А. Джанабаева¹, Ш. Адилбаева^{1*}, А. Мукан²

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

*e-mail: arayka_9200@mail.ru

Социальные факторы, влияющие на религиозность подростков: роль семьи, сверстников и окружения

В этой научной статье тщательно исследуется множество социальных факторов, которые неразрывно влияют на религиозные убеждения и обычаи подростков, и одновременно освещаются многогранные и сложные взаимодействия между семейными влияниями, группами сверстников и более широким культурным контекстом. В этом дискурсе подчеркивается первостепенное значение динамики семьи, в котором убеждения родителей, а также их особый стиль воспитания оказывают глубокое влияние на религиозную идентичность, которую развивают их дети в годы становления. Кроме того, исследование посвящено существенному влиянию отношений со сверстниками и образовательной среды на подростков, подчеркивая тенденцию подростков активно искать эмоциональную поддержку и руководство в своих социальных кругах, поскольку эти отношения играют решающую роль в их религиозном развитии. Кроме того, в статье тщательно рассматривается глубокое влияние национального и этнического происхождения, при этом особое внимание уделяется семьям мигрантов, где религия часто служит важным источником формирования идентичности и социальной сплоченности в сообществе. Также тщательно рассматриваются последствия социальных сетей, поскольку это современное явление может оказывать как положительное, так и пагубное влияние на религиозные взгляды подростков, тем самым усугубляя общую сложность их систем убеждений. Таким образом, в исследовании подчеркивается настоятельная необходимость всестороннего понимания этих сложных и многогранных социальных факторов, поскольку это необходимо для понимания меняющейся ситуации с религиозностью подростков в контексте современного общества.

Ключевые слова: подростки, религия, общество, факторы, идентичность

Introduction

In recent years, there has been a notable surge in scholarly interest regarding the social determinants of religiosity, prompted by evolving religious preferences and practices across various age cohorts, particularly among adolescents. Research in the field of religion studies specifically on this topic has become significant only recently, but its importance is increasingly recognized due to the dramatic increase of religious feelings among young people. The thorough knowledge of the social determinants that influence the formation of a religious personality in adolescence can provide useful information to sociologists, psychologists, and educators, and at the same time deepen our understanding of the place of religion in modern society (Rodríguez-Yunta, 2016).

Adolescent religiosity is deeply rooted in various social factors that influence a young person's perspective on the world. Within the lens of sociology, the study of adolescent religiosity unveils the intricate and diverse phenomena, whereby the individual, social and cultural elements interact and negotiate to determine the adolescent's religious behavior.

Justification of the choice of articles and goals and objectives

The family is certainly a very important factor in this complicated process. The parents' religious beliefs, as well as their participation in religious ceremonies and traditions, lay the foundation for the teenager to develop his/her religious identity. Children brought up in a religious family are more likely to be interested in religion and to follow the parents' religious views. However, the family is not the only factor. Schools, being important social institutions, also have an effect on the development of adolescents' religiosity. Depending on the curriculum, cultural milieu, and the attitudes of educators, schools can either reinforce or undermine religious beliefs (Muntaqo et al., 2024). Peers assume a distinctive role in shaping the religiosity of adolescents. The teenage years constitute a phase of vigorous self-exploration and the quest for one's position within society. The opinions of peers, alongside their religious convictions and behaviors, exert a considerable influence on the development of a teenager's views and values. If an adolescent is surrounded by religious peers, they are significantly more likely to align with their beliefs (Kohzadi & Shiri, 2014).

Media and the Internet further impact the religiosity of adolescents. They offer access to a myriad of religious doctrines, philosophical ideologies, and spiritual practices. An adolescent has the opportunity to independently investigate topics of personal interest, juxtapose diverse perspectives, and cultivate their own opinions (Vlasova & Chikurova, 2020). Thus, the religiosity of adolescents emerges as a product of a complex amalgamation of social factors. A thorough understanding of these factors facilitates a more nuanced comprehension of the processes involved in the formation of the adolescent personality, as well as the development of effective strategies for upbringing and education. This article will examine the influence of social factors on the religious behavior of adolescents. Those factors include family, friends, school, and media. The research on the impact of social factors on religiosity is still topical for specialists in the field of religion who try to find the connection between faith and society.

Scientific research methods

